

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК**

**«Көркемөнерден білім беру» сериясы  
Серия «Художественное образование»  
№4(41)**

**Алматы, 2014**

Абай атындағы  
Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті

**ХАБАРШЫ**

«Көркемөнерден білім беру: өнер –  
теориясы – әдістемесі» сериясы  
№4(41), 2014

2001 ж. бастап шығады.  
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

**Бас редактор:**

*п.ғ.д., проф.*

**Б.А. АЛЬМУХАМБЕТОВ**

**Редакция алқасы:**

*магистр, аға оқыт.*

**Ж.Б. Шарипходжаева,**

*п.ғ.к., доцент Н.А. Михайлова,*

*п.ғ.к., проф. Т.Кожаягулова,*

*п.ғ.к., доцент Н.Б. Рахметова,*

*п.ғ.к., доцент А.А. Момбек,*

*филос.ғ.к., проф. Ж.Т. Беристенов,*

*в.ғ.к., аға оқыт. А.С. Мартикьян,*

*п.ғ.к., доц. м.а. Л.Ш. Какимова*

**Жауапты хатшы:**

*п.ғ. магистры, оқыт.*

**Ш.С. Джазыкпаева**

© Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, 2014

Қазақстан Республикасының  
мәдениет және ақпарат  
министрлігінде 2009 жылы мамырдың  
8-де тіркелген №10099-Ж

Басуға 22.05.2015 қол қойылды.

Пішімі 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Көлемі 9 е.б.т.

Таралымы 300 дана.

Тапсырыс 89.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің  
«Ұлағат» баспасы

**Казахский национальный  
педагогический  
университет имени Абая**

**М а з м ұ н ы  
С о д е р ж а н и е**

<b>Байсенгіров М.Қ.</b> Осы заманғы шеберхана жағдайында металл өңдеу технологиясы.....	<b>3</b>
<b>Ибраимов С.Н., Қунай С., Байғалиев А.М.</b> Жоғары оқу орындарында студенттердің рухани адамгершілік мәдениетін қалыптастыру.....	<b>6</b>
<b>Жармағанбетова Ж.Р.</b> Музыка сабағында электронды оқулықты пайдаланудың мүмкіндіктері.....	<b>9</b>
<b>Бегалинова Г.А., Ахмадиева Д.М.</b> Уйгурская музыкальная эстрада в период независимости.....	<b>11</b>
<b>Бейсенбаев С.Қ., Мухамеджан А.А.</b> Этнодизайн арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу.....	<b>16</b>
<b>Бейкұтов Қ.С</b> Бейнелеу өнерін оқытудағы педагогтық іс-әрекеттің маңызы.....	<b>20</b>
<b>Өнербаева З.О., Құдысқызы Ж.</b> Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам дамуындағы маңызы және мүмкіншіліктері	<b>23</b>
<b>Мизанбаев Р.Б.</b> Жарық пен түстік бейнелеу өнеріндегі қажеттілігі.....	<b>26</b>
<b>Тажиева Т.Ж.</b> Food names in idioms of kazakh and english languages.....	<b>29</b>
<b>Мусабаев Б.Н.</b> Мектепте оқушыларға мәдени-эстетикалық тәрбие беруде бейнелеу өнері пәнінің алатын орны.....	<b>32</b>

**ВЕСТНИК**  
**Серия «Художественное**  
**образование:**  
**искусство – теория – методика»**  
**№4(41), 2014**

Выходит с 2001 года.  
Периодичность – 4 номера в год

**Главный редактор:**  
*д.п.н., проф.*  
**Б.А. АЛЬМУХАМБЕТОВ**

**Редакционная коллегия:**  
*магистр, ст. преп.*  
**Ж.Б. Шарипходжаева,**  
*к.п.н., доцент* **Н.А. Михайлова,**  
*к.п.н., проф.* **Т.Кожажулова,**  
*к.п.н., доцент* **Н.Б. Рахметова,**  
*к.п.н., доцент* **А.А. Момбек,**  
*к.филос.н., проф.* **Ж.Т. Беристенов,**  
*к.в.н., ст. преп.* **А.С. Мартикьян,**  
*к.п.н., и.о. доц.* **Л.Ш. Какимова**

**Ответ. секретарь:**  
*магистр п.н., преп.*  
**Ш.С. Джазыкпаева**

© **Казахский национальный**  
**педагогический университет**  
**имени Абая, 2014**

Зарегистрировано  
в Министерстве культуры и  
информации Республики Казахстан  
8 мая 2009 г. №10099-Ж

Подписано в печать 22.05.2015.  
Формат 60x84<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
Объем 9 уч.-изд.л.  
Тираж 300 экз. Заказ 89.

050010, г. Алматы,  
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»  
Казахского национального  
педагогического  
университета имени Абая

<b>Намазова Қ.Б.</b> Жастарды өз тілін сүйіп, үлкен адамгершілікке тәрбиелеу.....	<b>35</b>
<b>Нарибай Р.Ж.</b> Ер адамның түрлі жас кезеңдеріндегі респираторлық аппарат қызметінің резерві.....	<b>37</b>
<b>Мусабаев Б.Н.</b> Мектеп оқушыларын қазақ суретшілер шығармашылығымен таныстыруда танымдық қызығушылығын қалыптастыру.....	<b>43</b>
<b>Келденова К.К.</b> Оқушының тұлғалық мәдениетін қалыптастыруда сәндік-қолданбалы өнерінің алатын орны.....	<b>47</b>
<b>Жақыпақынов Б.Б., Құлатаев Қ.Ә.</b> Рухани-адамгершілік және әскери-патриоттық тәрбиенің сабақтастығы.....	<b>50</b>
<b>Джураева Г.А.</b> Путь Батика в Казахстан.....	<b>54</b>
<b>Вашенко В.В.</b> Комплексный характер организации учебной деятельности и самостоятельной работы студентов.....	<b>57</b>
<b>Чжан Тяньтао</b> История развития системы образования в Китае	<b>61</b>
<b>Утегенов Е.К., Джансугурова И.</b> Психолого-педагогические аспекты управления спортсменом на тренировочных занятиях и соревнованиях.....	<b>64</b>
<b>Жалелдин Айбике.</b> Қытай қазақтары өнерінің қалыптасуы және дамуы.....	<b>69</b>

УДК 37.022(045)

## ОСЫ ЗАМАНҒЫ ШЕБЕРХАНА ЖАҒДАЙЫНДА МЕТАЛЛ ӨНДЕУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**М.Қ. Байсеңгіров** – *Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Металл өндеу сабақтарынан білім беруде шеберхана жағдайында өндеу тәсілдерін қолдану жайлары қарастырылып тиімді мүмкіндіктерге сипаттама жасалған. Жаһандану кезеңінде соңғы технологияларды сабақ бағдарламасына енгізу басты үдерістердің біріне айналып келе жатқаны баршамызға белгілі. Неге десеңіз, қоғамымыздың кезек күттірмес мәселесі болуының себебі, елімізде пайдалы қазбалардың игеру басты стратегия. Сондықтан атадан балағы мирас болған осынау құндылықтарымыздың әлемдік сұранысқа енгізіді мектептен бастағанымыз жөн. Сондықтан қай кездеді бәсекеге қабілеттілік ғылымда соңғы ақпараттарды игерумен байланысты.

**Кілттік сөздер:** қазіргі кездегі шеберханада металл өндеу мүмкіндіктері, химикаттарды қолдану, металды көркем өндеу амалдары

Қазіргі өркениет заманында жаңа технологияларды сабақ бағдарламасына енгізу басты үрдістердің біріне айналып келе жатқаны белгілі. Институмыздың «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығында өткізілетін Қолөнері негіздері, Қазақстан сәндік-қолданбалы өнері, Материалды көркем өндеу, Металды көркем өндеу, Ағашты көркем өндеу пәндері студенттерге оқуды бітіріп мұғалім болғанда орта мектептегі технология пәнін жүргізуге арнап үйретіледі. Мен соның ішінде осы мақаламда оқу шеберханасы жағдайында металды өндеудің қазіргі замандағы түрлі тәсілдерін меңгеру жайында сөз еткелі отырмын. Кез келген металдан жасалған көркемдік бұйымға қорғағыш қаптамамен қақ жапсыру тәсілі ертеден бар. Бұл мүмкін ертедегі шеберлердің бірі қазан сыртындағы күйген майдан пайда болған қара-қоңыр қақты байқап мән беріп, тексере келе туындаған болар. Адамдар бұл тәсілді біртіндеп мүсінде, басқа да шойыннан құйылған бұйымдарда қолдана бастаған.

Б.э.б. 1-мыңжылдықта Дунайдан Тянь-Шаньға дейінгі аралықта көшіп-қонып жүрген сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпалары мәдениетін біз білетіндей соншалықты биікке көтерген хас шеберлер мен ұсталар болатын. Бұл үрдіс Шығыс халықтары мен Алдыңғы Азияны мекендеген халықтар үшін тамаша үлгі бола білген. Аталған тайпалар елін Көне Грекия, Рим, Қытай, Парсы елдері жақсы біліп бір-бірімен өнерде тәжірибе алмасып отырған [1.6].

Түсті металмен жұмыс істейтін шеберлер жаңа тәсілдер табуға қашаннан қызыққан. Осындай тәсілдердің қазіргі кезде шеберхана жағдайында қолдануға келетін термикалық және химиялық түрлері бар. Химиялық қақ жапсыру түрлері мыс, жез, қола, болат бұйымдарға лайықты. Шеберханада қақ жапсырумен айналысу үшін алдымен сақтық шараларын ұмытпау керек. Көптеген химикаттар улы болатынын ескерген жөн. Сондықтан оларды тығыны жақсы жабылатын шыны ыдыста оттан алыс ұстау керек. Ал күкіртті басқа химикаттардан бөлек ұстаған дұрыс, өйткені оның буы жарылыс қаупін тудырады. Металды химиялық өндеуде желдеткіш жәшігінде не таза ауада жүргізген жөн. Көзге міндетті түрде қорғағыш көзәйнек, қолға резеңке қолғап кию керек. Қоспа дайындау мен қақ жапсыру үрдісінде пластмасса, фарфор не шыны ыдыс қолданған оңды. Әсіресе, фото шығаратын ванна қолайлы. Қышқылдарды сумен не басқа сұйықтармен араластырғанда қышқылды шағын мөлшерде суға не сұйыққа құю керек. Керісінше жасауға болмайды. Студенттер қолдарына қышқыл тигізіп алса ұзағырақ ағын суға жуып, ас содасының 5 пайыздық ерітіндісімен шаю керек.

Қандай металл болмасын оған қақ жапсыруда металды жақсылап тазалайды, тегістейді, жалтыратып барып майсыздандырып, ағартады. Майды спирт не бензин жағылған шүберекпен кегіруге болады, ал ағарту үшін кез келген қышқылдың 10 пайыздық ерітіндісіне батырып не ерітіндімен шыланған шүберекпен сүртіп ағартып таза сумен жуады. Металды ауада немесе жапырақты ағаштар үнінде кептіреді.

Қақ жапсыру тәсілімен өндеу үшін шағын металл бұйымды ерітіндіге салып, үлкенін қылқаламмен немесе ағаш сапқа бекітілген аңжымен жағу арқылы да қақ жапсырып өндеуге болады. Көптеген ерітінділер мөлдір еместігіне байланысты оларға салынған бұйымдарды қандай күйге түскендігін ара-тұра алып қарап қою керек. Қажетті түске енген болса алып, таза суға жуып кептіруге болады. Кейбір жұқа қабықтар металға әлсіз жабысуы да мүмкін, ал кейбірінде ала-құла болып қалуы да ғажап емес. Бұдан құтылу мақсатында бұйымды кептірген соң машина майымен немесе өсімдік майымен, тіпті болмаса табиғи олифамен сүрткілеу керек. Шекіме жасалғаннан соңғы металл бұйым бедерін күшейтіп көрсету үшін пемза ұнтағын дымқыл шүберекке жағып алып бедер бетін ысқылайды, ұнтақ болмаса ГОИ пастасымен, яғни хром тотығын киіз кесегіне немесе бензин жағылған шұғаға жұқтырып жарық бөлігінен қараңғы

жағына қарай бірте-бірте ауысатындай етіп сақтықпен ысқылау керек. Бұдан ең биік томпақ жерлер ағарып, ең биік нүктелерінде металл түсі жалтырап көрінеді. Жуылып кептірген соң нақышталған бұйымды маймен сүртіп түссіз лакпен көмкеруге болады. Ал түрлі ерітінділермен өндегенде металл бетінде шамамен қандай түс пайда болатынын ертерек білу үшін алдын ала ұсақ металл кесегіне тәжірибе жасап алған тиімді. Оған мыс, жез, алюминийден бір мөлшердегі үш төртбұрыш қиып алып, төмендегідей тәсілмен өндеп көруге болады:

Кептіріп маймен сүртілген металл төртбұрыштарды қатырма немесе ағаш планшетке бекітіп, бір қатарға болат, келесі қатарға жез, үшінші қатарға мыс, төртінші қатарға алюминийді қоямыз. Әр пластинаның астына ерітінді құрамы мен өңдеу шартын көрсетіп жазып қойған тиімді. Бұл таблицаны жасай отырып, қақ жапсыру ерітінділері ережелерімен таныс болуға, сондай-ақ металды сәндік өндеудің басқа да тәсілдерін меңгеруге болады.

Жезді қақ жапсырып өндеуде түрлі реңктерге қол жеткізуге болады. Соның ішінде қара мен қоңыр түстерге ендіру үшін 1 л суға көбіне тиосульфит немесе гипосульфит (фото өнеріндегі фиксаж) деп атап кеткен 60 г күкіртті натрий тұзын ерітіп, оған 5 г азот, тұз не күкірт қышқылының бірін қосады. Бұл сәтте бірден күшті реакция беріп, күкіртті газ бөлінеді де ерітінді күңгірт сүт түсіне енеді. Оған жез бұйымды батырып бірнеше секунд ұстап қайта алып қарау керек, өйткені қақ тез жабысады. Қажетті түс шыққан болса бұйымды жуып кептіру қажет. Қақ жапсыратын ерітінді 20 минуттай ғана күшінде болады да, жарамсыз болып қалады. Металды ерітіндіде ұзақ ұстап қалуға болмайды, себебі тәжірибесі аз адам қанығырақ қара түске ендірем деп қалың қақ жапсырып алып ол сумен жуғанда түсіп қалып жатады, содан сақтану керек. Өте қою қарайтуға ұмтылу қажет те емес, себебі тым қарайып кеткен жерлерден металдың табиғи түсі білінбей қалады. Қандай қақпен қапталса да металл түсі қақ астынан аздап байқалып тұрғаны сәндірек көрінеді. Тіпті қара түс алуға құштар болсақ қышқылдар орынына гипосульфит ерітіндісіне бір ас қасықтай уксусты 1 л суда ерітіп қосу керек. Бұдан да алғашқыдағыдай реакция беріп күкіртті газ бөлінеді, бірақ баяу жүреді. Осы ерітіндіде жезді көбірек ұстауға болады.

Қара қоңыр, қоңыр және қара түстер шығару үшін мүсәтір спирті (аммиактың судағы ерітіндісі) мен өсімдіктерге себетін хлор тотығынан, жақсы ерітіндіні техникалық аммиактың судағы ерітіндісінің А маркасын шаруашылық дүкендерінен алып жасауға болады. Мүсәтір спирті мен мыстың хлорлы тотығының буы улы болғандықтан сақтық шараларын естен шығармау керек. Қақпағы бар шыны ыдысқа екі қасық мысты хлор тотығын сеуіп, үштен екі бөлік судағы аммиак ерітіндісін қосып жылдам араластырсақ жасыл түс шығады. Банканы қақпақпен жауып қойсақ, қақ жапсыратын ерітінді көкшіл-жасыл түске ауысады. Оған алдын ала тазартылып, майсыздандырған жез пластинаны батырамыз. Бірнеше секундтан соң ол қою қара түске енеді, металл беті де өз түсін жоғалтпайды. Ашық рең алу үшін ерітіндіге су қосу керек. Қақ түсі мен реңі қосылған судың мөлшеріне байланысты болады.

Қызғылт-сарының қызғылтым түсін алу үшін 1 литр суда 5г күкіртті калий (калий сульфиті) ерітіліп, ерітіндіге салынған жез бұйым бірнеше минуттан соң аталған түске енеді. Жуып кептіріп маймен сүртуді ұмытпау керек.

Мысты қара және сұр түске бояу үшін піскен күкірттің судағы ерітіндісінде өңдеу керек. Күкіртті пісіру үшін күкірттің бір бөлігін екі бөлік сақарға (поташ) араластырып темір банкада отқа қою керек. Бірнеше минуттан соң ұнтақ еріп, пісе бастайды, әрі сұрғылт-қоңыр түске енеді. Пісіру барысында әлсіз көкшіл-жасыл жалынмен жануы мүмкін. Жалынды сөндіріп керегі жоқ, ол зиян келтірмейді. 15 минуттай өткенде пісіруді доғарады. Піскен күкіртті ұзағырақ сақтау үшін ұсақтап ұнтаққа айналдырып, шыны банкаға салып тығыз жауып қояды. Ерітінді жасау үшін 1 л суға 10-20 г піскен күкірт ұнтағын салады. Піскен күкірттен алынған қақ металлда әдемі де берік қара түс түзеді. Бірақ ондай қанық түс әр кезде керек емес. Мыс бұйымға көне бұйым түсін беру үшін жеңіл сұр қақ жапсыру да жетеді. 1 л суға 2-3 г ас тұзын салып, 2-3 г піскен күкірт қосамыз. Ерітіндіге мыс пластинаны саламыз. Қажетті сұр түс пайда болғанда пластинаны алып таза сумен жуып кептіреміз [2. 23].

Қызғылт-қоңыр түс алу үшін тең бөлікте хлорлы мырыш пен мыс купоросының қосындысын екі есе суда ерітіп қолданамыз. Одан бірнеше минутта қызыл-қоңыр түсті қақ алуға болады. Жуып құрғатылған металды маймен сүрткен жөн.

Ал алюминийді сәндеу үшін шеберхана жағдайында химиялық қақтар қолдану қиындау, өйткені көптеген арнайы жабдықтар қажет болады, сондықтан көбіне бояумен әрлеу, отқа қақтау, қыздырып өңдеу қолданылады.

Пигменттермен қақ жапсыру үшін ең қолайлысы майлы бояу. Оны мата бөлшегімен жұқалап металл бетіне жағып, құрғақ матамен сүрту керек. Бедердің биік жері бояуы сүртіліп биіктеп көрінеді. Бұлай қақ жапсыру қауіпсіз әрі палитрада іздеу арқылы барлық түстерді ала аламыз. Бұл әдіспен тек алюминийді

сәтті безендіруге болады. Майлы бояу орынына қара тушь, графит ұнтағы, қара битум лагын да қолдану қызықты. Қара мен сұр түс алу үшін бедерді не бұйымды олифаның не бір өсімдік майының жұқа қабатымен жауып, жалын бетінде қақтаймыз. Шағын бұйымдарды майшамға, үлкендерін керосинмен шыланған шырақ отына не қайың қабығын темір банкада жағып соның отына ұстау керек. Күйенің ұсақ бөлшектері олифаға сіңіп, металл бетіне берік жабысады. Металлға күйе қалай жабысқанын көру үшін бұйымды көз деңгейінен жоғары ұстау керек. Жалынға бұйымды алыстатып, жақындату арқылы түрлі эффект беруге болады. Күйе жабысқан бұйымды көмір отында не муфель пешінде жабысқан қабық жанып кетпей қатайғанша ұстау керек. Бұл жерде өрт қаупінен сақ болған дұрыс. Ал алтын түстес сары немесе қоңыр, не қара түс алу үшін алюминийді олифамен, скипидармен не өсімдік майымен шылап, қызған көмір шоғына немесе отқа ұстау керек. Бірақ жалын бұйым бетіне тимегені дұрыс. Майлы беткей кенеттен тұтанып жануы да мүмкін, ол зиян тигізбейді. Қақ түсі бір ренде болуы үшін бұйымды біркелкі айналдырып отыру керек. Бұйым қажетті түске енгенде біртіндеп суыту керек. Скипидардың қалың қабатымен қапталған алюминий қыздырғанда алтын түстес қоңыр не зәйтүн жемісі түстес түске ие болады. Ал табиғи олифамен қыздырса қызыл-қоңыр немесе қара түске ие болады. Осы тәсілдерді шойынды, болатты т.б. материалдарда қолдануға болады. Кез келген металды сәндеуде құрамды өте қалың жақпаған дұрыс. Ашық, өткір түстерді байқап қолданған жөн, ол шұбарланып көрініп, бұйымның көзге тұтас қабылдануын бұзуы мүмкін.

Ал болатты сәндегенде көк түске келтіру үшін гипосульфит пен қорғасынды сіркесу қолданылады. 1 л суға 150 г гипосульфит пен 40-50 г қорғасынды сіркесу қажет. Ерітіндіге салынған болат баяу боялады. Ал, ерітіндіні қайнағанша қыздырса бояу үрдісі тездейді. Болатты да жуып кептірген соң маймен сүртеді. Болат бетінде қара-қоңыр түс алу үшін 1 л суда 15 г хлорлы темірді ерітіп, 30 г темір купоросын, 10 г азот қышқылды мыс қосады. Бұйымды ерітіндіге батырғанда тот қағы жабысады, оны үш қайтара батырып алып қырып тастап отыру керек. Үрдіс дұрыс жүрген жағдайда болат бетінде қоңыр түс қоюланады. Қою қоңыр не қара түс алу үшін болат бұйымды ерітіндіге бірнеше рет батыру керек. Болатты қара көк түске бояу үшін 1 л суға 100 г қос хромтотықты калийді (хромпик) қосып ерітіп, оған болат бұйымды батырып 20 минуттай ұстау керек. Ерітіндіден алған соң жоғары температурада кептіріп сұрғылт-қоңыр түске ендіреміз. Осы операцияны бірнеше рет қайталағанда көкшіл жарқылды қою қара түс пайда болады. Металды маймен сүрту керек.

Болат бұйымға қақ жапсырудың химиялық тәсілінен басқа термикалық жағы да бар. Осы тәсілмен мыс пен жезде де түрлі түстер алуға болады. Болатты муфель пешінде не газды горелкада қыздырып, сабан түстес сарыдан қара көк түске дейінгі аралықтағы түстерді алуға болады. Металды қыздыруды қажетті түс пайда болғанда кілт тоқтату керек. Жалынмен не горелкамен қыздыру барысында бір түстен екіншісіне баяу ауысатын етіп жасауға да болады. Ал егер болатты қызарғанша қыздырып, машина майына батырса қою қара түс шығады. Осылай шағын бұйымдарды сәндеуге болады.

Міне, осы аталған тәсілдерді оқу шеберханасы жағдайында қолдануға болады. Тек міндетті түрде шеберханада желдеткіш пен ауа тартқыш болуы керек.

*1 Құлментегі Т., Құлментегі М., Құлментегі А. Темірші-ұсталар. Альбом. – А.: «Өнер», 2006.*

*2 Федотов Г. Дарите людям красоту. - М.: «Просвещение», 1985.*

*3 Флеров А.В. Художественная обработка металлов. - М.: Высшая школа, 1976.*

**Резюме.** Уроки для металлообработки образование семинар дело с использованием эффективных методов лечения характера. Внедрение новейших технологий в уроки глобализации был одним из основных процессов известны. Действительно, существование неотложной задачи общества в качестве ключевой стратегии развития минеральных ресурсов в стране. Таким образом, ребенок с наследием этих ценностей в мире был реализован спроса на школу, чтобы начать. Когда, таким образом, конкурентоспособность науки, связанные с развитием последней информации.

**Ключевые слова:** современные металлические обработки особенности семинара, использование химических веществ, методы обработки металла искусства

**Summary.** Metal working lessons education workshop dealt with the use of effective methods of treatment of the character. The introduction of the latest technologies in the lessons of globalization has been one of the main processes known. Indeed, the existence of the urgent task of society as a key strategy for development of mineral resources in the country. Therefore, a child from a legacy of these values in the world was implemented by the demand for school to begin. When, therefore, the competitiveness of the science associated with the development of the latest information.

**Key words:** modern metal-processing features of the workshop, the use of chemicals, metal art processing methods.

ӘӘЖ:378.017:17.02

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**С.Н. Ибраимов, С.Кунай, Ә.М. Байғалиев** – Абай атындағы ҚазҰПУ  
БӘД теориясы мен әдістемесі кафедрасының оқытушылары

Егеменді еліміз еңсесі биік мемлекет болғалы ғылым мен мәдениет салаларының қарыштап дамуы күн санап өсуде. Адамзаттың алтын дінгегі - рухани әлемдегі тұлғаның кемелдену жолындағы рөлі үлкен. Сондықтан да қоғамдық өмірді ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді, рухани-адамгершілік мәдениетімізді жетілдіру көкейкесті мәселеге айналып отыр.

**Кілт сөздер:** студент, рухани-адамгершілік, мәдениет

Бүгінгі таңда дағдарыс тек әлеуметтік-экономикалық қатынастар мен табиғи-экологиялық бағытта ғана емес, тұлғаның өмірден түңілу, наркомания, өз-өзіне қол жұмсауы сияқты ішкі өмірінде де орын алып отыр. Аталмыш өзекті мәселелерді шешу үшін рухани-адамгершілік тәрбие бастауларын кеңінен насихаттау қажеттілігі артып отыр.

Жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті жастардың қатарын көбейтуде ұлттық құндылықтарымыз бен тарихи-мәдени қазыналарымыздың маңызы зор. Осы орайда ең негізгі талаптардың бірі – ұлттық қасиеттерімізді танып-білу, соның негізінде рухани-адамгершілік мәдениетімізді қалыптастыру. Өзімізді-өзіміз танып, өзгелерге таныту, яғни ұлттық ерекшеліктеріміз бен құндылықтарымызды бүгінгі талаптарға сәйкес жүйелеп, байытып, дамытып, басқаларға тарату арқылы өзіміздің рухани адамгершілігімізді көтере білу. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлау барысында негізінде рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру кәсіби даярлықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.

Рухани-адамгершілік – білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылығы ретінде қарастыруға болады.

Рухани-адамгершілік – білім мен мәдениеттің компоненті, оның бөлінбейтін бөлшегі іспетті адамзаттық дүниетанымы мен сана-сезімін жетілдірудің ерекше жолы. Ұлттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік мәдениеті студенттердің саналы көзқарасын, ізгілікті рухани-адамгершілік орнатуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына, жүйелі іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді.

Ғұлама-ойшылдар Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.А. Яссауи т.б. адамдар арасындағы рухани-адамгершілік мәселесіне, мәдениеттілік, оның қалыптасуындағы тәрбиелік істердің маңызына ерекше көңіл бөлген. Ортағасырлық ғұламалардың мұраларындағы бұл мәселе төңірегіндегі айтылған ой-пікірлер ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ыбырай, Абай, Шәкәрім мұраларында өз жалғасын тапты.

Осы заманғы ізгілендіру педагогикасы үшін адам құқы, тұлға мен оның қадіріне құрмет, тұлға еркіндігі мен даму құқығын қорғау, білім мен тәрбиедегі демократиялық қағидаларды берік ұстану т.б. аса маңызды жалпы адамзаттық құндылықтар қатарында саналады. Барша халықтар туындыларын сыйлауға, бағалауға үйрену – бұл ұлттық және ұлтаралық ынтымақтастықтың белгісі ретінде қабылданған жалпы адамзаттық құндылықтарды сезіну мен қабылдау нышаны. Ізгілендіру қазіргі мәдениеттің объективті құбылысы бола отырып, жеке тұлғаны өз халқының рухани қазынасы, ұлттық мәдениеті, игі дәстүрлері негізінде рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруды көздейді.

Философиялық тұрғыда рух ұғымы субъективті және объективті рух деп жіктелінеді. Субъективті рух – адамның өзіндік сана-сезімі, өз-өзіне баға беруі болса, объективті рух – белгілі бір тарих сахнасында өмір сүріп жатқан халықтың рухы, ең алдымен оның тудырған тілі, жасаған өнер әлемі, әдет-ғұрпы, тәлім-тәрбие әдістері, адамгершілік құндылықтары, ділі ретінде қабылданады.

Рухани құндылықтар әлемін зерттеген І.Ерғалиев, А.Г. Косиченко, С.Е. Нұрмұратов, Ж.Р. Бәшірова т.б. ғалымдар «руханилық тек адамға ғана тән маңызды қасиет, адам өзін және басқаны тану барысында руханилық қасиеттерін дамытады, адам өз күшіне сеніп, өз ақылына жүгінгенде ғана үйлесімдікте өмір сүре алады» деген ортақ пікір білдіреді. Философиялық тұрғыдан алсақ, құндылықтар – адам үшін пайдалы мәнге ие болатындардың барлығы, яғни адамзат қоғамының іргелі дамуы мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал ететіндердің барлығы құндылық болып табылады. Психологиялық тұрғыдан қоғам үшін әлеуметтік-тарихи мәні бар және жеке адамдар үшін тұлғалық мағынасы бар болмыстың

белгілі бір құбылыстары құндылық ретінде сипатталады. Құндылық қоғамның моральдық қатынастарының көріну формасы ретінде әрекет етеді. Сондықтан, құндылық, біріншіден, жеке тұлғаның адамгершілігі, абыройы және олардың адамгершілік сипаттары: екіншіден, моральдық нормалар, қағидалар, мұраттар, «қайырымдылық», «әділеттілік», «бақыт» ұғымдары деп айқындалады. Мұның өзі құндылық ұғымының педагогикалық мәнін білдіреді.

Ғалым Н.И. Лапиннің пайымдауынша, «Құндылықтар – бұл адамның өз мінез құлқының мақсаты мен қалпы туралы талдап, қорытындылаған түсініктері, онда адамзаттық тарихи тәжірибесі жинақталып, белгілі бір этностың немесе адамзат мәдениетінің мәні жатыр» [1].

Теориялық көздерді талдау негізінде құндылық ұғымын түсіндірудегі талпыныстар мен терминологиялық анықтамаларды төмендегідей топтастыруға мүмкіндік болды:

1. Құндылық жеке тұлғалық немесе әлеуметтік бағдарлы жаңа идеяларды белгілеу және оны сипаттау үшін қолданылады.

2. Құндылықтың белгілі бір заттар мен құбылыстарға тән болуы немесе қоғамға тән құбылыс болып танылуы.

3. Құндылықтың нақты өмірлік ұстанымдар мен әдептіліктің қоғамда қалыптасқан үлгісі ретінде көрінуі [2].

Біздің зерттеу мәселесемізге байланысы Л.А. Харисованың еңбегінде қарастырылған рухани-адамгершілік құндылықтың жіктелуі төмендегідей: рухани мәдениет, танымдық мәдениет, адамгершілік мәдениет, рухани-әлемдік мәдениет, салауатты өмір сүру мәдениеті, дүниетанымдық мәдениет [3]. Сол сияқты Н.Мұхамединованың еңбегінде: «Ұлттық құндылық белгілі бір ұлтқа тән, адам болмысындағы қарым-қатынасындағы адами құндылықтың, ұлылықтың жетілген бейнесі», - деп анықтама берілген [4].

Адамгершілік тәрбиені ғылыми тұрғыда зерттеген ғалымдар ретінде А.А. Бейсенова, Қ.Қ. Жампейсова, А.А. Калужный, Г.К. Нұрғалиева, Р.К. Төлеубекова, Ш.Майғаранова, В.С. Ильин және т.б. танымыз. Олардың қай-қайсының ой-пікірлеріне жүгінсек те, ортақ сипат адамгершілік тәрбиесінің негізіне жалпы адамзаттық құндылықтарды жатқызатынына, тән мен жан саулығының руханилықпен байланысты деп қарайтынына көз жеткіземіз. Мәселен, Р.К. Төлеубекова жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыту мәселелерін зерттеп, жалпы адамзаттық құндылықтарды ішінен рухани-адамгершілігін дамыту мәселелерін зерттеп, жалпы адамзаттық құндылықтар ішінен рухани-адамгершілік құндылықтарды келесі тұрғыда бөліп қарастырады: Адам, Жер, Ұлт, Отан, Бейбітшілік, Мәдениет, Еңбек, Білім, Отбасы т.б. [5].

Кез келген халықтың адамгершілік – рухани өмірінің барлық кезеңінде халықтық педагогика үлгілері бай және сан алуан, өйткені ол сан түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Сол себептен біз қазақ халқының рухани-адамгершілік құндылықтар жүйесін этнопедагогикалық аксиология және этнопедагогикалық эпистемия құрылымында қарастыруды жөн санаймыз. Белгілі этнопедагог ғалым Г.Н. Волковтың пікірінше, этнопедагогикалық аксиология халық педагогикасы құралдарының тәрбиелік құндылықтарын айқындауды (тұрмыс-салтқа байланысты туған жырлар, мақал-мәтелдер, ертегілер, батырлар жыры т.б.), ал этнопедагогикалық эпистемия халықтық шығармалардағы педагогикалық идеяларды (ақыл, ой, білім, еңбек, адамгершілік, мейірімділік т.б. тәрбиесі) айқындауды білдіреді [6].

Жалпы адам баласының өмір бойы тәрбие құшағында өсіп, толықсып жетілуде болатынын ескерсек, тәрбиенің мәңгілік және үздіксіз үдеріс екендігін байқауға болады. Адамның ақыл-парасатының толықсуы 40-қа толғанда кемелденетінін ұлы педагогтар айтып кеткен. Тіпті халық педагогикасының қағидасы бойынша да жігіт ағасын қырыққа толмай ел билеуші хан (патша) сайлап, тақты сеніп тапсырмаған. Ақыл-парасатының толығына қарай халық шежіресінде адамның жасын қозы жасы (1-13 аралығы), қой жасы (14-25 аралығы), жылқы жасы (26-40 аралығы), патша жасы (40 асуы) деп жіктеудің мәнісі де осында болма керек. Олай болса ақыл-ойдың кемелденіп қалыптасу шағын 40 жас деп есептеп, оны адамның шынайы кемелдену кезеңі деп бағалауға тура келеді [5].

Бүгінгі таңда дамыған елдер мәдениетін саралап, өзара үндестікті табу өзектілігі бұрынғы кезеңнен бірнеше мәрте артып отыр. Қоғамдағы өзгерістерге және жаһандану үдерісіне байланысты мәдениеттердің кірігуі үдерісі жаңа сипат алып отыр.

Тәрбие теориясының негізгі саласы жастарды халықтық негізінде адамгершілік тәрбие беру проблемалары ұлы педагогтар – Я.А. Коменский, К.Д. Ушинский, Н.К. Крупская, А.В. Луначарский, А.С. Макаренко қарастырған. Қазақтың ұлы ойшылдары мен ағартушылары – Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың еңбектерінде жалпыадамзаттық құндылықтар мен рухани тәрбие



тірекеріне көп көңіл бөлінген. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытовтардың даналықтары – халықтық тәрбиенің қазына-қоржынына қосылған таптырмас мұралар.

Студенттердің адамгершілік тәрбиесінің жалпы теориялық қағидалары және оның әдістемелік жағы белгілі педагогтар Н.И. Болдырев, Б.Т. Лихачев, В.М. Коротов, Э.И. Монозонның еңбектеріне жарық көрген. Олар жеке адамның адамгершілік тәрбиесінің негізгі заңдылықтары, оқу жүйесінде әртүрлі әдістер мен жұмыстың түрлерінің өзара байланысты болуын ұсынған.

Зерттелген ғылыми еңбектерде халықтық педагогика әр қырынан қарастырылған, мәселен, халық ертегілері, мақал-мәтел, эпостар арқылы тәрбиелеуді, тарихи педагогикалық тұрғыдан А.Э. Измайлов, С.М. Саипбаев жас ерекшеліктерін ескере отырып, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары негізінде тәрбиелеу Б.Қадыровтың, А.Х. Мухамбаеваның, К.Пирлиевтің еңбектерінде, халықтық педагогикадағы ірі ойшылдардың тәрбие туралы көзқарас, идеялармен Т.Т. Тағибаев, А.С. Сыдықов, Қ.Б. Бержанов, Қ.Б. Жарықбаев, А.Көбесов, Я.И.Ханбиков т.б.

Қазақтың халықтық педагогикасының зерделенуіне ерен еңбек сіңірген Қ.Б. Жарықбаев, С.А. Ұзақбаева, М.Х. Балтабаев, С.Қалиев, К.Сейсенбаев сынды ғалымдарымыздың еңбектерінде ұлттық құндылықтарымыз арқылы жастар бойына гумандық-патриоттық тәрбие беру мәселелері сөз болады.

Бүгінгі таңда дамыған елдер мәдениетін саралап, өзара үндестікті табу өзектілігі бұрынғы кезеңнен бірнеше мәрте артып отыр. Қоғамдағы өзгерістерге және жаһандану үдерісіне байланысты мәдениеттердің кірігу үдерісі жаңа сипат алып отыр.

Рухани-адамгершілік құндылық – белгілі бір бағытта, мақсатты, жүйелі ұлттық көзқарасты, мінез-құлықтағы адамдық тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жүйе. Адамгершілік құндылық – адамдық қасиеттің өлшемі. Оның жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі. Айналадағы адамдарға қайырымы, өмір сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып сол арқылы дүниені – әлемді тануы.

Адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында жоспарлы түрде әр қилы әрекеттерді ұйымдастыру керек. Дәстүрді қолданудағы жаттығудың мәні әрекет пен қылықтарды бірнеше рет қайталату арқылы жеке бастың адамгершілік мотиві мен мінез-құлқындағы қажеттілікті қалыптастыруға әсер етеді. Әрбір істелген іс - әдет, әрбір әдет – мінез-құлық болып қалыптасады.

Бүгінде, сананы тұрмыс билеп, дағдарыстың дүмпі кай жерлерге жетпеді дейсіз, әйтсе де, қазакилық шаңырағымызды шайқалтпай ұстап тұру үшін рухани-адамгершілік мәдениет уықтарын қай кезде де мықтап бекіткен абзал. «Қытайлықтар ұлы қытай қорғанын, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - деген екен ұлы кемеңгер жазушы М.О. Әуезов. Ендеше, елдігіміз бен ерлігімізді ту етіп ұстайтын жастардың бойына руханилық дәнегін егу сіз бен біздің кезек күттірмес міндетіміз!

1 Латин Н.И. Модернизация базовых ценностей // Социологические исследования. - 1996. - №5. – С. 3-9.

2 Гуревич П.С. Философия культуры: Пособие для студентов гуманитар. вузов. – 2-е изд. – М.: Аспект Пресс, 1995. – 288 с.

3 Харисова Л.А. Ислам: духовно-нравственное обучение школьников. – М., 2002. – 175 с.

4 Мухамединова Н.А. Жырымасыншы гасырдың басындағы қазақ зиялыларының мұраларындағы ұлттық құндылықтар негізінде оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу: п.ғ.к. ...дисс..автореф.:13.00.01. – Алматы, 2006. – 27 б.

5 Тауменбаева А.А. Жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері: п.ғ.к. ...дисс..автореф.: 13.00.01. – Алматы, 2009. – 16-17; 40 б.

6 Волков Г.Н. Этнопедагогика. – М.: Академия, 2000. – 176 с.

**Резюме.** В независимом государстве развитие науки и культуры развивается с каждым днем. Большую роль на пути духовного процветания личности играет основа человечества. Поэтому развитие национальных особенностей и духовно-нравственные культуры человека является актуальной темой в нашем обществе.

**Ключевые слова:** студент, духовно-нравственная, культура

**Summary.** Development of science and culture is developing in independent state every day. Greater role in spiritual prosperity personality plays a basis for humanity. Therefore, the development of national peculiarities and spiritual and moral culture of rights is actually in our society.

**Key words:** a student, a spiritual and moral culture

УДК 378.016 (045)

## МУЗЫКА САБАҒЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Ж.Р. Жармағанбетова** – аға оқытушы,

*Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*

Музыкалық білім беруде электронды оқулықты қолдану жолдары жан-жақты қарастырылып, тиімді мүмкіндіктеріне сипаттама жасалған. Оқушылардың музыкалық білімін жетілдіру мақсатында сабақта түрлі тақырыптарға байланысты музыка жанрларының түрлері мен шетел музыкасының тарихынан белгілі композиторлар өмірімен, Қазақстандағы музыка өнерінің даму кезеңдерімен, өнер майталмандары тағы басқа, музыкалық шығармалар туралы толық теориялық мәліметтер беру өте маңызды. Аталмыш міндеттерді орындауда ауқымды материалдар қорын электронды оқулық арқылы жеткізу өте қолайлы.

**Кілттік сөздер:** Музыка сабағында электронды оқулықты пайдалану, «оқушы-компьютер-мұғалім», бейімдеу, білімді меңгеру нәтижесі, технология, кәсіби мамандық

Білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарында ақпараттық кеңістікті құру басты назарда ұсталуда, коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырып, ақпараттық мәдениеті жоғары, білімді, шығармашыл тұлғаны қалыптастырудың маңызы артып отыр. Осыған орай оқу үрдісінде компьютерлік бағдарламалар, интернет ресурстары, электронды оқулықтар оқыту технологиясының құрамдас бөлігіне айналуға.

Ақпараттандыру барысында оқушылардың білім, білік, дағдылары қалыптасып, оқу сапасын арттырудың тиімді тәсілдері іздестірілуде. Музыка сабағында ақпараттық технологияларды қолдану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Электрондық оқулық «оқушы-компьютер-мұғалім» жүйесін қалыптастырады, яғни оқушы өзіне қажет дерек көзін – компьютерден оқып керекті мәліметтерді алып, мұғалімге түсіндіріп бере алады. Соңғы жылдары «компьютерлік технологиялар» деген ұғым «ақпараттық технологиялар» терминімен алмастырылуда. «Технология» – ұғымы грек тілінен енген екі сөзден тұрады: «техне» өнер, шеберлік және «логос» – білім, оқу, ғылым деген мағыналарды білдіреді [1].

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам, технологиялық мәдениет, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты кәсіби деңгейде көтеруде – жаңа ақпараттық оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Музыка пәнінің басқа пәндерге қарағанда көптеген өзіндік ерекшеліктері бар. Мұнда негізінен оқушының қабілеті мен бейімділігі басты назарда ұсталады. Дегенмен де оқушыларды бейімдеу, қабілетін дамыту, музыкаға деген қызығушылығын арттыру мұғалімнің жаңашылдықпен ұйымдастырылған сабағына байланысты. Сондықтан оқушылардың музыкалық білімін жетілдіру мақсатында сабақта тақырыпқа байланысты музыка жанрларының түрлері мен шетел музыкасының тарихынан белгілі композиторлар өмірімен, Қазақстандағы музыка өнерінің даму кезеңдерімен, өнер майталмандары тағы басқа, музыкалық шығармалар туралы толық теориялық мәліметтер беріп отыру маңызды орын алады. Осындай міндеттерді орындауда ауқымды материалдар қорын электронды оқулық арқылы жеткізу өте қолайлы.

Бастауыш сыныптарда электронды оқулықты пайдаланып Мысалы, 1 сыныпта «Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптар» – деп аталатын тақырыпты алсақ, мұнда әр аспаптың шығу тарихын, суретін көрсете отырып, олардың дыбысталу ерекшеліктерін тыңдату арқылы түсіндіруге болады. Сабақта компьютерді пайдалану арқылы күй әуенінің желісімен сурет салдыруға, түрлі шығармашылық тапсырмалар орындатуға мүмкіндік мол.

Француз музыкант-педагогі Ж.Снидерс: «Мен мектепте балалар музыкадан өздеріне қуаныш табады деген үміт пен сенімде өмір сүріп келемін. Музыка сұлулықтың бір бөлігі болу үшін шығарылады. Ал сұлулық қуаныш сыйлау үшін өте қажет. Қуаныштан барып балаларда шығармашылық шабыты оянады, ізденімпаздық пен үлкен талғам қалыптасады», – деген [2].

Музыка сабағында электронды оқулықты қолдану оқушының пәнге деген қызығушылығын оятып, белсенділіктері мен ынталарын арттырып, оқыту үрдісінің сапасын жақсартуға жол ашады. Электрондық материалдарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар теориялық білімдерін кеңейтіп, өзбетімен практикалық тапсырмалар орындай отырып, жан-жақтылыққа тәрбиеленіп, танымдық қабілеттері арта түседі.

Электронды оқулық арқылы композиторлар, орындаушылар, суреттерін, опералардан бейнекөріністер, ұлттық аспаптардың үндері мен әртүрлі жанрдағы музыкаларды тыңдатып көрсетуге болады. Музыкалық шығармалардың авторлары мен орындаушы артистер жөніндегі теориялық тарихи материалдар оқушының жеке тапсырмаларды орындауында маңызды орын алады. Музыка пәнінде электрондық оқулықты пайдалану әлдеқайда тиімді әрі түсінікті екенін уақыттың өзі дәлелдеуде. Мұғалімнің жаңа тақырыпты музыка сабағына арнайы дайындалған электронды оқулықтың көмегімен түсіндіру жағдайында, оқушының музыкалық білім қоры молайып, оқушы алған білімдерін өмірде қолданып, музыка өнерін тереңірек түсініп, баға жетпес тәжірибе жинайды.

Электрондық оқулықтарды сабақтарда қолдану біріншіден оқушыға уақытты үнемдеуге, оқулық материалын іздеп отырмай өтілген және ұмытып қалған материалдарды еске түсіруге көмектеседі. Оқушы ізденіс жұмыстарында оқулықтағы кездеспейтін қосымша материалдарды қысқа уақытта табуға, түсінбеген материалды шексіз қайталауға, өзбетінше оқу қызметін жүзеге асырып, жұмыстың барлық кезеңінде өзін-өзі тексеруіне мүмкіндік алады. Электронды оқулықты пайдаланудың мақсаты – білім беру, білімді бекіту, дағды мен іскерліктер қалыптастыру, меңгеру деңгейін бақылау, ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту.

Мұғалім сабақта электронды оқулық арқылы оқушыға білім берумен қатар оның мақсатын анықтап, жинақталған ақпараттарды жүйелеу қабілетін қалыптастырып, шығармашылық ғылыми ізденіске баулып, өзбетінше әрекет етуіне мүмкіндік жасауы қажет.

Әрине электрондық оқулықтың мазмұны оқушының интеллектілік ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы керек және оның мына қасиеттерді қанағаттандыруы қажет: жинақтылық, жүйелілік, эстетикалық көркемділігі, жылдамдылығы және т.б.

Электрондық оқулықты құрастырған кезде оның мәтіндік ақпараттан гөрі графиктік ақпарат көбірек қамтылуы тиімді, себебі ол оқушының ақпаратты тез, әрі көрнекі түрде қабылдауына жағдай жасайды. Электрондық оқулықтың мазмұндық материалы мәтін, сурет, график, кескін, кесте және т.б. түрлерде баяндалуы оның дәстүрлі оқулықтан ерекшелігін көрсетеді. Материалдың мұндай түрде бейнеленуі оқушының есте сақтау қабілетінің дамуына және өткен материалды ұмытпай, оны дамытуына игі әсерін тигізеді.

Сабақ өткізу барысында электронды оқулықты оқу процесіне қолдану кезеңдеріне келетін болсақ, ол оқыту үрдісінің барлық кезеңдерінде қолданылады:

- жаңа материалды түсіндіргенде;
- сабақты бекіткенде;
- қайталауда;
- білімін және іскерлік дағдыларын бақылағанда

Электронды оқулықты қолдана отырып, оқушылардың төмендегідей жұмыс жасауға мүмкіншілігі болады:

- өтілетін тақырыпты дұрыс әрі жеңіл түрде түсінуге;
- оқушының өздігінен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін-өзі тексеруге;
- қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға;
- зерттеу жұмыстарына немесе ғылыми жобаларға қатысып, ауызекі сөйлеу шеберлігін дамытуына ықпалы өте зор.

Бұл оқушыларды ізденімпаздыққа, дербес ойлауға, өзіндік қорытынды жасауға жетелейді. Электронды оқулықты музыка сабағында қолданғанда төмендегідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер қорын кең көлемде қамту мүмкіндігі;
- оқушылардың теориялық тарихи білім қорларын толықтырады;
- музыка тілін меңгеруге жол ашады;
- музыкаға деген қызығушылықтарын арттырады;
- шығармашылық қабілеттерін дамытады;
- оқушыны жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- музыкалық талғамын оятып, мәдени көзқарасын қалыптастырады.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы», – оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Ғылыми-техникалық прогрес, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Музыка пәні – шығармашылық пән. Оған көптеген ізденіс, шығармашылық, іскерлік, тапқырлық өте қажет. Яғни бүгінгі күні ән-күй сабағында жаңа инновациялық технологиялар мен әдістерді пайдалану арқылы, оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастырып, тарихи шынайы дерек көздерінен мәліметтерді беру қажет. Сондықтан теориялық білімді игерту барысында ақпараттық технологияны жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімімен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады.

Қорыта айтқанда электронды оқулықтар педагогтарға өздерінің жұмысын сапалық тұрғыдан жақсартып, әдістері мен формаларын өзгертіп, оқушылардың жеке тұлғалық қабілеттерін толық сақтау мен дамытуға, оқытудағы пәнаралық байланыстарды нығайтуға, сабақты ұйымдастыруды үнемі динамикалы жаңғыртуға мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Ал басты артықшылығы – дәстүрлі оқу жүйесін түрлендіріп, оған жаңаша көзқарастарды тиімді енгізуге мүмкіндік беріп, оқушылардың білім алуын қызғылықты әрі жеңіл етуге ықпалы зор.

1 *Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы, 2006.*

2 *Қадырбаева М. Мектептегі музыкалық тәрбие әдістері. – Астана, 2010.*

3 *Мұхамбетжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. – Алматы, 2010.*

**Резюме:** Музыкальное образование на пути комплексных характеристик электронного учебника рассмотрены эффективные функции. Для того, чтобы улучшить знания студентов музыкальных занятий по различным темам, связанным с типами музыкальных жанров и зарубежной музыки известных композиторов в истории жизни стадиях развития музыкального искусства, работников культуры и других основных сведений о музыкальных композициях очень важна. Эти задачи идеально подходит для широкого спектра материалов, электронных книг через фонд.

**Ключевые слова:** уроки музыки использование электронных учебников, "учитель-ученик-компьютер", адаптация в результате приобретения знаний, технологий и профессионализма

**Summary:** This article deals with possibilities of using E-books at music classes. Music education on the way of complex characteristics of the electronic textbook effective functions are considered. To improve knowledge of students of musical classes in various subjects connected with types of musical genres and foreign music of famous composers in the history of life stages of development of musical art, cultural workers and other main data on musical compositions it is very important. These tasks is ideally suited for a wide range of materials, e-book readers through fund.

**Keywords:** Music lessons use of electronic textbooks, "teacher-student-computer", the adaptation of the result of the acquisition of knowledge, technology and professionalism

УДК 78.072.2

## **УЙГУРСКАЯ МУЗЫКАЛЬНАЯ ЭСТРАДА В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ**

**Г.А. Бегалинова, Д.М. Ахмадиева** – *КазНАИ им. Т.Жургенова, Алматы, Республика Казахстан*

В статье рассматривается уйгурское эстрадное искусство в период в 90-х годов XX века по настоящее время. В данной статье будет представлена попытка сделать краткий обзор уйгурской музыкальной эстрады в период конца XX начала XXI века. До настоящего времени работ, посвященных современной эстрадной музыкальной культуре уйгур практически нет, за исключением отдельных статей, в основном интервью, данных артистами в качестве анонсов предстоящих концертов.

**Ключевые слова:** эстрада, уйгурское музыкальное искусство

В период обретения страной независимости наряду с известными звездами казахстанской эстрады, такими как Р.Багланова, Е.Хасангалиев, Л.Кесоглу, Г.Разиева, Р.Рымбаева, Н.Ескалиева, «Досмукасан», «Гульдер», появляется новое поколение молодых талантливых артистов, добившихся определенных успехов, ставшие лауреатами и дипломантами различных международных конкурсов и фестивалей, к примеру, таких как «Жас Канат» (Е.Кокеев, К.Болманов, М.Арынбаев, Д.Бахаров и др.), «Голос Азии» (группа «Роксонаки», Б.Шадаева), «Утренняя звезда» (Карина Абдулина, «Дуэт L»), «Москва – Ялта - Транзит» (М.Насыров, Л.Кириченко).

В 90-е годы появляются группы «Яшлык», Ар-Клуб («Дервиши»), «Сада», «Дияр», которые составили новую генерацию уйгурской эстрады, так называемую «уйгурскую волну» в казахстанском шоу-бизнесе.

Начало 90-х годов – довольно сложный период, в это время как таковых полноценных музыкальных

каналов на ТВ не существовало, были лишь телевизионные программы, среди них «Х-TV», «Музыкальный канал 31», где клипы отечественных артистов представляли бесплатно. Одним из важнейших механизмов, влияющих на распространение и популяризацию эстрадных исполнителей, является ротация на радио и телевидении, так как данная индустрия является основным фундаментом развития информационно-коммуникативного общества в стране. С 90-х годов и до сих пор достаточно проблематично организовать казахстанским артистам полноценные большие гастроли, наиболее благополучная ситуация складывается в г. Алматы и Астана, причем масштабные концерты возможны во многом за счет поддержки госструктур.

Так и группа «Яшлык» стала известной благодаря ротации на ТВ при активном участии телеведущей Г.Иллахуновой, впоследствии ставшей продюсером этого коллектива. На следующий же день после демонстрации первого клипа группы «Яшлык» в программах «Х-TV» и «Теледискотека Луноход» участники стали знаменитыми, а песня «Нигара» - весьма популярной.

Группа «Яшлык», продолжая династийные артистические традиции, с 1996 года начинает свою деятельность в обновленном составе: Дильшат Ахмадиев – солист-вокалист, Ядыкар Шамиев - композитор-аранжировщик, Бахтир Хасанов – бас-гитарист.

Надо отметить, что в отличие от прежнего ансамбля музыка молодых музыкантов группы «Яшлык» была соответственно в русле тенденций нового времени, наполненной иными ритмами, новыми звучаниями, где достаточно органично сочетаются элементы поп-рок - и этно музыки.

Первый сольный концерт, состоявшийся во Дворце Республики, прошел с большим успехом при переполненном зале (билеты были распроданы за несколько дней). В программу концерта вошли песни первого альбома «Нигара». Концерт послужил отправной точкой в истории развития группы, с этого времени начались многочисленные гастроли.

Песни группы «Яшлык», будучи легкими для восприятия и живыми по характеру с танцевальными ритмами и элементами восточной музыки, приобрели известность в массах казахстанской молодежи конца 90-х. После того, как продюсером группы стал Адиль Жамбакиев, в 2001 году в свет выходит клип на песню “До свидания”, под этим же названием выпущен второй альбом группы, а во Дворце Республики состоялся второй концерт группы “Яшлык”. Этот этап можно определить как начало второй волны популярности группы.

Всеобщее признание у публики завоевали такие хиты из репертуара «Яшлык», как «Сон мечты», «Роза», «Восток», «Разлука», «До свидания», «Янсун». Песни, достаточно часто транслируемые по казахстанскому телевидению и радио, стали широко известными.

Группа «Яшлык», стала достойной сменой артистам первого состава, добившись званий лауреата и дипломанта конкурсов. Так «Яшлык» стал дипломантом Международного фестиваля «Азия Дауысы», лауреатом конкурса «Жас канат».

Прекратив свою активную деятельность в 2004г., после десятилетнего перерыва группа вновь возвратилась к творчеству в ноябре 2014 г., подтверждением тому явился концерт «Яшлык» - Возрождение» (27.11.2014 г.), прошедший в одном из клубов Алматы, посвященный 20-летию группы.

В середине 90-х годов XX века благодаря инициативе М.Ахмадиева при Уйгурском государственном театре создан молодежный **вокально-хореографический ансамбль «Сада»**, пользующийся особой популярностью у зрителей.

Вокально-хореографический ансамбль «Сада» во главу угла ставит пропаганду музыкального наследия уйгурского народа, исполняя произведения в современной трактовке. В настоящее время руководителем ансамбля «Сада» является Заслуженный деятель РК - Именов Кахарман Илжанович, в 70-х годах был одним из участников «Яшлык». Одаренный артист, певец, музыкант, композитор. За лучшую музыку к спектаклю «Проделки Майсары» - 2012 г. получил звание Лауреата премии «Енликуль» Союза театральных деятелей Казахстана. К.Именов владеет филигранной техникой игры на национальных уйгурских инструментах. Выступал с сольным концертом, вызвавший широкий резонанс в культурной среде страны, выпустил компакт диск «Каш теши». Его произведения исполняют, народные артисты республики И.Хасангалиев, Р.Рымбаева, М.Ахмадиев, известные деятели искусств Казахстана Б.Самединова, Ж.Серкебаева, группа «Улытау» и др. [1]

В опоре на национальное музыкальное творчество, принимая во внимание сложившиеся многовековые традиции, характер и мелос народной музыки, К.Именов пишет вокальные и музыкальные произведения для ансамбля «Сада». Как художественный руководитель, К.Именов стремится создать ансамбль, соответствующий высокому уровню исполнительства, и ключевым фактором здесь является органичное сочетание в едином комплексе музыкантов, композиторов, аранжировщиков, балетмейстеров сценарис-

тов, нацеленных на решение основной задачи – генерацию концертных программ, способных вывести на новую качественную ступень развития уйгурского эстрадного искусства.

Значительное место в развитии эстрады имеет общение и взаимообмен опытом исполнителей, и в этом плане особую роль играют международные фестивали и конкурсы. Ансамбль «Сада» является лауреатом международных конкурсов, успешно гастрольрует по Казахстану, а также странам ближнего и дальнего зарубежья. Так, ансамбль «Сада» принимая участие в XIV Международном конкурсе-фестивале музыкального творчества тюркской молодежи «Урал моно», который состоялся с 30 мая по 1 июня 2008 г. в г. Уфа, достойно занял почетное второе место, еще раз подтвердив свой профессионализм и мастерство.

«АР-Клуб», возникший в начале 90-х годов (1993 г.), у основания которого стояли Адиль Жамбакиев, Руслан Тохтахунов, Азиз Масимов, следуя традиции сохранения так называемого «восточного стиля», базировался на уйгурском мелосе. Большую известность получили песни «Наргиз» и «Ходжа Насреддин», «Лейли Меджнун», «Милая», «Ночь любви», «Пола», «Апак тошкаларим», «Долина малиновых роз», «Не грусти», «Только ты», «Прости».

В разные годы в группе играли Ермек Дияров (гитара, вокал), Вадим Магутнов (ударные) и многие другие известные музыканты страны. Из интервью группы: « Мы тогда очень хотели быть похожими на “А-Студио”! Все были профессиональными музыкантами, – говорит Адиль Жамбакиев. – Руслан учился в музучилище имени Чайковского и успел поработать в группе “Мюзиккола” вместе с Булатом Сыздыковым. Я заканчивал консерваторию. У нас у всех была тяга к джазу, “новой волне”. Этот стиль – new wave – был очень популярен в те годы. Я к тому времени уже написал 7-8 песен, но не было возможности их записать. Случай подвернулся, как всегда, неожиданно: Алия Есенова и Александр Шильман организовали концерт “А-Студио” во Дворце Республики. И позвали нас на разогрев. Это было очень важно для нас: мы поняли, что надо серьезно заниматься. В 1994 году был “Жас Канат”, мы заняли первое место. Потом – “Азия дауысы”...Кстати, в том, что мы стали именно группой с уйгурским колоритом, отчасти заслуга Тахмины Кибировой – ведущей радио “Тотем”. Это она нам посоветовала не быть “Б-Студио”, а стать своеобразной, оригинальной группой. Мы над этой идеей посмеялись, рискнули и не прогадали! Были случаи, когда в рейтингах телевидения мы могли стоять на первом месте, а на втором был... Майкл Джексон!» [2].

В 1997 году группа прекратила свое существование, так как А.Жамбакиев начал работать с группой «Яшлык». После распада группы А.Жамбакиев писал песни и для таких артистов, как Нурлан Абдуллин, дуэт «L», Лана, группа «Бублики», Дильназ Ахмадиева и других. Руслан Тохтахунов продолжил свою исполнительскую деятельность, в частности, хитом стала песня «Далеко», саундтрек к фильму «Саранча» - «Ля монетта», затем он стал заниматься бизнесом, время от времени он принимает участие в ретро-концертах, где его песни пользуются большим спросом [3].

После «Ар-Клуба» в 1999 году А.Жамбакиев создает группу «Дервиши», в состав которой вошли Дильмурат Бахаров – композитор-аранжировщик, солист, Азиз Масимов – бас-гитарист, бэк-вокалист, Раим Хамлаев – исполнитель на народных инструментах, бэк-вокалист. Группа с первых дней своего существования обрела быстрорастущую популярность и, принимая участие в международном конкурсе «Азия Дауысы» в 1999 г., получила приз «Золотая домбра» за лучшую аранжировку песни (песня «Сады Жаркента»). Группа неоднократно становилась призером казахстанского фестиваля «Золотой диск» (2000, 2001, 2002, 2003 гг.). На церемонии награждения «Eurasian Music Award 2014» (ЕМА 2014) в номинации «Лучший дуэт» победил тандем гр.Дервиши и Rash (Равшан Тохтахунов) с песней «Молчаливая любовь» (музыка Дильмурата Бахарова, слова Эльмиры Дехгани).

В 2007 году А.Жамбакиев в связи с назначением его на должность директора Государственного уйгурского театра музыкальной комедии им. К.Кужамьярова, уходит из группы, и продюсером становится Дильмурат Бахаров, профессионально владеющий игрой на многих уйгурских народных музыкальных инструментах, таких как рубаб, дойра, чанг и др.

В настоящее время в составе группы работают такие исполнители, как Дильмурат Бахаров, Раим Хамраев, Рустам Хашимов, Ермек Дияров, Руслан Надыров, Александр Кузнецов.

Группа «Дервиши» вот уже в течение 15 лет успешно работает, гастрольюя не только в Казахстане, но и в разных странах мира, побывала в Турции, Азербайджане, Индии, Кыргызстане, Узбекистане, Венгрии, Болгарии, Таиланде.

За время своего существования группа «Дервиши» довольно плодотворно работала, выпустив восемь альбомов, два VCD, два DVD, сняв два музыкальных фильма-сказки и множество видеоклипов. В 2014 году был выпущен альбом «Oriental express» («Восточный экспресс»), ставший новой точкой отсчета в развитии, в котором прозвучали инструментальные композиции известных произведений группы «Дерви-

ши», представ в джазовой обработке. «Это было необычайно и ярко: известные творения группы «Дервиши» в джазовой обработке, где акцент был сделан на народные инструменты. Альбом готовился полгода, и «Дервиши признаются, что этот уникальный эксперимент, разрушающий музыкальные стереотипы, стал новой ступенью в развитии группы» [4]. По словам Д.Бахарова, «Джазовая музыка - очень своеобразная. Уникальность этого альбома - авторские песни из репертуара нашей группы разных лет. Виктор Хоменков работал над аранжировкой в своей студии, затем приносил демо-версию. Мы предоставляли ему полную творческую свободу, лишь в некоторых моментах вносили небольшие коррективы и затем записывали все инструменты, полностью, с нуля. Это не экспромт и не импровизация на тему. Это шесть месяцев серьезной работы над музыкальным материалом» [5].

Авторами песен группы «Дервиши» преимущественно являются Дильмурат Бахаров и Адиль Жамбакиев. Помимо этого Д.Бахаров пишет песни и для многих известных казахстанских исполнителей - Нурлана Абдуллина, Дильназ Ахмадиевой, Бахыт Шадаевой, гр «Яшлык», гр. «101», Руслана Тохтахунова, Гульнур Оразымбетовой, Ланы, Асылбека Енсепова, Макпал Исабековой, Булата Кусаинова, Диляры Исаковой, Аян, дуэта «Саз Отау».

В произведениях группы «Дервиши» помимо уйгурской музыки, включены элементы национальной музыки разных народов - казахской, азербайджанской, индийской, турецкой и др. К примеру, в песне «Дильбариджон» из альбома «Ассаламалейкум» использованы таджикские мотивы, куплет идет на уйгурском языке, а припев - на таджикском, и такое смещение дает необычность и яркость песни, также и в песне «Мехбуба» («Любимая»), которую снимали в Индии, куплет на уйгурском, припев - на хинди (слова Сымбат Исмагуловой, проработавшей в Индии и знающей язык хинди). Как оценивает песню «Мехбуба» Д.Бахаров, «получилась довольно неплохая песня о любви, легкая и веселая, под которую можно просто танцевать и отдыхать» [6]. В этой связи отметим, что весьма характерной чертой музыки этой группы является танцевальность, львиная доля репертуара приходится на танцевальную музыку.

Творчество группы «Дервиши» стало неотъемлемой частью как музыкальной культуры, так и жизни уйгуров, войдя в сердца и души людей, неся социально-воспитательный аспект. Так, почти ни одно свадебное мероприятие не проходит без песни «Тойнамэ», а песни «Ата», «Кериндаш» («Сестренка»), написанные на прекрасные слова известного уйгурского поэта Абдулмежита Долятова являются весьма важными как для старшего поколения, так и для младшего, укрепляя семейные ценностные ориентации народа. Большой популярностью у слушателей не только Казахстана, но и Узбекистана, Синьцзян уйгурского автономного округа пользуются также такие песни, как «Көйдүм ярим», «Сөйгүнамэ», «Дильбариджон», «Зебо», «Хумарим» и др. [7].

Одним из коллективов, представителей фольклорного направления эстрады, является **группа «Дияр»**, образовавшаяся в 2003 году. Ранее в 1994 году в Джаркенте под руководством Акима Тохтахунова был создан вокально-инструментальный ансамбль «Дияр», некоторое время успешно выступавший на различных сценах. В дальнейшем, отделившись, члены группы стали работать самостоятельно, это известные в настоящий момент Абдурешит Ушуров, Имяржан Юсупов, Бахтияр Масимов, Абдурашид Сабитов, Ханзат Велямов, Ялкун Сабитов, группа «Струнный экипаж», современная группа «Дияр».

Наряду с руководителем коллектива Нурумом Ахметовым, все исполнители владеют игрой на уйгурских традиционных инструментах (саттар, тамбир, дутар, равап). «Уникальность группы в том, что они из эстрадных исполнителей могут перекалфицироваться в ансамбль уйгурских народных инструментов» [8]. Музыканты группы используют сочетание народных инструментов с современными эстрадными (электронными) звучанием. Концертно-исполнительская деятельность группы «Дияр» направлена на сохранение традиций уйгурского народа и обращена к разно-возрастной слушательской аудитории, выполняя нравственно-воспитательную функции. Нурум Ахметов, будучи в прошлом участником народно-этно-фольклорной группы «Яркент булбулири», имеющий за плечами богатый репертуар традиционного музыкального искусства уйгуров, проявил себя как импровизатор, аранжировщик и исполнитель-виртуоз на тамбуре. Рустам Ниязов – вокалист, профессиональный исполнитель на древнем уйгурском инструменте саттар, пишущий музыку как для своего коллектива, так и для начинающих молодых певцов уйгурской эстрады. Как отмечает Х.Домуллаева, «... его приятный бархатный тембр – индивидуален и своеобразен. Уйгурские традиционные песни по своему вокально-техническому моменту, требуют профессионального подхода, в плане мелизмов, интонации – для того чтобы придать именно колорит для старых фольклорных песен, с которыми с легкостью справляется солист группы «Дияр» Рустам Ниязов. За продолжительное существование коллектива был выпущен CD альбом «Азиз дияр» (2005 г.). 17-ноября 2013 года, состоялся 10-ти летний юбилейный концерт группы «Дияр», который прошел на высоком уровне, при полном аншлаге в зале. Новый репертуар песен с танцами, прозвучавший

на концерте остался в сердцах у слушателей» [9].

Помимо ансамблевого исполнительства следует выделить и сольных артистов, вносящих свою лепту в развитие уйгурской эстрадной музыки, таких как Д.Ахмадиева, Р.Хамраев, и др. Конечно же, особенного внимания достойно творчество Мурата Насырова, который стал ярчайшей звездой на небосклоне шоу-бизнеса постсоветского пространства. В период 90-х годов М.Насыров, пожалуй, единственный уйгурский певец, достигший огромной популярности как Казахстане, так и в России, странах СНГ. Известны эстрадные песни на русском языке – «Я это ты», «Кто-то простит», «Лунные ночи», «Моя история», но в его репертуар входили и песни на уйгурском, казахском языке. Всего им выпущено семь альбомов, но особо надо отметить созданный в 2004 году альбом «Калдым ялгуз», в котором он выступил в качестве автора песен, а также исполнителя на национальных инструментах, альбом явился новой ступенью в творчестве. Это была весьма важная для М.Насырова работа, своего рода обращение к своим корням, традициям, дань своему отцу Исмаилу Суфи Насырову, которому и посвящен этот альбом. По воспоминаниям М.Насырова: «Мой отец, Исмаил Суфи Насыров - человек, живший чистой верой в Аллаха, живший ради семьи, даривший людям любовь и благодетель, он воспевал свой древний, богатый культурой и традициями уйгурский народ. Его теплый и сильный голос заставлял всех переживать каждое слово в песне. Я видел, как люди плакали под его скрипку, как кружились в танце под дутар, но самое сильное чувство переживали тогда, когда отец читал Суры (Хаяты) из Корана. Когда у меня родился сын, отец приехал в Москву, и тогда я записал его голос на студии - он спел а капелла несколько песен. Аранжировку пришлось делать позднее, уже когда его не стало. Весь год я проливал слезы, создавая этот альбом...» [10].

Данный альбом отличается ярко выраженной национальной интонационной спецификой (так называемый стиль «восточной музыки»), вдумчивой духовной работой и глубинным эмоциональным осмыслением. «Разнообразие мелодий гармоний и ритмов, плавно переходя из грусти в озорное веселье, меняют настроение слушателя. Необычное и в то же время пленяющее пение певца заставляет переживать вместе с ним каждое слово... В альбоме использованы национальные этнические музыкальные инструменты - рубоп, саз, хуштар, тамбур, дутар и др... Синтез современных сэмплов, национального колорита придает альбому невероятно демократичное звучание» [11]. Органичное соединение древних уйгурских традиций с современными модными аранжировками «создало неповторимый колорит нового альбома Мурата Насырова "Kaldim yalguz" - в нем огонь и страсть, томные мелодии, жгучий ритм, экзотика и мудрость Востока» [10].

Появление этого альбома было неслучайным, М.Насыров радел за распространение уйгурской музыки по всему миру, по его мнению, уйгурская музыка выходит и пользуется большой популярностью в Китае, Казахстане, Киргизии и других странах, но в России она очень мало распространена, и он надеялся исправить этот пробел. Песни, вошедшие в альбом, оставили неизгладимый след в истории современной музыки, послужив значительным вкладом М.Насырова в развитие уйгурской эстрады.

В настоящее время все больше на эстраде появляется молодых, зачастую неопытных артистов, и в целях оказания консультативной и практической помощи, было организовано музыкальное общество «Парваз», объединившее более 50 начинающих уйгурских певцов, поэтов-песенников, композиторов. Как рассказывал один из создателей общества Р.Хамраев, причиной, послужившей основанием для данной организации, явились низкокачественные концерты, слабые песни, перепевка узбекского музыкального материала и т.д. [12]. Общество способствует в записи альбомов, сборе финансовых средств для участия исполнителей в различных фестивалях, организации концертов и продвижении талантливых музыкантов на большую сцену.

Таким образом, уйгурское музыкальное искусство эстрады в современный период устойчиво развивается, будучи самодостаточным и значимым направлением, сохраняя свой национальный колорит, является немаловажной составляющей частью культурного многообразия страны.

1 *Официальный сайт Республиканского государственного Уйгурского театра музыкальной комедии им. К.Кужамьярова* - <http://uigurteatr.kz/ru>

2 *В рейтингах стояли выше Джексона!* // Газета «Караван», 18 декабря 2009 г. -<http://www.caravan.kz/article/3062>

3 <http://history.voxpopuli.kz/post/view/id/1027>

4 *Исмаилова Х. Сокровища дервишей* // Газета «Время», 05.03 2014.

5 *Восточный экспресс группы "Дервиши"* //электронный журнал «Сезон», 28 февраля 2014. <http://season.kz/articles/stars-photo/28987.html>

6 *Творческое многообразие.* //<http://dervishi.kz/index.php/press/69-2011-04-12-09-48-25.html>

7 *Официальный сайт группы «Дервиши»* // <http://www.dervishi.kz/index.php>



8 <http://parvaz.kz>

9 Домуллаева Х. Музыкальная культура уйгуров Казахстана на современном этапе. / Музыкальное искусство народа Казахстана. Научная монография. - Алматы, 2014, - с. 453.

10 Мурат Насыров: Уйгурский альбом. // <http://uighur.narod.ru/nasirov2.html>

11 <http://www.soyuz.ru/-a/more/z/cat/music/id/343>

12 Ленинская Смена Экспресс К. №234 (18073) от 20.12.2014

**Түйін.** Мақалада осы уақытқа дейін XX ғасырдың 90-жылдары кезеңінде ұйғыр эстрадалық өнер айналысады. Бұл мақала XXI ғасырдың басындағы соңына кезінде ұйғыр поп музыка қысқаша шолу жасау әрекеті болып табылады. Әзірге, қазіргі заманғы поп музыка мәдениетінің ұйғырлар бойынша жұмыстар аз алдағы концерттер туралы хабарландыру ретінде суретшілер берген сұхбаттары, негізінен, кейбір мақалалар қоспағанда бар.

**Кілтті сөздер:** кезең, ұйғыр музыкалық өнер

**Summary.** In article the Uigur variety art during the period in the 90th years of the XX century to the present is considered. Attempt to make the short review of the Uigur musical platform in the period of the end of the XX beginning of the XXI century will be presented in this article. So far the works devoted to modern variety musical culture the Uyghur practically aren't present, except for separate articles, in the main interview, given by actors as announcements of the forthcoming concerts. through fund.

**Key words:** Uigur musical art, pop-music

УДК 677.026.11

## ЭТНОДИЗАЙН АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

**С.Қ. Бейсенбаев** – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.д., ҚР Суретшілер және дизайнерлер одақтарының мүшесі,

**А.А. Мухамеджан** – М.Әуезов ат. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің магистранты

Жетпіс жылдан аса кеңестер одағы құрамында болған біздің еліміздің сәулет өнерімен қатар басқа да дизайн салалары секілді ішкі көрініс дизайны да біркелкілік, бір стилдік болып қалыптасты. Осыдан барып бір-біріне ұқсаған төрт бұрышты қораптар секілді көп қабатты үйлер жанбырдан кейінгі қозықұйрық секілді бүкіл кеңес одағында оның ішінде әрине біздің елімізде де көптеп салынды. Бұл ғимараттардың сыртқы дизайны секілді ішкі көрініс дизайны да бір сарында жасалынды. Мұның арты көп елдердің өз тілін жоғалту қаупіне дейін әкелгені сияқты тұрмыс-тіршілігенде салт-дәстүрінің, өз бейнесін жоғалтып алуға шейін алып келді.

Қазіргі таңда еліміз егемендігін алып, ұлттық өнерге бет бұра бастадық. Сонда да болса ою-өрнекке толы төл өнеріміз бола тұра, ұлттық болмысты дизайнымыздың келбеті «мынандай еді» дейтіндей нақты бір ізге түсе қойған жоқ. Әлі де болса еуропқа, мысалы италян, ағылшын, грек стильдеріне еліктеушілік басымдау. Бұл әрине бүгінгі күнде қазақстандықтардың талғамының артуын білдіреді. Сондықтанда ақшалы кісілер тапсырыс бергенде жаңашыл бағыттағы модернизм, ар-деко, кантри стилдерін таңдауы қалыпты жағдай. Бұл біздің отандық дизайнерлердің қолтаңбаларының әлі де болса қалыптаспағандығын білдіреді. Біз жоғарыда келтіріп отырған мәселелер ішкі көрініс дизайнына қатысты мәселелер. Сонда қазақтың ұлттық нақыштағы дизайны ше?.. Көбіміздің осы мәселеге тірелгенде күмілжитініміз анық.

**Кілтті сөздер:** Этнодизайн, отансүйгіштік, ішкі көрініс дизайны, тәрбие, ұлттық дәстүр

Жалпы ғимараттар немесе тұрғын үйлер келбеті туралы сөз қозғалса әр жаңа жыл алдында көгілдір экраннан беріліп жүрген әйгілі «Тағдыр тәлкегі немесе жеңіл буыңызбен» (Ирония судьбы или с легким паром) көркем-суретті фильмі еске түседі.

Жетпіс жылдан аса кеңестер одағы құрамында болған біздің еліміздің сәулет өнері де тура осы қалды бастан кешірді. Әрине сәулет өнерімен қатар басқа да дизайн салалары секілді ішкі көрініс дизайны да біркелкілік, бір стилдік болып қалыптасты. Осыдан барып бір-біріне ұқсаған төрт бұрышты қораптар секілді көп қабатты үйлер жанбырдан кейінгі қозықұйрық секілді бүкіл кеңес одағында оның ішінде әрине біздің елімізде де көптеп салынды. Бұл ғимараттардың сыртқы дизайны секілді ішкі көрініс дизайны да бір сарында жасалынды. Мұның арты көп елдердің өз тілін жоғалту қаупіне дейін әкелгені сияқты тұрмыс-тіршілігенде салт-дәстүрінің, өз бейнесін жоғалтып алуға шейін алып келді.

Әрине «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» деп мақалда келтіргендей әр елдің салт-дәстүрі, ол елдің ата-бабасынан мирас болып қалған тарихы, өнері, мәдениеті сол елдің шекарасына кіргеннен бастап сезілуі тиіс деп ойлаймыз. Біз өз еліміздің төл перзенті, өз отанын қадірлей, қастерлей білетін патриоты ретінде Қазақстан елінде де кез-келген өнер туындысынан өз салт-дәстүріміздің иісі аңқып тұрса, біздің ұлттық бет-ажарымызды көрсетіп тұрса деп армандаймыз, ол үшін мүмкіндігінше өз үлесімізді қосамыз.

Қазіргі таңда еліміз егемендігін алып, ұлттық өнерге бет бұра бастадық. Сонда да болса ою-өрнекке толы төл өнеріміз бола тұра, ұлттық болмысты дизайнмыздың келбеті «мынандай еді» дейтіндей нақты бір ізге түсе қойған жоқ [1]. Әлі де болса еуропқа, мысалы итальян, ағылшын, грек стильдеріне еліктеушілік басымдау. Бұл әрине бүгінгі күнде қазақстандықтардың талғамының артуын білдіреді. Сондықтан да ақшалы кісілер тапсырыс бергенде жаңашыл бағыттағы модернизм, ар-деко, кантри стилдерін таңдауы қалыпты жағдай. Бұл біздің отандық дизайнерлердің қолтанбаларының әлі де болса қалыптаспағандығын білдіреді. Біз жоғарыда келтіріп отырған мәселелер ішкі көрініс дизайнына қатысты мәселелер. Сонда қазақтың ұлттық нақыштағы дизайны ше?.. Көбіміздің осы мәселеге тірелгенде күмілжитініміз анық [2].

Ішкі көрініс дизайнының иісі мұрынымызға келмейді емес, ұлттық нақышты дизайн өнеріміз бояуға бай. Бірақ бүгінгі күнге бейімдей алмай жатқан сияқтымыз. Біз осы көтерген мәселелердің барлығы еліміздегі этнодизайнының кенжелеп тұрғандығын білдіреді.

Біздің де зерттеп жүрген саламыздың бірі осы – этнодизайн саласы. Ізденіс жұмыстарымыз ғимараттардың, оның ішінде жоғары оқу орындарының ішкі көрінісінде ұлттық-салт дәстүріміздің сипатында бейнелеу, яғни этнодизайнды қолдану. Өйткені жоғары оқу орындарында еліміздің болашағы жастарға білім берумен қатар, патриоттық тәрбие беруге, отансүйгіштікке баулуға эстетикалық безендірудің септігі тигізері анық.


Жоғары оқу ғимараты ішкі көрінісінің этно стилінде безендірілуі - бұл жастарды әсемдікке, сұлулыққа, өз ұлтының дәстүрін, өнерін танып білуге тәрбиелеуге қызмет ететін материалдық орта. Өкінішке орай жастарды тәрбиелеудегі ғимараттардың ішкі көрініс дизайнының ролі көп жерде ескеріле бермейді. Ал әсем безендірілген ғимараттардың ішкі көрініс дизайнының жастар тәрбиесіне тікелей немесе жанамалай болса да тигізер пайдасы зор.

Сондықтан да бізді қоршаған орта, соның ішінде мектеп болсын, білім беру ошақтарында орта арнаулы оқу орны немесе жоғары оқу орны болсын, оқу - эстетикалық тәрбиенің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ғимараттардың ішкі көрінісінің кез келген элементі - мейлі ол картина, тіпті ілінген сағат болсын, жиһаз, қабырғаға жағылған бояу болсын адамның психикасына әсер етеді. Яғни жастардың жеке басының қалыптасуына, қоршаған әлемді танып білуіне, сұлулықты сезініп тұшынуына осылардың бәрі зор ықпал етеді [3].

Қазіргі кезде білім мен ғылымға үкімет тарапынан көңіл бөлініп, студенттерге дәріс беру үшін шет елдерден ғалымдар шақырылуда. Біздің ойымызша шет елдік ғалымдар мен қонақтар елімізде болған күндерінен үлкен әсер алып қайту керек деп ойлаймыз. Бұл жерде де ғимараттарымыздың этно стилде безендірілуі көмегін тигізеді. Бұл тақырып бойынша ұсынылатын біздің кафедра студенттері мен магистранттары дайындаған үлгі жобаларымызда бар.





Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстандағы көркем білім беру саласында көптеген еңбектер жазған Қуандық Ералин ағамыз өзінің «Этнодизайн» оқу құралында этнодизайн термині туралы: «Бейнелеу өнерінің өндіріспен, өнім өндірумен байланысты саласы дизайн болып табылады. Этнодизайн - дәстүрлі өнер бұйымдарын қазіргі дизайнерлік жоба жасау талаптарына сай жана үлгіде дайындалған бұйым» деп түсіндірме береді [4].

Қазақстандағы этнодизайны туралы ғылыми еңбектерде колөнер шебері Мұханбетқали Рахалиев: – Қазақтың киіз үйінің ішкі көрінісі бүгінгі кез келген стильден артық. Олай дейтінім, біздің қазақы интерьер қонақ жайлылықты, кеңдікті, дархандықты көрсетіп тұрады. Ал қазіргі көптеген жаңа типтегі үйлердің төрі қайсы екенін білмейсің кейде. Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы ғой. Ішіне жарық жақсы түседі, шеңбердегі ауа айналымы да талапқа сай. Оның мәнін, пайдасын дұрыс ұғынбайтындар мұрын шүйіре қарайды. Шаңырағы – күн, уықтары одан тараған нұр іспеттес, отбасымыз күндей жарқырап, ұрпағымызға нұр құйылсын деген мағынаны білдірсе керек. Киіз үйдің өзін, ішкі келбетін қазіргі архитектурадан көргім келеді. Алайда негізгі үлгісін, ұлттық ажарын жоғалтып алмаса болғаны. Біз секілді азаматтардың міндеті – ұлттық дизайнымызды насихаттау, дамыту, – деп түйіндейді [5].

Жалпы дүние жүзінде дизайнның екі жүзден артық түрі кездеседі екен. Қазақстанда дизайн саласы кенже дамыған өнер түрі, сондықтан дизайнның төрт түрі ғана даму үстінде: киім дизайны, ішкі көрініс дизайны, баспа дизайны, этнодизайн. Әйтсе де, киім дизайнынан басқасы қазақтың болмысын танытарлық деңгейге жетпеген сияқты.

Этнодизайн саласында еңбек етіп, осы саланың дамуына зор үлес қосып жүрген Аманжол Найманбай ағамыз еліміздегі этнодизайнның қазіргі жағдайы туралы: «Көлік дизайны жоқ елімізде. Тіпті ыдыс-аяққа дейін сырттан келеді. Өйткені өндіріс жоқ. Соны қазір біз зерттеп жатырмыз. Тұтынатын дүниелердің барлығының бізге қатысы бар. Үстіміздегі киім, отырған орындық, жиһаз, шай ішіп отырған шәйнекке дейін дизайн бар. Бір ғана шәйнектің мыңдаған түрі шығарылады. Әрқайсысының авторы бар. Бірақ біз кезінде осыны мойындамадық. Жапонның техникасы, немістердің «Мерседесі» деп құлай жығылдық. Соның кесірінен артта қалып қойдық. Енді өндіріс дизайнның өркендету керек. Менің еңбек етіп жатқан салаларымның біріншісі – мұражай, екіншісі – ұлттық өнер, үшіншісі – дизайн. Қазір ұлттық

дизайн саласы бойынша жастарға дәріс оқып, үйретіп жүрмін.

Бабаларымыздың көзіндей болған қасиетті өнерді ұмыт қалдырмай, өркендету үстіндеміз. Елімізде дизайн саласы біртіндеп дамып келеді. Негізі, дизайн экономиканың көзі, керек десеңіз идеология да. Қазақтың дизайны дүниежүзіндегі прогресті дизайн. Киіз үйдің өзі дизайнның классикалық формасы» - деп өз ойын білдірген.

Әрине этнодизайн тақырыбы төңірегінде сөз қозғалған соң, бұл саланың қалай қалыптасуы мен дамуына да тоқталуымыз керек. Этнодизайнның қалыптасуына қазіргі осы салада жүрген мамандар өз үлесі қосса этнодизайнның дамуы үшін болашақ жас мамандар тәрбиелеу, оларды дайындау мәселесіне тірелеміз. Біз көтеріп отырған мәселеге қатысты көпшілік сын тағатын келесі бір мәселе – мамандарды даярлау. Бірқатар жоғары оқу орындарында дизайн факультеттері бар болғанымен, ондағы оқу бағдарламалары сәулет өнерінің төңірегінде жасалынған. Тағы бір айта кететін нәрсе, дизайн мамандықтарын барлық жекеменшік оқу орындарының барлығында дерлік дайындайды. Жекеменшік жоғары оқу орындарының барлығында оқытушы құрамының біліктілігінің және базасының сәйкестігінің жеткілікті деңгейде емес екендігі барлығымызға аян. Осыдан барып деңгейі төмен дизайнер мамандардың дайындалуы, олардың күні ертең сапасыз, мағынасыз, талғамға сай келмейтін дүниелердің туындатып жататынына алып келеді.

Жоғарыда айтып өткендей дүние жүзіндегі екі жүзден аса дизайн түрлерінің басқа да түрлері бойынша мамандықтар ашу көркем білім беретін жоғары оқу орындарының үлесінде.

Қалың көпшілік түгілі өнер саласында жүрген мамандардың өзі дизайнның түрлерін түрін түстеп, атын атап берулері екі талай. Мұның бәрі ұлттық салт-дәсүрімізді, ұлттық өнерімізді насихаттаудың төменгі деңгейде екенін білдіреді. Шындығында солай. Өз пікірін білдірген өнер жанашырлары – мамандардың сөздерінің жаны бар. Ұлттық идеологияны санамызға сынамаалап алмасақ, құндылықтарымызды өгейсіте береміз. Дизайндың қай саласы болмасын, сол дизайн саласы бойынша орындалған дүние «мынау қазақтікі» дейтіндей болуы үшін еңбек етуіміз керек деп санаймыз [6].

1 Жәнібеков Ө. Уақыт керуен. – Алматы: Жазушы, 1992.

2 Ақпанбек Ф. Қазақтардың дүние танымы. - Алматы: Қазақ университеті, 1993 ж.

3 Еркінбек Г. Қазақ халқы бар жерде ұлттық өнер ешқашан өлмейді. «Дәстүр» журналы, 2014 ж. наурыз-сәуір, №2(33).

4 Ералин Қ. Этнодизайн: Оқу құралы - Түркістан: ХҚТУ Тұран, 2014. - 200 б.

5 <http://kyzmet-gazeti.kz/suhbat/913-l-r.html>

6 <http://alashainasy.kz/culture/amanjol-naymanbay-etnodizayner-murajay-unszdk-kalaytyin-ozgeshe-alem-64017>

**Резюме:** Более семидесяти лет наша страна была частью Советского Союза, и наша архитектура и изобразительное искусство, а также другие аспекты дизайна интерьера стали стилистический однородны. Тогда, как один из четырех углов коробки, как грибы после дождя, высотные здания были построены в Советском Союзе и в том числе и в нашей стране. В этих постройках дизайн интерьера и дизайн зданий были сделаны в одном направлении. В последствии это привело к угрозе потери родного языка многих наций, их обычаев и бытовой жизни, к потере образа в целом.

В настоящее время наша страна обладает суверенитетом, мы начали вновь увлекаться национальным искусством. Хотя имея множество орнаментов подлинного искусства, не было точного образца дизайна национальной идентичности которому можно было следовать. Тем не менее преобладает подражание к Европе, к примеру итальянскому, английскому или же греческому стилю. Это указывает на увеличение вкуса казахстанцев. Следовательно, это обычное явление когда люди, при деньгах делая заказ выбирают стили в новых направлениях как, модернизм, ар-деко, кантри. Это показывает, что подписи наших собственных дизайнеров еще не сформировались. Все вышеуказанные проблемы касаются интерьер дизайн. А как же дизайн в национальном стиле казахов? Ясно что всем становится неловко когда задается этот вопрос.

**Ключевые слова:** Этнодизайн, патриотизм, дизайн интерьера, воспитание, национальные традиции

**Summary:** More than seventy years, our country has been part of the Soviet Union, and our architecture and art, as well as other aspects of interior design became a stylistic uniform. Then, as one of the four corners of the box, like mushrooms after rain, tall buildings were built in the Soviet Union, including in our country. In these buildings interior design and design of the buildings were made in the same direction. Subsequently, this led to the threat of the loss of the native language of many nations, their customs and everyday life, to the loss of the image as a whole.

At present, our country has sovereignty, we started again to get involved in national art. Although having a plurality of patterns of true art, there was no precise sample design of national identity which could be followed. However, the prevailing imitation to Europe, for example Italian, English or Greek style. This indicates an increase in the taste of Kazakhstan. Therefore, it is not unusual when people who have money while ordering choose styles in new directions as modernism, art

deco, country. This shows that our own signature designers have not yet formed. All of the above problems relate to the interior design. But what about the design in traditional Kazakhstyle? It is clear that all feel uncomfortable when asked this question.

**Keywords:** Ethnic design, patriotism, interior design, education, national traditions

## **БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ МАҢЫЗЫ**

**Қ.С. Бейкұтов** – Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Тиірмен қазақ орта мектебінің бейнелеу өнері, сызу және еңбек пән мұғалімі

Автор мақалада жалпы білім беру, студенттерге бейнелеу өнері сабақтарында білім берудің рөлі мен маңыздылығын зерттейді. Қарындаш суреттер, офорт, linocuts, ағашында, литография, плакаттар мен суреттер: Сондай-ақ, автор мектепте бейнелеу өнері негізгі түрлерін оқыту әдістемесін көрсетеді. Автор бейнелеу өнерінің әр түрі оқыту әдістерін өз ерекшелігі бар екенін атап көрсетеді. Демек, бейнелеу өнерінің мұғалімі, ол бейнелеу өнері облыстардың әрбіріне екенін баяндайды. Сондықтан, өзекті мәселелерді бірқатар бейнелеу өнері мұғалімдерінің өзін-өзі жетілдіруі маңызды.

**Кілтті сөздер:** сабақ, бейнелеу өнері, өнер түрлері, маңыздылығы, студенттер

Жалпы педагогика саласындағы гуманитарлы пәндердің ішіндегі бейнелеу өнері пәні басқа пәндерден қарағанда өзгешелеу өйткені оның себебі бұл пәнге креативті тұрғыда қарау керек. Баланы қарындаш ұстағаннан бастап сурет салуға икемдеу және соған бейімдеуге ата – ананың ықпалы да зор. Бала кішкентай кезінен бастап қағаз бетін шимайлаудан бастайды, өзінше бір бейнелерді сомдайды сол шимай арқылы баланың сурет салуға қаншалықты бейім екенін осыдан көруге болады. Ал енді баланы бала бақша жасында бейнелеу өнеріне бейімдеу тәрбиешінің сауаттылығына байланысты. Одан кейін мектеп алды дайындық тобында бала міндетті түрде білім стандартына сай оқытылады, осы кезден бастап педагогикалық және психологиялық іс-әрекеттер жүзеге аса бастайды. Баланың сензитивті кезеңі осы кез, өйткені кез-келген нәрсені тез қабылдап, тез өкпелегіш болғандықтан баланың психологиялық ерекшелігіне ерекше мән беру қажет. Осындай кезде баламен жұмыс істеудің маңызы зор, сурет сала алмай тұрған балаға басқаша жылы көзқараспен қарау керек, баланы тек мадақтау арқылы ғана сен сурет сала аласың, немесе салған суретің керемет десең жетіп жатыр. Ең бірінші сурет сабағында, оқушыға сурет дәптерді таза ұстауға, әрбір сабаққа сурет салатын парақтың жиегіне рамка сызуды үйрету қажет. Сызғыш пен өшіргішті мүмкіндігінше пайдаланбауды және сызық түрлерін (тік, көлденең, ирек, дөңгелек, овал т.б.) сызуды жаттықтыру керек.

Екіншіден оқушыларға парак кеңістігін дұрыс сауатты пайдалануды міндеттей отырып қағаздың оң, сол, жоғары, төменгі орта тұстарын көз мөлшермен қадағалауды меңгертіп, қағаз бетін теңдей етіп екі, үш, төрт, алты, сегіз бөліктерге бөлуге дағдыландыру қажет. Бейнелеу өнері сабағында үнемі кездесетін жайт тақтадағы дайын суретті көшіргенде үнемі қателіктерге ұрындыратын ол бейнені оқушы өте кішкентай немесе үлкен етіп бір шетке орналастыруы мүмкін. Соның үшін ұстаз оқушыға суреттің орындау жолдарын кезеңдер бойынша схематикалы түрде орналастыруды іс жүзінде көрсете отырып, біртіндеп түсіндіргенде, кез-келген оқушының тапсырманы толығымен орындауына мүмкіндік туады. Тақтада көрсеткен тапсырманы оқушының қабылдауы әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан бірінші кезеңнен екінші кезеңге өту барысында, кейбір оқушының жіберген қателігіне байланысты екінші кезеңде, қарапайым және жеңіл түрде көрсету ол мұғалімнің жан - жақты педагогикалық және психологиялық тұрғыда түсіндіру ұстаз біліктілігінің жоғары екендігін көрсетеді. Ендігі кезекте оқушының заттың өзіне қарап бейнелеп орналастыруы жайында айтып өтсек. Мысалы: Құмыра, тоқаш, алма (үш заттан құралған натюрморт). Бұл натюрморттың суретін салу үшін, неден бастап және қалай орналастыру керек деген сұрақ туындайды. Сондықтан оқушыларға түсінікті болу үшін мына төмендегі кезеңдер бойынша атқару керектігін түсіндіреміз.

1. Үш затты салыстыра отырып жазықтық бетін таңдау (сурет дәптер парағын көлденең немесе тігінен пайдалану).

2. Бейне заттың табаны мен бас жағын ықшамдап белгілеу және кеңістікті мөлшерлеп қалдыра отырып орналастыру.

3. Заттарды салыстыра отырып пропорциялы түрде орындау.

4. Заттың формасын геометриялық денелерге келтіре отырып көмекші сызықтарды пайдалану арқылы суретті орындау керек.

Қарындашпен жұмыс жасау ол сызық пен штрихтаудан бастау алады. Бұл жерде сызықтың көлеңке жарыққа байланысты жуан, жіңішке болатынын іс жүзінде тақтада үлгі сурет салу арқылы көрсету керек. Артық сызықтарды өшіріп, бейнелердің контур сызықтарын бастырып болғасын, қағаз бетіндегі суретті акварельмен бояу кезеңіне өтеміз. Бұл жерде заттың түсі мен жарық көлеңкесін ажырата отырып бояу түстерін таңдап үш кезеңмен баспалдақ әдісімен бояу керектігін кезеңдер бойынша салынған үлгі суреттер арқылы, оқушыларға тақтада іс жүзінде мұғалім акварельмен қалай жұмыс жасау керектігін үйрете отырып сабақ түсіндіргенде, оқушы ұстазының істеген ісіне қарап, қызығушылығы артады, мұғалімінің салған суретімен соған бейім оқушының ой-арманы алға жетелеп, суретші болу мақсатының нақты орындалатын нәрсе екенін бірден қабылдайды.

Бейнелеу өнері пәні мұғалімнің жан-жақты сабақтастық үрдісті үнемі пайдалану ол маманның біліктілігін көрсетеді. Ұстаз тақырыпқа байланысты төрт шумақ өлеңді мәнерлеп оқып, кез-келген әңгімені көркемдеп әртістік қабілетпен жеткізіп оқып түсіндіріп, музыка тыңдату арқылы оқушының жан-дүниесін жадыратып өнерге деген құштарлығын арттыру мақсатында жаңаша заманауи әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы ұлттық рухани құндылықтарды оқушы бойына сіңдіре отырып өткен тарихымызбен елдігімізді паш ететін заманға сай болашақ суретшілер жолы мектеп қабырғасынан басталатынын қазіргі ұрпаққа түсіндіру біздің парыз. Бейнелеу өнері түрлерінің ішіндегі баланы жан-жақты ойландыратын бірегейі ол графика саласы, оқушыны тек қана қарындашпен сурет салуға үйрете берсек ол міндетті түрде жалығады сондықтан графика өнерін оқушыға әсер ететіндей түсіндіргенде бала бойында шабытпен, өнерге деген ұмтылыс пайда болады. Бұл графика саласы бірнеше түрлерге бөлінеді олар гравюра, линогравюра, ксилография, литография, плакат, иллюстрация осы түрлеріне жеке шолу жасап өтсек ең бірінші гравюраға келетін болсақ ол беті тегістелген бұтақсыз тақтайшаға бетіне қара бояу жағып, кепкеннен соң салынған сурет бойынша штихел атты ойғыш пен сурет контурымен ойып сурет саламыз мұндай әдіспен сурет салған оқушы әрі қарай ізденетіні сөзсіз, ал енді линогравюра түріне келсек ол одан да қызықтау, линогравюра аты айтып тұрғандай ол кәдімгі күнделікті тұрмысымызда пайдаланып жүрген линолеумға салынған суретті кәдімгі штихел ойғышпен ойып, бетіне қара бояу жағып оны таза қағаз бетіне беттестіріп үстінен каталка дөңгелекпен жүргізіп бастырғанда ол суреттің бейнесі, қағаз бетіне түседі, бұл линогравюра әдісі негізінен көп тиражды сурет шығарғанда пайдаланады.

Бұл әдіспен мектептерде топтар арасындағы жарыстарда біркелкі эмблемаларды жасағандағы таптырмас әдіс. Ксилография ол кітап басып шығару тәсілі, ал литография ол ертедегі тасқа қашап кітап басу әдісі. Енді плакат өнері негізі ол насихат құралы десе де болады, онымен көп жұмыс жасауға мүмкіндік бар, өйткені онымен табиғатты қорғауға, тыныштыққа шақыруға, сыбайлас жемқорлықпен күресуге, білім алуға, еңбек етуге, жолда жүру ережелерін сақтауға, қылмыстың алдын алуға, тазалық сақтауға және де көптеген адам өміріндегі қателіктерді болдырмаудың алдын алатын құрал. Плакатшы суретші болу үшін ол философ, психолог, тарихшы, физик, әдебиетші, ақын, жазушы, математик мамандықтарынан хабардар болу керек. Плакат негізінен екі элементтен тұрады оның біріншісі сурет, ал екіншісі шрифт, жазу әріптері әр суретке тақырыбына сай әріптері соған сәйкес стильде жазылу керек, сол екі элементтің бір-бірімен байланысы үйлесім тапқанда ғана сәтті шықты деуге болады. Сол плакатты қазіргі заманауи компьютерлі техникалар арқылы үлкен көлемде билбордпен банерлерге шығаруға мүмкіндік жеткілікті. Кейбіреулер ешқандай білімсіз ақ компьютермен кез-келген нәрсені жасауға болатынын алға тартады, бұл кереғар пікір үлкен қателік.

Мектептегі білім ол болашақтың бастауы, онсыз өсу де, өрлеу де мүмкін емес, сондықтан кез-келген оқушы мектеп қабырғасынан тәрбие мен білімді қатар алып шығады. Мектептен білім стандартын терең меңгеріп, білімге қызыққан оқушы ешқашан жаман күнде қалмайды. Қазіргі ақпаратты технологиялардың даму заманында, уақытты ұтымды пайдаланған адам ғана жетістікке жете алады. Жалпы қоғамда бейнелеу өнерінің алатын орны ерекше деуге болады, өйткені қазіргі өнеркәсіптің дамуы адамдардың талғампаздығының жоғары дәреже де екендігі айдан анық, мысалы: киімнің жаңаша дизайны, мебель жихаздардың заман талабына сай өзгеруі, машина транспорттың жаңа модельдері, химиялық жолмен шығарылған тұрмыстық бұйымдарға қарағанда, қолдан шыққан қолөнер бұйымдарына сұраныс өте жоғары екендігін ескерсек бұл жерде осылардың бәрі сызу мен бейнелеу өнерінің арқасы. Басқа пәндерге қарағанда мектептегі сызу мен бейнелеу өнері пәнін гуманитарлы деген тіркеспен шеттетіп қана қоймай, сабақ құрлы көрінбейтіні қынжылтады, мектептің абыройы мен намысын асқақтататын осы пән өйткені көрмелерге қатысып жүзделі орындар алатын да, мектепті көркейтіп безендіретін де осы бейнелеу өнері.

Иә, бейнелеу өнерінің тағы бір түрі ол иллюстрация. Сурет салуға бейімді оқушыға бұл сабақ онша қиынға соқпайды. Оқушыларға ең бірінші иллюстрация деген сөздің мағынасын түсіндіріп, одан кейін иллюстратор ол қандай мамандық, оның жұмыс столында не болу керектігін айтып өтсе орынды және

иллюстратордың ой-қиялы жүйрік болу керек, құлағымен естіп, мимен қабылдап, эстетикалық талғаммен дүниенің әсемдігін, өнерлі саусақтарына ырық беріп, естіген немесе оқыған, түйсігіне түйген, әдемі туындыларды дүниеге әкелу нағыз иллюстратордың міндеті. Одан кейін ол әдеби шығарманы оқи отырып, көңілге шын жүрегімен тоқыған адамнан әсем де, әдемі иллюстрациялық суреттер шығатыны сөзсіз.

Біздің заман ағымына сай иллюстратор дайындау, ол қазіргі жас ұрпаққа керек нәрсе, өйткені мұндағы мақсат, кез-келген бала, бала-бақшадан бастап ұялы телефонға жабысып айырылмайды себебі ол үшін балаға қызық, оны соған бейімдейтін кім, ол әрине ата-ана, мұндағы себеп ол балаларға арналған көркем суретті тәрбиелік мәні бар аңыз-әңгімелер, ертегілер туралы кітаптардың аздығы мен жоқтығын айтады, соның үшін халқымыздың бай мұрасы халық ауыз әдебиетіміздің аңыз-әңгімелері мен ертегілері, және қисса-дастандары, лиро-эпостық батырлар жырларының кітапшаларын, ұлттық үрдісте әдемі суреттерімен қарапайым тілде өңдеп көп тиражбен шығарылса, батыстық тәрбиемен уланып бара жатқан жастардың бетін бері қарататын идеологиямыз, осы рухани байлығымыз кітап емеспе. Оның үшін мектептегі гуманитарлы сабақтардың мәртебесін көтеру қажет, ал мәртебесін көтеру дегеніміз ол жас ұрпақтың мәдениетін дамыту, ал мәдениет дегеніміз, ол өнер, сондықтан да өнерімізді бағалай білу керек. Мәдениетті дамымаған ел ол шарасыз ел, сондықтан елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясаты, ол көрегендік. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жасалынып жатқан игі іс-шаралар осы еліміздің өсіп-өркендеуіне аз да болса да өз үлесін қосатын білімді, тәрбиелі және өнерлі ұрпақтарды тәрбиелеп, болашағына бағыт-бағдар беретін мектептегі ұстаздардың еңбегі зор. Мектептегі сызу, еңбек, бейнелеу өнері сабақтарының оқушыға берер ролінің маңызы өте жоғары. Бейнелеу өнерінің ішіндегі мүсін өнерінің қыр-сырына үңілсек, ол баланы еңбекқорлыққа баулып ой түйсігін кеңейтіп, мүсінші болудың қиын да, қызықты екенін сезіндіретін ол ұстаз, кез – келген шәкірттің ұстазы дарынды, талантты болып оқушыны қызықтыра білгенде ғана нәтижелі істерге қол жеткізеді.

Ұлы мұғалім шабыттандырады, демекші осы ұлағатты сөздер бейнелеу өнеріне тікелей қатысты, осы сөздерді жеке талдап саралап көрсек мысалы: жай мұғалім хабарлайды деген ол сурет өнерінен хабары жоқ адам, басқа пән мұғаліміне сабақ жетпеген соң амалдың жоғынан жүрген пенде, ал жақсы мұғалім түсіндіреді деген ол суретті жақсы салуы мүмкін, бірақ теория жағынан олқылық танытады, ал мынау үшіншісі енді керемет мұғалім көрсетеді деген ол өзі сызып, өзі сурет салу әдістерін терең меңгергендігін көпшілікке көрсете білсе, ол сонда ғана нағыз ұстаз екенін мойындауға болады. Енді ұлы мұғалім шабыттандырады деген сөзге келсек ол ұстаз тек қана бір нәрсемен ғана шектелмей, жан-жақты, сегіз қырлы, бір сырлы болу керек ол аузынан майы тамған шешен және жезтаңдай әнші немесе музыкант болу керек. Бейнелеу өнері ол эстетикалық талғамның биік шыңы, суретші дегеніміз ол адамның ой қиялынан туатын болмыстың көрінісін әсемдеп, көркемдеп жеткізе білетін ойшыл философ, ол адам бойындағы сезім пернелерін шертетін күйші, адамның жан дүниесін рахаттандыратын музыкант, тасқа өрмелеп биік шыңды аңсайтын ол альпинист, өткен күннің шежіресін алдыға әкеліп ойландыратын ол тарихшы, жіпке тізіп айта берсек әлі де суретшіге айтар теңеулер жетіп артылады бұны айтып отырған себебім, осы айтылған нәрсенің бәрі болашақ ұрпақтың бойынан табылып жатса ол қуантарлық жайт. Сондықтан мектептерде осындай жан-жақты маман иесі көп болса болашақ ұрпақтың келешегі де зор болады.

**Резюме.** В статье автор рассматривает роль и значение уроков изобразительного искусства в воспитании школьников в системе общего образования. Также автор статьи раскрывает методику обучения основным видам изобразительного искусства в школе: рисунка карандашом, гравюре, линогравюре, ксилографии, литографии, плакату и иллюстрации. Автор подчеркивает, что каждый вид изобразительного искусства имеет свою специфическую особенность методики преподавания. Отсюда, учитель изобразительного искусства сам должен владеть обязательным минимумом знаний в каждой из областей изобразительного искусства. Поэтому в ряд актуальных проблем ставится стремление к самосовершенствованию учителей изобразительного искусства.

**Ключевые слова:** урок, изобразительное искусство, виды изобразительного искусства, значение, роль, учащиеся

**Summary.** In article the author considers a role and value lessons of the fine arts in education of school students in system of the general education. Also the author of article opens a technique of training in main types of the fine arts at school: drawing pencil, engraving, linocut, xylographie, lithograph, poster and illustration. The author emphasizes that each type of the fine arts has the specific feature of a technique of teaching. From here, the art teacher himself has to own an obligatory minimum of knowledge in each of areas of the fine arts. Therefore in a row actual problems the aspiration to self-improvement is put teachers of the fine arts.

**Keywords:** lesson, fine arts, types of the fine arts, value, role, students



## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ МҮМКІНШІЛІКТЕРІ

**З.О. Өнербаева** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясы кафедрасының доценті, п.ғ.к.,

**Ж.Құдықызы** – І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің магистрі

Бұл мақалада білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде болашақ мамандарды дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білімді алу үшін қажетті жағдайлар жасау туралы жазылған.

**Кілтті сөздер:** ағартушылық, ақпарат, бұқаралық, құндылық, парасат, мүдде

Қазіргі қоғамдағы адамның жарқын болашағы білім және ағартушылықпен тікелей байланысты боп отыр. Осыған орай, бұқаралық ақпарат құралдары да қызыметтерінің біріне кіретін білім беру және ағартушылық бағытқа ерекше зер салып отыр, осы саланың дамуына атсалысуы тиіс. Бүгінгі қоғамды ақпараттық құралдарсыз елестету қиын, өйткені олар халықпен бүкіл қоғамдық өмірмен бірте қайнасып кеткен. Дүние жүзінде болып жатқан оқиғалар тек осы әр тілдегі, әр бағыттағы ақпарат құралдары өкілдері арқылы таралып жатады.

Әрине қай қоғамда болмасын бұқара ақпарат құралдар өкілдеріне кімді, нені жақтаймын, қандай маселені көтеремін деседе еріктері, өйткені, демократиялық бағыттағы үкіметтің ұстанған саясаты осындай. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Жастардың бойында құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастыру керек, оның негізінде еңбексүйгіштік, ар-намыс, парасаттылық, өзін-өзі тұрақты жетілдіруге ұмтылыс және оқу, тәртіп сияқты қасиеттер жатқаны жөн» деп қазіргі жастардың бойында аса қажетті құндылықтарды тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру керектігін және оны білім мен тәрбие беруді дұрыс ұйымдастыру арқылы қалпына келтіру керектігіне мән беру қажеттілігін ерекше атап өтті. Сондай-ақ елбасы, қазіргі кезде бұл құндылықтарды жастар мен жасөспірімдердің бойында қалыптастыру үшін әртүрлі іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізу керектігін айта отырып, әсіресе *бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалына* үлкен мән берудің тиімділігіне және оның бұл мәселелерді жүзеге асыруда аса маңызды құрал екендігіне тоқталды [1].

Қай кезеңде болсын қоғам талаптарына лайықты азаматтар тәрбиелеу үлкен жауапкершілікті қажет ететін үрдіс екені белгілі. Кез келген ақпарат таратушы ұйымдар өзіндік идеологияға қызмет етеді. Мысалы, республикалық “Егемен Қазақстан”, “Халық және Президент” газеттері, “Қазақстан”, “Хабар” телеарналары, Қазақ радиосы сияқты ұжымдар мемлекеттік мүддені насихаттайды. Әсіресе бұқаралық ақпарат құралдағы теледидардың білім беру функциясының маңыздылығын бағалай білмесек, бұл еліміздің ғылыми бағытта дамуына және алға ілгерілеуіне үлкен тежеу болмақ. Білім қымбат, білу қиын деп халқымыз бекерден айтпаған. Осы орайда, теледидардың білім беру үрдісіне елеулі үлес қосуына бет бұру барлық елдерде алдыңғы мақсаттардың біріне айналуға. Жиырмамыншы ғасырдың аяғында бүкіл әлемде оқыту және білім беру телеарналарын дамыту үрдісі басталады. Мысалы, бір ғана Жапонияның өзінде өзінде 35 білім беру телеарналары болды. Бұл мемлекетте білім беру және оқыту бағдарламалары теледидардың негізгі бағыттарының біріне айналған. Ал АҚШ-та 500 ден астам оқыту, білім беру телебағдарламалары негізгі арналарда беріліп тұрады. Сонымен қатар АҚШ-тағы мұндай бағдарламаларға мемлекеттік барлық университеттері, тіпті, ұлттық әуе-ғарыш агентігі де белсене атсалысып отырды [2].

Әлем бойынша білім беру – оқыту бағдарламаларын құру жұмысына ірі ғылыми, білім және мәдениет орталықтары, кітапханалар мен мұражайларда қосылған. Әлеуметтік зерттеулердің мәліметі бойынша, оқушылар көгілдір екiран алдында күн сайын 4-7 сағатын жұмсайтыны анықталды. Бұл өскелең ұрпақтың өмірлік ұстанымдарын теледидардың да қалыптастырып жатқандығын көрсетеді. Осы себепті, қоғамдағы теледидардың білім беру функциясын дамытудың маңыздылығын ескере отырып, тақырыптың өзектілігіне көз жеткіземіз.

«Тәрбие беру де, білім беру де ажыратылмайды, - деп Л.Толстой ерекше атап өткен. Білім бермей тәрбие беруге болмайды, ал кез- келген білімінің тәрбиелеуші әсері бар». Теледидар бүкіл қоғамға білім беруі тиіс. Ол мектеп оқушыларымен қатар басқа да аудиторияларды қамтиды. Ғылыми білімдермен қатар қоғамдық, тұрмыстық білімді де таратады. Білім беру теледидарын тек оқытуға бағытталған мектептің деңгейіндегі білімді таратушы деп қабылдау оның әсер ету кеңістігін, тақырыптық аясын тарылтады.

Білім беру теледидарындағы бағдарламалардың арқасында ағартушылықтың әсер ету кеңістігі молайып, уақыт тұрғысынан шектелуі жойылды: үйде, жұмыста, әлемнің кез келген алыс түпкірінде де білім алуға мүмкіндік туды. Бұрындары мектеп қабырғасымен шектелетін білім теледидардың көмегімен әлдеқайда үлкен кеңістікке шығуда.

Білім беру теледидарының маңызды функцияларының бірі - көрерменге қажет ақпаратты жеткізу. Ақпарат адамның күнделікті өмірінде күннен-күнге маңызды орынды иеленуде. Сол себепті көптеген телекөрермендер өзін қызықтыратын сала бойынша тың ақпаратқа назар аударып отырғанды жөн көреді (денсаулық саласына қатысты жаңалықтар, қаржы, технология мәселесіне қатысты жаңалықтар, т.т.) [3].

Оқыту телебағдарламалары - мектеп және жоғарғы оқу орныдарының оқыту бағдарламасына кіретін белгілі бір ғылыми пәннің көрнекі оқулығы іспеттес. Мұндай телебағдарламалардың жас ерекшелігіне қарай өз аудиториясы нақтыланылады. Оқыту фильмдернің ғылыми-танымал және деректі фильмдермен салыстырғанда мақсатты аудиториясы болады. Ал білім беру телебағдарламаларының мақсаты – көрермендердің білім деңгейін жоғарылату. Мұндай бағдарламалардың тақырып аясы кең. Ол көрермендерге мәдениет, ғылым, өнер, қоғамдық өмір туралы белгілі бір ретпен мәліметтер береді.

Ғылыми-танымал теледидар болса, көрермендерге ғылым және техникада болып жатқан маңызды жаңалықтар жайлы ақпарат беруді ғылыми жетістіктерді насихаттауды, жаңа ғылыми идеялармен бағыттарға қолдау көрсетуді, көрерменнің эстетикалық талғамын қалыптастыруды (музыка, әдебиет, театр, сурет т.б.) мақсат тұтады. Бір сөзбен айтқанда, көрерменнің ғылыми көзқарасын қалыптастырады.

Теледидардың мәдени-ағартушылық қызметінде журналист мәдени ақпаратты ғылыми тұрғыдан ғана емес шығармашылық тұрғыдан да толықтырып, эстетика мен эмоция элементтерін қосып жеткізуге тырысады.

Ғылыми-танымал бағдарламаларды белгілі бір сала бойынша бастапқы білім дәрежесі бар мақсатты аудиторияға бағытталған оқыту және білім беру бағдарламаларынан ажырата білу керек.

Оқу телебағдарламалары ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың бір түрі ретінде оқу теледидарының дамуымен тығыз байланысты.

Оқыту теледидарының оқулықтардан артықшылығы – оның эмпирикалылығы. Яғни тек теориямен шектелмей, тәжірибе жүргізіп, көрнек түрде жеткізуге мүмкіндік береді [4].

Мектептерге арналған теледидардың мақсаты дәстүрлі білім беру жүйесін жою емес. Оқыту теледидары мұғалімнің орнын баспайды. Керісінше оған көмекке шығады. Ешбір бұқара ақпарат құралдардың дамуы оқушы мен оқытушы арасында көзбе-көз байланысты алмастыра алмайды. Сол себепті, білім беру теледидары мұғалімді ауыстыруы, оған «телеконкурент» ойлап шығаруы мүмкін деген жаңсақ пікір, ол тек мұғалім жұмысының тиімділігін арттырады.

Ағартушылық теледидарының міндеті - заманауи және классикалық өнер мен мәдениет туралы телевизиялық энциклопедиялар шығарып, көрерменді осы салаға тарту. Сонымен қатар ағартушылық бағыттағы бағдарламалардың өз талаптары бар:

Біріншіден, бағдарлама белгілі бір саланың білікті мамандары қатыстырылған, жаңа мәліметтер мен ғылыми білім қоры бар маңызды бағдарлама болуы тиіс;

Екіншішіден, бағдарлама өнер туындысына ұқсатылып жасалынуы тиіс және өз драматургиясы болуы керек.

Үшіншіден белгілі бір білімнің жүйесі ретінде әр бөлімі логикалық реттілікпен құрылуы тиіс.

Теледидардағы ағартушылық турлы жанрларды пайдаланады. Мысалы: мұражай не зертханалардан репортаж, ғалымдар мен мәдениет адамдарынан сұхбат, алу, т.т. Мұражайдың ішінде, көрмелерде, атакты жерлерде жүргізілген телеэкскурсиялар миллиондаған адамдарға елдің рухани және материалдық мәдениеті, тарихи мұраларымен көзбе-көз танысуға мүмкіндік береді.

Сахналау арқылы тарих беттеріндегі адам бейнелерін, соғыс сәттерін шындыққа лайықтап құру да көрнекілік береді.

Қазақстан телеарнасындағы білім беру бағдарламаларының дамуын, тарихын талдай отырып, оқыту бағдарламаларының саны күннен-күнге азайып келетініне көз жеткізуге болады. Бақылап қарасак, көптеген елдердің арналарында білім беру бағдарламаларын рекреациялық қызмет атқаратын білім беру бағдарламаларының әлдеқайда жеңіл, үстіртін жасалатын түрі күннен-күнге ығыстыруда.

Теледидар мен мектеп арасындағы қарым-қатынас шым-шытырыққа толы. Көгілдір экран оқушының ғылым саласында дүниетанымын кеңейтуге үлес қосуымен қатар, қажетсіз, тіпті санасын улайтын ақпараттармен де қанықтырып жатыр. Мысалы, «XX-ғасыр көшбасышысы» бағдарламасын көрген бір оқушы кей салада мұғалім естімеген тың ақпаратты қабылдап келсе, бір оқушы «Алпамыс мектепке барады» немесе «Менің атым Қожа» фильмдеріндегі кейіпкерге еліктеп жүреді. Бала деген - сезім тал, жел қалай соқса соған қарай майысады деп халқымыз бекерден айтпаған. Өскелен ұрпақтың өмірлік

ұстанымдарына, ой-санасына, рухани дүниесіне теледидар тікелей әсер ететіндігіне әр уақытта көз жеткізе аламыз.

Аристотельдің «Метафизика» атты еңбегінде былай делінген: «Барлық адамдар табиғатынан білімге құштар. Сезіп білу арқылы жаңа мәліметтерді қабылдауға талпыну оған дәлел бола алады. Әсіресе көру қабілетіне біз басқа сезу қабілеттерімізбен салыстырғанда көбірек мән береміз. Себебі көре білудің басқа сезімдерден біздің танымымызға зор әсер ете білетін өз артықшылықтары бар».

Көру қабілетінің адамзат өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығын одан кейінгі зерттеулерден де байқай аламыз.

1933 жылы Дж. Гибсон классикаға айналған тәжірибе жүргізді. Бұл тәжірибе көре білудің басқа қабілеттерден алдыңғы қатарда екендігін дәлелдей түседі. Ол тәжірибеге қатысушылардың көзіне түзу затты қисық етіп көрсететін линза кигізіп, қолдарына түзу сызғыш ұстатқан. Тәжірибеге қатысушылар сызғышты қолында ұстап тұрғанына қарамастан, көргендеріне сеніп, сызғыштың қисық екендігін растаған. Көздерін жұмып ұстатып сұрағанда сызғыш түзу деген жауап қайтарса, линзамен қаратып сұрағанда сызғыш оларға қисық болып көрінгенімен қоймай, қисық болып сезілетіндігі байқалған.

Кейінірек Т.Бауэр өз зерттеулерінде сәбилер өмірінің алғашқы айларынан бастап-ақ көру бейнелерін қабылдап қана қоймай, есте сақтайтындығын да дәлелдеген.

Оқытудың Түрлі әдістерін сомдаған зерттеушілердің көпшілігі оқу үрдісі барысында қабылданатын ақпараттың 90 пайызға жуығын адам көру қабілетінің көмегімен алады деп санайды. Дж.Брунер мен Ж.Пиже еңбектерінде осы мәселе негізге алына отырып, нәрестенің алғашқы өмір жылдарындағы танымы интеллектуалды мүмкіндіктерінің өсуіне маңызды рөл атқаратынын атап өткен.

Бұл зерттеулердің нәтижелері теледидар үстемдік еткен дәуірде, әсіресе зор мәнге ие. Жаңа заманның балалары теледидарды 2 жастан бастап-ақ тамашалауға кіріседі бұл көгілдір экранның да бала үшін өзіндік тың әлемге жетелейтін өмір айнасына айналатынын байқатады. П.Уитти зерттеулерінде келесі мәліметтерді келтіреді бастауыш мектептің оқушылары теледидарды аптасына 15-75 сағат көрсе, жасөспірімдер шамамен 25, ал жоғарғы сынып оқушылары - 12-14 сағат тамашалайды [5].

Тыңдарманға мағлұмат беру, жаңалықты жеткізу, мәлімет тарату мәселелері электронды журналистикада өзіндік сүрлеуін тапқан. Сенсация тудыру шеберлігін де отандық журналистер үйрену үстінде. Тиянақты ой, шешімді түйін, ұсыныс пікір қалыптастыру дәрежесі де жоғары деңгейде қалыптасуда. Алайда, көптеген журналистерде мәселені көтеру, аудиторияға жеткізу бар да оны шешу жолдарын көрсету, бағытын ұсыну жағы кемшін тартуда. Қоғамдағы шешімін таппай жатқан жағдайларды көру, айту керек. Ал оның шешілу жолын тиісті орындармен келісе отырып көрсетуге тырысқан хабарлар рейтингісі асқақтайтыны ақиқат. Түйіні табылмай жатқан мәселелерді күр айта беру халықты тығырыққа тіреитін факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан да отандық журналистер нақты, жүйелі бағыты айқын ұсыныстар, идеялар бере отырып, қотамдық мәселелерді шешуге атсалысқандары орынды. Үйткені, өз өмір сүріп отырған қоғамымыздың гулденуіне, дамуына тікелей әсер етуші факторлардың негізгісі осы - электронды БАҚ. Егер халқымыз жұмыла жұмыс атқарып, жастарымыз шетелдің арналарды емес, өз арналарын сүйсіне қарайтын күніде туады.

1 Назарбаев Н.Ә. «Жас отан» жастар қанатының I съезінде сөйлеген сөзі. Егемен Қазақстан. 2008, 16 мамыр.

2 Егемен Қазақстан. - №8, 1-наурыз 2008 ж.

3 Баширова Ж.Р., Төлешиова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2003, - 60 б.

4 Бұқаралық ақпарат құралдар өркениеттік өлшем негізгі. //Шоңбай А.Н// ҚазҰУ хабаршы философия сериясы 2009. - №2 - 144-147 б.

5 Электронды бұқаралық ақпарат құралдардың қоғам дамуындағы маңызы. //Клара Қабылғазина// ҚазҰУ хабаршы. Журналистика, Баспа ісі, Жұртшылықпен байланыс сериясы 2011. (30)2 - 54-57 б.

**Резюме.** В этой статье главная задача образований национальной и гражданской ценностей, на основе достижений опыта и науки формировать, развивать и профессионального навыки.

**Ключевые слова:** образование, информация, СМИ, стоимость, причина и общие интересы.

**Summary.** In this article, the main task of the national entities and civil values, based on the achievements of science and experience to shape, develop and professional skills.

**Key words:** education, information, media, value, reason and common interests

## ЖАРЫҚ ПЕН ТҮСТІК БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ҚАЗЕТТІЛІГІ

**Р.Б. Мизанбаев** – *Абай ат. ҚазҰПУ, Шығармашылық мамандықтар кафедрасының профессоры, п.ғ.к.*

Бұл мақалада автор живопись өнерінің теориялық және методологиялық мәселелеріне кең тоқталады. Әсіресе, жарықтың түске әсері, оның практикадағы маңыздылығы туралы сөз болады. Адам баласының тәжірибесінен табиғи денелерді күнделікті өмір тіршілігіне пайдалана жүріп, адам қабылдауында оның сана сезімінде, кейбір дене түстері өзгеріссіз қалып отырады. Бұны психологияда қабылдаудың константтылығы немесе тұрақтылығы деп аталынады, яғни түсі арқылы танытын денелер көрінісін – жергілікті немесе дене түсі деп те аталады. Студенттердің бейнелеу өнерінде әсіресе кескіндеме саласында қабілеттерін арттыру үшін, төменде айтылған теориялық мәселелерді меңгерумен қатар, практикалық іс әрекеттерге ерекше көңіл бөлген жөн.

**Кілттік сөздер:** Жарық, түс, бейнелеу өнері

Перспективалық көріністер (сызықтық және ауа) полотно жазу процесінде оны ұйымдастыру, топтастыру, құрастыру барысында негізгі факторлық қызмет атқарады. Олардың факторлық қызметі суретшінің кеңістіктегі қызметі кездерде де көрінеді. Айталық, интерьердегі натюрморт жазу барысында, алдыңғы топтағы денелерді соңғы қатардағы көріністермен сәйкестендіру, бірге бір жүйеде үйлестіру. Демек, сәуле жарығы мен денелер арасындағы байланыс бейнелеу өнерінде үлкен маңызы бар мәселе, яғни контрасты құбылысты туғызады. Табиғатта контрастың екі түрі бар: түс және рең. Реңдік контраст кара дене мен ақ дененің жарық арқылы байланысынан туындаса, түс контрасты әртүрлі бояулы денелердің айырмашылығынан шығады. Бейнелеу өнерінде маңызды контраст ол – жылы түсті бояумен суық бояулар арасындағы қатынастардан пайда болған карама-қайшы түстер. Контрасты түстердің салыстырмалы заңдылығынан негізгі және қосымша бояу түстері пайда болады. Суретшілер өз ойларын картинаға түсіру барысында контраст құралдарын орынды пайдаланады. Табиғи ортада көптеген контрастық үйлесімдер кездеседі (кара мен ақ, қызыл мен жасыл) сонымен қатар нәзік, әзер байқалатын контрастар (түрлі-түсті бояулардың бір-біріне жақын түрлері). Көбінесе суретшілер қолынан туған еңбектер табиғаттағы денелерге жақын келіп жатады. Табиғаттың осындай ерекшелігін Делакруа кезінде байқаған «В природе все контраст». Шынында солай, табиғаттағы қандай бір көріністі карамайық, бір дене кара, енді бір дене ашық түстес, үшіншісі өте айқын түстес, төртіншісі бір-бірімен бояу түрінде жақын нәзік байланыста т.с.с. Осындай әр тектес, көп түстес денелер біздің көру сезімімізді байытады. Суретшінің міндеті осы көп түстес денелерді дұрыс қабылдап өз картиналарына реңдік, түстік қатынастарды үйлестіре, бірлестіре көрсете білуі. Живопись өнеріне оқытуда студенттерді нұсқаны дұрыс қабылдауда, жұмыс процесінде реңдік, түстік шешімін табуы басты роль атқарады. Живописі бейнелеудің қандай бағыттары бар, кеңістіктегі денелер бір-бірімен қандай байланыста болады, жалпы живопись өнеріндегі «көзді бағыттау» (постановка глаза) мәселесін қандай жолдармен шешуге болады? Бұл туралы ойларда әр өнер мектептеріндегі белгілі ұстаздар әртүрлі пікірлер айтып келеді.

Біреулері студенттерге бояу түстерін танымдылығын арттыруымыз керек десе, екіншілері реңдік түстік қатынастарды танып, соның арқасында дененің көлемін, формасын үйретуден бастау керек дейді. Живопись өнерінде реңдік қатынастарды кезінде өз тәжірибесінде көп зерттеген Н.П. Крымовтың жазба еңбектерінен құнды материалдарды кездестіреміз. Ол студенттермен жұмыс барысында, олардан нұсқаны барынша таза қарап қабылдауларын талап етумен қатар, олардың көру қабілеттерін (дене түсі, реңі, жарықты) дамытуға баса назар аударуған. Ол өзінің бір еңбегінде былай деп жазады: «Живопись – это передача видимого материала. Как же написать картину, чтобы она получилась живописной? Надо написать беря отношения одного предмета к другому. Где большая ошибка? Если вы соврете в цвете, или если соврете в тоне? Конечно, если соврете в тоне. Что держит картину? Тон. Мы знаем картины, которые написаны двумя-тремя красками. Но благодаря очень верному тону они производят хорошее впечатление. Если же мы будем писать одним цветом, не передавая разности тонов, то у нас получится чушь» [2.35].

Суретшілер тәрбиелеуде алдымен живопись өнерінде реңдік қатынасты меңгеру мәселесін Н.П. Крымовтан кейін алға тартқан суретші-педагог Д.Н. Кардовский болды. Ол суретшілер реңдік қатынасты толық меңгермейінше, бояу түске баруларына ерте деп есептеледі. Сонымен қатар түрлі-түсті бояумен жұмыс алдында, студенттерге бір түспен (грисайль) жұмыс жүргізуді ұсынды. Реңдік қатынастарды оқып үйрену, игеру мәселесін көптеген ірі суретші-педагогтар еңбектерінде де кездестіреміз: П.Чистяковтың, И.Репиннің, Б.Иогансонның т.б. Көрсетілген авторлардың ойлары, олардың ғасырлар

бойы жинаған практикалық тәжірибелері бізге живопись өнерін игеруде гризайль техникасынан бастауға жол сілтеді. Оның үстінде біздің пратикалық тәжірибеміз, көп жылғы студенттер еңбегін бақылауымыз, гризайль техникасын живописке алғашқы курстардан бастағанымыздың дұрыстығын дәлелдейді. Бір бояу түрімен жазып үйренудің тиімділігі, төмендегі жетістіктерге алып келді. Дененің формасын шығаруда қабілеттерін дамытса, екіншіден жарықтың дене бетіндегі, кеңістіктегі орналасу ерекшеліктерін түсіндірді. Жоғарыда айтып кеткендей, біздің дене түсін, оның кеңістіктегі бейнесін қабылдауымыз – жарық сәулеге оның түсу күшіне тығыз байланысты. Жарық сәуле денеге түскен бойда, бізге оның құрылымы, түрі, түсі және «пластикалық қасиетін де» көрсете алады. Жарықтың әсіресе түстер қабылдау түсіну мағынасында атқарар маңызы зор. Физика оқулығынан белгілі бізге көрінер дене түстері, ол дененің шағылысу құрылысынан болатындығы мәлім. Жарықтың спектрлық сәулелерінің арқасында және денелердің әртүрлі өзіне бояу түстерін шығару қасиетінің арқасында, кез келген дене түсін, реңін, тани аламыз. Күннен шыққан жарық сәуле ақ денелерден ақ түсті қабылдайды. Қара дене (бархыт) керісінше барлық спектр сәулелерін бойына тартып алады да, кері қарай шағылыстырмайды. Сондықтан қара денелерді қара түсте қабылдаймыз. Қызыл түсті дене өзінің бойына барлық спектр сәулелерін тартып, тек қызыл спектр сәулесін өзінен кері қарай шағылыстырса, ал керісінше суық дене өз бойына жылы түсті спектрлі сәулелерді сіңіріп, өзінен тек суық түсті сәулені шығарады.

Ғасырлар бойы адам тәжірибесінен табиғи денелерді күнделікті өмір тіршілігіне пайдалана жүріп, адам қабылдауында оның сана сезімінде, кейбір дене түстері өзгеріссіз қалып отырады (қызан - қызыл, қияр - жасыл, қар - ақ, лимон - сары т.б.). Бұндай құбылыс психологияда қабылдаудың константтылығы немесе тұрақтылығы деп аталынады, яғни түсі арқылы танитын денелер көрінісін – жергілікті немесе дене түсі деп те аталады. Дегенмен бейнелеу өнерінде түс танымдары басқа мазмұнда басқаша түсінікте қарастырылады. Суретшілер үшін түс, рең, дененің көрінісі жылжымалы ауысып тұратын категорияға жатады. Күн сәулесінен шыққан жарық, табиғи денелерге түскенде олардың түр түсін көрсетумен қатар, жергілікті немесе дене түстерін өзгертіп жіберуі де ықтимал. Бұндай құбылыс түрі жағынан түрлі-түсті денелерде бір-біріне жақын немес қабаттас орналасқан мезгілдерде байқалады. Күн сәулесі түскен денелер түстер көрінісімен жасанды жарық (электр шамы, пілте шамы, от) түскен дене көріністері арасында, бір шама алшақтық бар. Күндізгі жарықта оның спектр сәулелерінен жылу қуатын шығарып, табиғат денелерін жылы түске ендірді. Ал, кешкі мезгілдерде, яғни күн сәулесіндегі жылу қуатында суық түстес спектр сәулесі кемігенде, табиғаттағы объектілер көрінісінде қызыл-сары бояу түстері молаяды. Ақ қабырға, ақ бұлттар сары-қызыл рең тартады. Бұлтты күнде керісінше жылы түсті бояу, түс, реңдерді жоғалтып, оның орнына сұр немесе суық түсті бояу қатынастары көбейеді. Сонымен жарықтың өзгеру салдарынан дене түстері де белгілі бір өзгерістерге ұшырап отырады. Осы өзгеріске ұшыраған көріністі психологияда аконстантты көрініс деп аталады.

Леонардо да Винчи өз заманында табиғи құбылыстарды зерттей келе, онда жарық көлеңке, дене түстерінің жарыққа байланысты өзгеруі т.с.с. жан-жақты ізденіс жұмыстарының нәтижесінде алғаш рет денелердің шағылысу заңдылықтарын анықтап, осының негізінде живопись рефлексті туралы ілімді қалыптастырады. Бұл заңдылықтың негізгі ашық аспан астындағы денелердің барлығына атмосфераның тікелей қатысы бар. Бояу, түс, табиғат денелердің әрқайсысында болуы шартты мәселе. Енді осы дене түстері кейбіреуі бізге анық таза көрінсе, екіншісі көмескі, бұлыңғыр болып танылады. Бұлардың әрқилы көрінуі жарықтың түсу күшіне байланысты екенін айта келіп, Леонардо да Винчи жарық пен түс екеуі бір-бірімен тығыз байланыста болатынын көптеген тәжірибелер арқасында дәлелдеді. Суретші қандай жарықты пайдаланып картинасын жазбасын, барлық кезде ойланып отырып жұмыс жүргізу қажеттігін ол бірнеше рет жазды: «художник, который рисует так, как видит глаз, без участия разума напоминает зеркало, которое отражает любой поставленный перед ним предмет, не познавая его» [1.131]. Ол өз ойын бірнеше рет практикалық тәжірибе жүзінде дәлелдеп көрсетті. Солардың бірі-ақ қағаздың әрбір сәуле түсін қабылдайтыны анықталды. Бұл жерде ескерте кетуіміз керек, табиғатта дене түсінің өзгеру құбылысын бір суретші білсе, екіншісі білмей жатады. Жақын немесе алыс орналасқан дене түстерінің өзгеру құбылыстары жөнінде жаттығулар жүргізіп, осы төңірегінде қабілетті молайтқан артық болмайды. Мысалы табиғат көрінісін бейнелеу сәтінде, аспаннан түскен суық түс табиғаттағы барлық денелерде болуы шарт, сол сияқты ағаштардағы, шөптердегі, жердегі жылы түстес реңдер аспан суық түстеріне енуі міндетті. Осындай құбылысты, яғни жылы-суық түстердің бір-бірімен байланысын қазіргі заманның фотосуреттерінен байқауға болады. Суретшінің күнделікті практикалық еңбегінде мына бір мәселені естен шығармау қажет, яғни қолданатын материалдың (бояулар) қандай мөлшерде бейнелеу қабілетінің жететіндігі. Табиғи дене аумай дәл шығу үшін (жарық күші, бояу қанықтығы т.б.), белгілі дәрежеде олардың пропорционалдық қасиетін табу қажет. Осы мәселені анықтауда, яғни жарық күшін, оның дене

түсіне түскендегі қатынасын профессор А.А. Унковский төмендегідей екі мысалды келтіреді. Эюдте бейнеленген қабырғалы үй, онда қара мата ілініп, оған 140.000 люксті күн сәулесі түсірілді. Ақ қабырғадағы жарық 600 есе артық болған көлеңкедегі қарамен салыстырғанда олардың қатынасы 1000:1 есе немесе одан да артық болған болар еді. Бұл әрине, арнайы аппаратпен табиғаттағы өлшем көрінісі, ал бейнелеу өнеріндегі жарықтың күші ашық пен қараның ара қатынасы 20 есеге тең көрінеді. Сонымен, суретшілер табиғаттан эюд немесе картина жазғанда, табиғаттағы жарық күшін картинаға жүз есе кемітіп түсіреді де, ал ымырт, кешқұрым мезгілдегі табиғи көрінісін, оның жарығын бірнеше мың есе ұлғайтып түсіреді.

Демек, суретші табиғаттағы жарық түс рең көріністерін дәл сол қалпында бере алмайды, керісінше кейбір жерде бояу жарығын күшейтіп, кейбір тұста кемітіп, табиғаттағы шын бейнеге жақын алып бейнелейді. Өнер практикасынан белгілі дененің түсі, реңі шағылысу процесінде жарық күшімен қандай деңгейде байланыста болатындығы анықталынған. Олар:

1. Ымырт, кешқұрым кезіндегі жарық, ол-біркелкі, реңдік, түстік қатынастары төмен. Суық түсті бояулар жылы түске қарағанда ашық түрде қабылданады.

2. Таң алдында шыққан күн сәулесі мен батар кезіндегі күн сәулесінің жарықтың күші 500 люкске тең, яғни реңдік қатынастар анық, ашық қабылданады, түрлі түсті денелер қызыл рең тартады.

3. Түске жақын мезгілде денелердің реңдік, түстік қатынастары жарығы жоғары контраста көрінеді. Бұл мезгілде дене түстерінің қанықтығы өте жоғары сапада байқалады.

4. Таң түс мезгілінде адам көзі дене түсін, реңін өз қалпында қабылдай алмайды. Түрлі-түсті денелерді толықтай ажырата алмайды, барлық көрінісін күн сәулесінің өткірлігінен ақшыл тартып бірдей көрінеді.

5. Қараңғы түнде түс те, рең де жалпы бір деңгейде келіп, барлық денелер сұр-қара колоритке енеді. Егерде натюрморт денелерін көмескі-көлеңкелі жерге орналастырсақ, онда барлық денелер бір-бірімен үйлесіп, ашық түсті дене байқалмайды.

Алайда, дене түсінің қаттылығы, әлсіздігі немесе оның жарық арқылы өзгеру құбылысын білу, оны меңгеру жеткіліксіз. Нұсқаны көру, қабылдау, оны кенеп бетінде дұрыс шығара білу түстің үш қасиетінен тұрады. Олар: дене түсі (цветовой оттенок), қанықтылық (насыщенность), түстің жарық күші (светлота).

Қорыта келгенде студенттердің бейнелеу өнерінде әсіресе живопись саласында қабілеттерін арттыру үшін, жоғарғыда айтылған теориялық мәселелерді меңгерумен қатар, практикалық іс әрекеттерге ерекше көңіл бөлген жөн. Себебі жұмыс атқару барысында жіберілген қателіктерін түсінгенде ғана, олардың дұрыстығын практика барысында іске асырғанда ғана, нәтижелі еңбектерге жеткізуге болады.

*1 Мастера искусств об искусстве Т.5 – стр. 331.*

*2 Н.П. Крымов – художник и педагог. Статьи, Воспоминания. - М.: Изд-во АХСССР, - 1960, - стр. 35.*

**Резюме.** В данной статье автор рассматривает теоретические и методологические аспекты живописи. Практическое отношение света и цвета к применению практической деятельности художника-живописца. Использование природных объектов повседневной жизни опыт человеческой жизни, люди на приеме собственного достоинства, некоторые цвета тела остаются неизменными. Этот психологический konstantlıǵı или цвет называется стабильность признанным органом под названием местный колорит или внешний вид. Для улучшения способности учащихся в области изобразительного искусства, особенно живописи, которые перечислены ниже, а также на приобретение теоретических вопросов и практических действий, особое внимание должно быть уделено

**Ключевые слова:** свет, цвет, искусство

**Summary.** In this article an author examines the theoretical and methodological aspects of painting. Practical attitude of light and color toward application of practical activity of artist - painter. The use of natural objects of everyday life experience of human life, people at the reception of self-worth, some body colors remain unchanged. This psychological konstantlıǵı or the color is called the stability of the recognized body called local color or physical appearance. To improve students' abilities in the field of fine arts, especially painting, are listed below as well as the acquisition of theoretical issues and practical actions, special attention should be given to.

**Key words:** light, color, art

УДК 81'374

## FOOD NAMES IN IDIOMS OF KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES

**Т.Ж. Тажиева** – *әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің магистранты*

The given article focuses on one of the most important and interesting themes of linguistics: the idioms which exist in every language and represent the principal problems of language. The article is devoted to the food lexicon used in the Kazakh and English idioms in which we can come across various food names deal with the national culture peculiarities of traditional cuisine. In the course of comparative study of food idioms in the Kazakh and English languages the similarities and differences were revealed in the lexical and semantic structures of idiomatic phrases.

**Key words:** food lexicon, food idioms, national culture, traditional cuisine, idiomatic phrases


In most languages, phrases are created by the labouring people and the local people during their daily life, so naturally, the words that describe the necessities people use or the food they eat are used frequently in idioms. Because of the special living conditions and the geographical situations, people like eating food that can provide them enough energy, calories and high nutritious.

Food in the Kazakh culture is a very big part of the heritage, a way of respecting guests and of celebrating. When sitting down to eat with a Kazakh family one can be sure of two things: there will be more than enough food to eat, and there will be meat, possibly of different types. That's why we can notice a large amount of idioms containing meat in the Kazakh language. In daily life Kazakhs eat some of Kazakh national dishes, but have borrowed some from the Russians, Ukrainians, Uzbeks, and Turks that we live among. Daily meals for Kazakhs usually are very hearty, always including bread and usually another starch such as noodles or potatoes and then the meat. Bread and seasonal fruits and vegetables are served with almost every meal. Tea is an integral part of life in Kazakhstan. Many people sit down and drink tea at least six or seven times a day. Every guest is always offered tea, if not forced to stay and drink some. Tea is almost always consumed hot, as people in Kazakhstan think that drinking cold beverages will make one sick. Soft drinks, beer, and other drinks are drunk cold but never too cold, for fear of sickness. Tea drinking habits vary between Englishmen and Kazakhs. Englishmen drink their tea in teacups filled to the brim with hot tea. Kazakhs drink their tea in small wide-mouthed saucers called *piala* that they never fill more than halfway (usually only a quarter full). The intent is that the tea should never get cold, and the passing of the empty cup by a guest or a family member to the woman pouring tea serves as a way to keep them interacting, a way of showing respect. Kazakhs take tea drinking very seriously, and the ritualistic brewing, drinking, passing, and refilling of teacups take on a real rhythm and beauty when observed [1, 56].

Kazakhs are both very traditional and superstitious and thus have a multitude of food and drink taboos. As Muslims, Kazakhs do not eat pork. We do not mention its name in any idiom or proverb. This is a general rule, followed much more closely in the villages than in the more secular cities. Kazakhs also have great respect for bread. It should never be wasted or thrown away and should always be placed on the table right side up. Kazakhs will often forbid you to leave their house unless you have eaten at least some of their bread, even if it is just a small crumb. Bread takes a great role both in Kazakh and English cultures [1, 63].

As all we know people used food names in creating new idioms and phraseologisms. In the process of research of food idioms we can notice which products were more valuable to Kazakh people in the past. Not only in the past, but also in present and the future: people will follow their choices and tastes will be the same anytime. From the cultural aspect it can be noted that food takes a significant role in every nation's culture. Only the functions of some food can vary due to the differences in cultures. For this article we have randomly chosen 100 food idioms in the Kazakh and English languages. They were investigated from the linguistics point and classified into semantic groups. Also we looked at the word frequency and found which food names are used more in idioms of two languages.

Below the different types of food vocabulary and the percentages of usage of some particular food names in the Kazakh idiomatic phrases are presented in a diagram.



Picture 1. Percentage of food names in idioms in the Kazakh language

As you can see from the chart food names: *pie*, *water*, *milk*, *oil*, *honey* are frequently used in the Kazakh idioms. *Water* takes 22% of all 100 idioms we took for this study. Here we can see some examples of food idioms in the Kazakh language. We didn't give their English versions as they can lose their meaning in the process of translating:

*Honey*: Бал жаласып кетті, бал сорған арадай, бал тандай, бал шекердей сөз, бал шырын.

*Apple*: алма бет, алма мойын, аршын төс.

*Soup*: Сорпаға шығарды, сорпалығы бар, сорпаны қыдыртты, сорпасы араласпаған.

*Meat*: ет жақын, ет жемесе де сорпа ішкендей болды, етке шықпады, етпен қайнап, сүйекке сінген.

*Butter*: майға жықты, майдан жақты, майдай жұғып, судай сінеді, майда қолмен ұстады, майлы қасықтай болды, май шелпек етті.

*Salt*: тұз арам, тұзын татты.


*Water*: судай жаңа, судай сапырды, судай суық, оттай тетек, судан тұнық, сүттен аппақ, судың да сұрауы бар, сауырдан су төгілмес, су жұқпас, су жүрек.

*Others*: ас шығынын көтерді, асын ішіп, аяғын тепті, жұмыртқадан жүн қырыққан, жүрегі май ішкендей кілкілдеді, жүрекке ас батпады, көзі қарақаттай.

As we can see from the 1-picture meat takes a big part of it. Here we can note that meat is not only the favourite food of Kazakhs and but also of English people, they prefer beef, mutton, chicken, and game meat. Englishmen usually use fruits in preparing every meal, and they also like drinking wines such as beer, grape wine and liquor. Toasted bread is made as their main course, and if there are pudding, soup, ham and fresh vegetables, that would be a wonderful dinner.

Below in the diagram the word frequency of food names in English is presented where we see that *meat* takes 4% of English food idioms which were investigated by us. Also we can notice *eggs*, *cake* and *pie*, *apple* and *soup* with high percentages.





Picture 2. Percentage of the food names in the English idioms

Except various wines, the western people also like drinking milk and tea. They even make such a kind of habit as a part of their life. Fixed time is one of their characters in every afternoon; English people will choose a suitable place and enjoy the beautiful afternoon with some friends under the warm sunshine with a cup of mixed milk-tea. All of these eating habits have a close relation with the particular geographical conditions. The Great Britain is an island country with large area of oceans around, and the warm temperature and marine climate make this place good for the growth of the grass, and for the development of stockbreeding. Because of the long coastline of England, their lives cannot be kept without the Marine Fisheries. The fast pace of the modern life makes the fast food popular in American's life. Hamburgers and hotdogs can be found in every restaurant and snack stall with steaks, fried chicken, seafood and salad. After every meal, dessert will be prepared, and this part always contains: apple-pie, cheese cake, chocolate, ice-cream, sundae and so on. These words not only can be used to describe food but also own the characteristic of a certain nation.

Examples of English food idioms: bread and butter, to earn one's bread, to butter up, a hot potato, a couch potato, over-egg the pudding, to have all your eggs in one basket, a piece of cake, cream of the crop, salt of the earth, cry over spilled milk, milk and honey, etc.

That is to say, these words not only own their conceptual meaning, but also have abundant figurative meaning and reflected meaning [29, 65].

The Silk Road was a major trade and travel route that ran through present-day Kazakhstan between Asia, the Middle East, and Europe in ancient times. Present-day Kazakh cuisine includes some Uzbek, Russian, and Korean foods mainly found in cities. Traditional Kazakh foods reflect the nomadic peoples and also Middle Eastern influences. Horsemeat and mutton are the most common foods. Middle Eastern methods of preparing and seasoning rice, vegetables, kebabs (skewered meat), and yogurt have been added. Although Kazakh cuisine has some Russian influence (and viceversa), the Russian people living in Kazakhstan have generally retained their native culture and cuisine.

Hospitality is an important part of Kazakh culture. A Kazakh host will feel offended if a guest does not have some refreshments, or at least a cup of tea. Refreshments might include dried and fresh fruits (grapes or melon), nuts, cakes, or boursaks (a type of bread). They also may be offered some fermented kymyz (milk from a female

horse) to drink. Tea and kymyz are served in a piala (Asian teacup) or a wooden bowl. A guest is usually offered a place of honor at the table.

All the food names in the phraseological units are strongly connected with national peculiarities, national values, stereotypes, social life, way of life of people, patriotic feelings and with the roots of ancient descendants.

The food idioms of two comparative, non-related languages have differences in food names and it depends on the national values. Idioms are generalizations of human experience. Above all, they are the fruit of observation and inductive reason of each nation. They were created according to peculiarities and distinctions of the definite nation and were passed from mouth to mouth, from generation to generation.

The present day English and Kazakh cannot be considered full of value without phraseological units, as the use of idioms is the first sign of a certain language's developing. And as we learn the English language, we should explore their geography, history, religious belief, living custom, etc. Moreover, the most interesting way of studying these things are comparing with your mother language. Idiomatic phrases along with the proverbs and sayings enrich the language and the knowledge of idioms signal that the speaker knows the language on the level of a native speaker. Through studying we see there are many differences and similarities between English-Kazakh food idioms.

1 Baker M. *In Other Words*. – 2<sup>nd</sup> ed. – Lnd: Routledge, 1992. – 320 p.

2 *Cambridge Idioms Dictionary* – 2<sup>nd</sup> ed. – Cambridge: Cambridge University Press, 2006. – 869 p.

3 Muller V.K. *New English. Russian Dictionary*. – 1<sup>st</sup> ed. – Издательство “Русский язык”, 2000. – 765 p.

4 *Longman Dictionary of Contemporary English*. – 5<sup>th</sup> ed. – Pearson Longman, 2009. – 510 p.

5 Шингарева М. Языковые картины мира в призме пословично-фразеологического фонда языка // *Простор*. – 2006. - №4. – Pp. 15-20.

6 Logan S. *English idioms. Words and Idioms* // London. – 1928. – 166 p.

7 Кунин А.В. *Курс фразеологии современного английского языка*. – 1-ое изд. – М., 1996. – 98 с.

**Түйін.** Берілген мақала кез келген тілдегі маңызды орын алатын фразеологизмдерге арналған. Тағам фразеологизмдері бір біріне ұқсамайтын, екі түрлі тілдік жанұяға жататын екі тілде зерттелді, сонымен қатар қазақ және ағылшын тілдеріндегі қолданысының ұқсастықтары мен айырмашылықтары аталды. Зерттеуде тағам фразеологизмдері ұлттық-мәдениеттік аспектіден қарастырылып, белгілі бір тағам атауларының қолданыс жиілігі екі тілде салыстырмалы түрде анықталды.

**Кілтті сөздер:** тағам лексикасы, тағам идиомалары, ұлттық мәдениет, фразеологизмдер

**Резюме.** В статье рассматриваются фразеологизмы с использованием названий пищевых продуктов в казахском и английском языках, которые представляют собой интересный материал для сопоставительного исследования. Идиомы с использованием пищевой лексики всегда отличались богатым разнообразием в выборе источника информации о традиционной культуре народа. В ходе исследования, пищевые идиомы были рассмотрены в национально-культурном аспекте и были выявлены сходства и различия использования некоторых конкретных названий продуктов питания в двух языках, связанных с метафоризацией и символизацией национальной пищевой традиции.

**Ключевые слова:** пищевая лексика, пищевые идиомы, национальная культура, фразеологизмы

ӘӘЖ: 373.016:75

## МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРҒА МӘДЕНИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

**Б.Н. Мусабаев** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Өнер, мәдениет және спорт институтының  
6M010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығының II курс магистранты. Алматы қ-сы

Мақалада автор мектепте бейнелеу өнері сабақтарында оқушыларға мәдени эстетикалық құндылықтарды оқытып, тәрбиелеудің мәні мен оның қоғамда алатын орнын қарастырған. Тәрбиенің педагогикалық мәселелері - психологиялық эстетикалық, этникалық, дүниетанымдық, дала даналығы философиялық проблемаларды да қарастырады. Яғни, өнер тарихы мен теориясын және талғам, сезім, эмоция, рационалды және иррационалды ой-сана, мазмұн мен форма секілді философиялық категориялармен тығыз байланысты болып келеді. Бұл бейнелеу өнері шығармаларын көркем-эстетикалық пайымдау, қабылдау, бағалау, талдау мәселелеріне қатысты түсінік болып табылады.

**Кілтті сөздер:** мәдениет, ақыл, білім

Бүгінгі таңда жалпы мектептерде бейнелеу өнері арқылы оқушыларды көркем мәдени-эстетикалық құндылыққа баулуда және тәрбиенің маңыздылығын арттыруда халықтық өнерді рухани -мәдени құндылық ретінде зерттеудің, оның тәлім-тәрбиесі, мол тәжірибесі негізінде оқушыларды тәрбиелеудің маңызы артып отыр.

Жастарға ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге үмтылғанмыз жөн» [1]. Олай болса, басты мақсат - жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу керек.

Біз айтып отырған «Мәдени» ұғымы «Мәдениет» ұғымынан алынғын, бұл ұғым тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Мәдениет ұғымын алғаш рет ғылыми тұрғыдан анықтауға тырыскандар философтар болды. Бірақ, өкінішке орай, XVIII ғасырға, яғни ағартушылық кезеңіне дейін, басты құндылық - «адам мен оның ақыл-ойы» деген қағида жүзеге асқанға дейін «мәдениет» сөзі белгілі бір мойындалған термин ретінде қолданылмады, бар болғаны жаңа ұғымдардың синонимі ретінде ғана пайдаланылады. Бізге үйреншікті болып кеткен «мәдениет» ұғымының тәрбие мен біліммен байланыстылығының тамыры да көне заманда жатыр. Білімсіз және тәрбиесіз адам еш уақытта мәдениетті бола алмайтыны ақиқат, ендеше білім мен тәрбие барлық халықтар мәдениетінің қайнар бұлағы болып табылады. Сонымен бірге мәдениет сөзі «құрмет тұту, сыйлау, құрметтеу, табынушылық» деген мағыналарға да ие.

Бүгінгі таңда ғылыми еңбектерге жүгінсек, мәдениеттің 250-ден астам аңқтамасы бар екені айтылады. «Мәдениеттің әр түрлі тұрғыдан қарастырылуы, мәдениет мәселесіне деген үлкен қызығушылықтан туса керек. Оған дәлел ретінде 1964 жылдары батыс әдебиетінде мәдениетке 257 анықтама берілгендігі жөнінде америкалық мәдениеттанушылары А.Кребер мен К.Клахконның мәліметтерін келтірсек те жеткілікті сияқты. Ал одан кейін қаншама уақыт өткендігін және дүниедегі болып жатқан мәдени өзгерістерді есепке алсақ, мәдениет ұғымының шеңбері бұрынғыдан да кеңейе түсті» [2].

Өсе келе қалыптасатын жас ұрпаққа қасиетгердің бәрі бізге тәрбиемен келеді. Қоғамның дамуы, жаңаруы жағдайында жас буын оқушылардың зиялы қауымның болашақ өкілі ретінде жан-жақты әрі үйлесімді жетілуі үрдісінде, оларды бейнелеу өнері арқылы мәдени-эстетикалық құндылыққа баулудың маңызы ерекше.

Мәдениет туралы XX ғ. гуманисті Альберт Швейцер былай дейді: «мәдениет дегеніміз адам баласының және бүкіл адамзаттың прогресінің жиынтығы, ал бұл прогресс индивидтің рухани жетілуге ықпал тигізуі тиіс. Өйтпеген жағдайда, бұл прогресс мәдениетке апармайды» [3]. Яғни, бұл прогресс адам баласының рухани жетілуінің белгісі болып табылады және солай болуға тиіс. Прогресс дегеніміз тек ғылыми техникалық прогресс емес, керісінше, рухани дүниенің, қазынасының, болмыстың өркендеуі болуы тиіс.

Әр халықтың ұлттық өзіндік болмысы тарихи тұрғыда қалыптасқан. Тек толыққанды және жалпы-адамзаттық мәнге ие ұлттық дәстүрлі мәдениет қана халықты жойылып кетуден сақтайды, өйткені **дәстүрлі мәдениет** этностың шығармашылық әлеуетінің басты дәріптеушісі, тарихи дамудың негізгі мақсаты. Ол басқа халықтардың біздің ұлттық дүниетанымымызды, рухани-материалдық құндылықтарымызды түсінуіне мүмкіндік береді.

**Қазақ халқының этникалық тәрбие жүйесінің мазмұны** өте терең, әрі бай, ондағы әрбір тәрбие формалары мен құралдары, әдіс-тәсілдері тұлғаның қалыптасып, дамуына ықпал етеді. Дәстүрлі тәрбие жүйесінің осы құрылымдық компоненттері тұлға бойында, ең алдымен адамгершілік-имандылық сапаларын, экономикалық, экологиялық біліктерін, эстетикалық талғам, түсінігін, еңбекке деген сүйіспеншілігін, ақыл-ойын, ұлттық дүниетанымы мен өзіндік сана-сезімін, ұлттық рухын және т.б. тәрбиелеп, қалыптастыруға бағытталады.

**Адам бойындағы мәдениеттің негізгі көрсеткіші – сөйлеу мәдениеті** деп түсінген халық «сөзге» аса мән беріп, сөйлеу мәдениетіне биік талаптар қоя білген. **«Сөздің көркі-мақал», «Мағынасыз сөз болмайды, мақалсыз ел болмайды»,** - деп айтылар ой-пікірдің әрі қысқа, әрі нұсқа болуын ескерткен. **«Сөз тас жарарды, тас жармаса бас жарарды», «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле», «Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер»,** - деп орынды сөйлеуге, сөздің қадірін гүсінуге, әрбір айтылатын сөзге жауапкершілікпен қарауға шақырған.

Сөз адам санасының салмақтылығын анықтайтын, ақылы мен білімінің, дүниетанымының, мінез-құлқының, этикалық-эстетикалық талғамының басты өлшемі деп түсінген дана халық жас ұрпақ тәрбиесін жүргізуде сөз өнерін жетілдіруге, тіл мәдениетіне баулып, тәрбиелеуге аса назар аударған. **«Аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман елді былғар», «Ішімдегінің бәрі - тілімде, тілімдегінің бәрі – түрімде»** және **«Жақтырмаған жүре сөйлеседі. жарамсақтанған күле сөйлеседі», «Ми ойлағанды, тіл**

тындырады», «Сөзі райлының - жүзі шырайлы», «Қарағым деген жылы сөз, тон болып тәнді жылытпаса да, жанды жылытады», - деп жастарды ескертуден жалықпаған [4].

«Эстетика» - сөзі гректің «эстетиз» сөзінен алынған, ол «сезімтал», «сезінуші» деген ұғымдарды береді. Жалпы, эстетика - адамзаттың қоғамында эстетикалық тұрғыда меңгеруші заңдылықтары, әсемдік немесе сұлулық заңдары бойынша өнердің мәні мен түрлерінің сыры туралы ғылым. Эстетика бұдан екі жарым мың жыл бұрын күл иеленушілік қоғамда - Мысырда, Вавилонда, Ундістан мен Қытайда пайда болып, кейінен антикалық Греция мен Ежелгі Римде кеңінен дами бастады.

Өнер, көркем шығармалар эстетика пәніндегі өнердің мәні мен заңдылықтарын зерттей келе, эстетика барлық арнайы, теориялық және тарихи ғылымдармен, сонымен бірге, өнер туралы ғылымдармен де тығыз байланыста екендігіне көз жеткізуге болады. Алайда, эстетика - философиялық ғылым. Себебі, ол адамзаттың шындыққа эстетикалық, қарым-қатынасының заңдылықтарын зерттейді. Эстетика философияға ұқсас, өмірге көзқарасты қалыптастыратын ғылым ретінде өзінің алғы шарттарын шешуде қоғамдық өмірде эстетикалық сана мен өнерді алдыға қояды.

**Эстетикалық мәдениет** – өз халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып-үйрену, бүкіл адамзаттың тарихында жасалған материалдық және рухани байлықтар негізінде жас ұрпақты әсемдікке, ізгілікке баулу күйі екендігі белгілі. Эстетикалық мәдениеттің құрылымы көпжақты болып келеді.

Грек философы Демокриттің мынадай айтып кеткен сөзі бар: “Қандайда бір өнерді, не бір ғылымды оқытудың менгеруге болмайды” [5].

Мектеп те бұл шындықтан тыс қалуға мүмкіндігі жоқ. Біз жеткіншек ұрпақты білімді етіп қалыптастыру үшін әлемдік мәдениетпен де, қазір таңда жаңа қарқынмен заман сұраныстарымен үйлесе дамып келе жатқан ұлттық мұрамызбен де таныстыру, барынша тереңірек мағлұмат беру мүмкіндіктерін ескеруге тиіспіз. Бұл мәселенің бір жағы болса, оның екінші жағы “жақсы мен жаманды”, “келіссіздік пен үндестікті”, “жоғары мәдени үлгі мен талғамсыз дүниелерді” ажырата білуге, осыларға өзіндік ұстанымын қалыптастыруға жағдай жасау. Оқушының бойында эстетикалық келістілік, жарасымдылық, талғампаздылық қасиеттерімен бірге оның білімін мағлұматтылығын жетілдіру, эстетикалық қасиетке ынтасын орнату, ықыласын қалыптастыру, ол жөнінде өз пікірін білдіре білуге үйрету қазіргі заман талабына сәйкес келеді деп ойлаймын. Осы жағдайда, әрине эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Олай дейтініміз өнерді, оның құндылықтарын бағалауда және көркемдік образ сомдауда қалыптасқан өзіндік “заңдылықтар” болады. Ол заңдылықтар өнерді “жақсы-жаман”, “әдемі - әдемі емес”, бейнелеу өнеріне қатысты “ұқсас-ұқсас емес” деген критерийлермен анықталады.

Енді осы реалистік өнер заңдылықтары мен критерийлеріне деген бірден-бір позициялық, соның ішінде социалистік реализм тұрғысынан алғандағы талап-тілектерге жаңаша көзқарастар қалыптаса бастады. Оның орнына жаңа құндылықтар жетекші орынға шықты. Соның ішінде әртүрлі формадағы абстракциялық композицияларға, өзіміздің дәстүрлі өнерімізді ұғу, меңгеру барысындағы рухани бастауларға ықылас байқалады.

Адамзат мәдениетінде халық өнерімен тұтас сабақтастықтан пайда болған көркем шығармалар ерекше құндылықтар қатарында тұрады.

Қазақстан бейнелеу, мүсін және сәулет өнерінде кейінгі жылдары өте жоғары қарқынмен дамып келе жатқан киім үлгілерін модельдеу өнерінде де халық өнерімен синтезде байланыс іздеу, табиғи шығармашылықтың негізгі көзінің біріне айналды. Суретшілер С.Мәмбеев, А.Ғалымбаева,

Г.Исмайлова, С.Айтпаев, Е.Сидоркин еңбектерінде осы дәстүрді көру қиынға соқпайды.

90-шы жылдардан кейін бейнелеу өнері әлеміне суретшілердің жаңа буыны, бейнелеу өнерінде жаңа ағымдар пайда болды. Ә.Сыдыханов, Ғ.Маданов, А.Иханова, Ж.Үмбетов, А.Меңілбаева, Н.Өтепбаев. Осы суретшілердің бәрін біріктіретін шығармашылықтарындағы ортақ тақырып мәдениеттегі ұлттық тамырларға саналы түрде бет бұру. Ұлттық мәдени құндылықтар шығармашылық жұмыстардың арқауы болды. Бейнелеу өнері негізінде эстетикалық тәрбие мәселесін педагогикалық мәселені қарастырған кезде біз әрине алдымен осы түсініктің өзіне анықтама жасап аламыз. Қазіргі кезде “эстетикалық тәрбие” дегеннің орнына “көркемдік тәрбие” деген сөз тіркесі көп қолданылады. Ол түсінікті де. Себебі “көркемдік тәрбие” - бағытталған, нақты проблема. Біздің жағдайымызда ол бейнелеу өнері арқылы оқушының біліктілігін арттырып, іскерлігін жетілдіреді. Сондықтан “көркемдік тәрбиенің” мағынасы спецификалық өрісі бағытында тарайды. Шын мәнінде “эстетикалық тәрбиенің” мағынасы кеңірек. Ол көркемөнер шығармасын неғұрлым терең түсініп, оған баға берумен бірге өзіндік ұстаным қалыптастыруды көздейді. Сондықтан мұнда көркемдік тәрбие компонент ретінде ғана орын алады. Тәрбиенің педагогикалық мәселелері психологиялық эстетикалық, этникалық, дүниетанымдық, дала даналығы, философиялық проблемаларды да қамтиды. Ол өнер тарихы мен теориясын, сонымен бірге талғам, сезім, эмоция, рационалды және иррационалды ой-сана, мазмұн мен форма секілді философиялық категориялармен тығыз байланысты.

Бұл бейнелеу өнері шығармаларын көркем-эстетикалық пайымдау, қабылдау, бағалау, талдау мәселелеріне қатысты түсінік. Осыған байланысты эстетикалық тәрбиенің ауқымы кеңіп, мазмұны тереңдей түседі.

1 Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» халыққа жолдауы.

2 Мәдениет туралы - О культуре // Қазақстан Республикасының заңы. - Алматы, 2000. - 36 б.

3 Швейцер А. Культура и этика. - М.: Прогресс, 1973.- 398 с.

4 Мәдениеттану негіздері, 23, 32-33.

5 Овсяникова М.Ф., Зись А.Я., Ваислов В.В. История эстетических мыслей 3 т. - М., 1988. - 34-бет.

**Резюме.** В данной статье автор рассматривает особенности культурно-эстетических ценностей в процессе ИЗО уроках, а также его роль в обществе. Педагогические проблемы воспитания, психологических, эстетических, этнических, обеспечивает познавательные проблемы в области философской мудрости. Иными словами, история и теория искусства и вкуса, чувства, эмоции, рационального и иррационального мышления, философской, таких как формы и содержания, тесно связаны с категориями. Произведения искусства и художественного и эстетического понимания, принятия, оценки, анализа и комментария по этим вопросам.

**Ключевые слова:** культура, интеллект, образование

**Summary.** In this article an author examines features in a civilized manner - aesthetic values in the process of IZO lesson. Pedagogical problems of education, psychological, aesthetic, ethnic, provides cognitive challenges to philosophical wisdom. In other words, history and theory of art and taste, feelings, emotions, rational and irrational thinking, philosophy, such as the form and content are closely related to the categories. Works of art and artistic and aesthetic understanding, acceptance, evaluation, analysis and commentary on the issues.

**Key words:** culture, intelligence, education

УДК -398,8

## **ЖАСТАРДЫ ӨЗ ТІЛІН СҮЙІП, ҮЛКЕН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

**Қ.Б. Намазова** – *Абай атындағы ҚҰПУ, «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының доценті, Құрметті профессор*

Бұл мақалада елбасымыздың жастардың «Отанды сүю, қазақ тілін құрметтеу» тақырыбында өткізген жолдауы жайлы айтылады. Мақалада Елбасының жастарға арнаған жолдауының тәрбиелік мәні, жобаның маңызы, жастарды тәрбиелеудегі алға қойған талаптары жайлы айтылады. Отандық қазақ тіліне аса көңіл аудару жағы ескертілген.

**Кілтгі сөздер:** жаңғырту, қарқын, басымдық, сәйкестендіру, ұтқырлық, прагматикалық, елжандылық, кемел ой, стиль, шоу, қыран, қорғасын, дөрекі, мүдде,эфир, құрдымға, рух

Елбасымыз өз жолдауында: «Біз соңғы 20 жылдан астам уақытта қоғам өмірінің барлық салаларына өте жоғары жаңғырту жүргіздік. Көптеген елдерде 100, тіпті 150 жыл керек ететін істерді атқардық», деп атап өтті [3-б.]. Тәуелсіздік жылдары мемлекетіміз жоғары қарқынмен дамып келеді, бұл - даму стратегиясын нақты белгілей алған мемлекеттің ғана бағындырар белесі. Соңғы жылдары әлемдік өркениет талабына сай өріс алған ірі реформалар қатарында білім беру саласында ерекше жұмыстар атқарылып жатыр. Әр мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі ғылым мен білімнің дамуымен өлшенеді. Білім мен ғылым – еліміздің ең басты байлығы. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деп талап қойған.

Елбасы сауаттылық мәселесінің қазіргі заманда әлдеқайда тереңдей, күрделене түскенін атап кетті. Білім, ғылым саласындағы негізгі басымдықтарды саралап берді. Бірақ кейбір жоғарғы оқу орындарында білім мен ғылым салалары ұстаздарының көтеріле алмай жатқандары білініп жатыр, олардың әлі кеш қалып жатқандары жанға батады, өйткені олардан сұраныс, талап ету жай жүруде және жуан білекті таныстарының арқасында ертерек орналасып алғандарды орындарынан қозғау қиынға түседі емес пе?

Елбасы білім мен ғылым саласына тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап көңіл бөліп, оларды әлемдік талаптарға сәйкестендіру мәселелерін міндеттеген. «Қазақстанда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» да Елбасы тапсырмасымен қабылданып, жүзеге асырылуда. Қазіргі кезде елімізде білім мен ғылым дамып, ТМД елдерінде әлі қолға алынбаған: электронды оқыту, білім сапасына ұлттық деңгейде бақылау жасау, академиялық ұтқырлық, жан басына қарай қаржыландыру, жұмыс берушілермен жоғары оқу орындарының жаңа мазмұндағы әріптестік байланыс орнату мәселелері оң нәтижелерін беруде.

Қандай мемлекет болмасын, оның қарышты дамуы заман талабына сай еңбек етіп, қызмет атқара

алатын мамандардың кәсіби біліктілігіне байланысты болу керек. Сондықтан, сөздеріне сене салмай сол орындарда отырған басшыларды жиі тексеріп, сараптамадан өткізіп тұру қажет. Ол басшы қайдан келді, қалай басқарып отыр, деп студенттерден де жиі сұраныс болса, кішкене болса да ол басшыға жауапкершілік тудырар еді. Елімізді әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру туралы биік мақсат қойып отырған Елбасы жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға баса назар аударып келеді. Қазіргі кезде әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылуға бағыт алған мемлекетімізде ғылымның дамуына ерекше көңіл бөлуде [4-б.]. «Жаңа технологиялық толқын, теңдессіз инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны түсінуге тиіспіз. Сондықтан бізге өте шынайы, барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн. Біз шығыны көп емес зерттеулер мен әзірлемелерге ден қоюға тиіспіз», деген Елбасы. ХХІ ғасыр мамандарын даярлауда мәдени-рухани өрлеуі мен жаңғыруына үлес қосатын орта болып қызмет атқаруы заман талабы. Елбасы жолдауында көтерілген мәселенің бірі – жаңа Қазақстандық патриотизм. Өз Отанына деген сүйіспеншілік пен сенім әрбір қазақстандықтың жүрегіне ұялаған кезде ғана біз өз елімізді гүлдендіре аламыз. Отансүйгіштік пен елжандылықтың бастау бұлағы - ел ішіндегі ауызбірлік пен түсіністік, ынтымақ пен бірлік. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан ел ғана өзін мемлекет ретінде сақтап қорғай алады, әлемге танылған мемлекет ретінде танытады. Бұның жарқын көрінісі Елбасымыздың кемел ойы, кемеңгерлік шешімімен өмірге келген – Қазақстан Халық Ассамблеясы.

2013 жылдың 24-сәуірінде өткен Қазақстан Халық Ассамблеясының мерейтойлық 20 сессиясында Мемлекет басшысы елімізде қалыптасқан бейбітшілік пен түсіністікті сақтап, оны қорғау негізгі міндет екендігін ерекше атап өтті. Елбасымыздың саясатын жүзеге асыру жолында қызмет ету - барлық қазақстандықтардың азаматтық, перзенттік парызы [6-б.].

Жаңа Қазақстандық патриотизмді дамыту үшін еліміздің кеңістігінде орын алған елеңіз жағдайлардың алдын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар құрылуы тиіс. Жастарды жақсы істерге тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдары қажет, қазіргі таңда елімізде ақпараттық технология саласы даму үстінде. Соңғы жылдары Елбасымыздың тапсырмасымен «Мәдениет», «Білім», «Балапан» сияқты телеарналар, ал Астанада Медиаорталық ашылды. Қазақстан телеарнасы хабарларды толығымен қазақ тілінде жүргізе бастады, бірақ телеарналардың көбі шетел стильдерін қайталап, рейтинг қуалап, арзан, сапасыз хабарлар көрсетіп жүргендері белгілі. Қазіргі телеарналарда жастардың ойын терең дамытатын, қиялын өсіретін, адамгершілік пен инабаттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейтін хабарлар, өтірік емес жоқтың қасы.

Ертеректе үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету, ата-ананы сыйлау сияқты қасиеттерді дәріптейтін бағдарламаларды көріп, көрермендерге ой салатын, мәні мен мағынасы терең хабарлар болатын. Өкінішке орай, қазіргі заманда теледидарды қосып, келешек ұрпаққа мына бағдарламаны көр, деп тәрбиелей алмайсың, өйткені теледидарда арзан күлкі, шулаған шоу, қазақты мазаққа айналдырған дөрекі әзілдер көп көрсетіле бастады, мұндай бағдарламалар үлкендерді де жалықтырып, артық теледидарға көз тікпейтін болды. Мұндай бағдарламалар келешек ұрпаққа қауіпті, ұлттық мүддемізге жат көріністерді насихаттайтын атысқа, зорлық-зомбылыққа, шетел серияларын жиі көрсетіп, батыстық өмір салтын, мәдениетін біздің жастардың санасына құйып насихаттаулары басым болып кетті. Жастайынан теледидардан қорқыныш пен зорлық-зомбылықты, азғындықты көріп өскен жастардың санасының дамуы тежеліп мінездерінде қатігездік, еріншектік пен немқұрайлық пайда болатынын, сонымен қатар бұрын болмаған қылмыстардың көбейіп кетуін ғалымдар зерттей отырып, ескертуде. Бұл-қоғамды іштей бүлдіріп, үлкен қатердің болатынын сездіріп отыр. Өйткені, тілі шыға бастаған сәбилеріміз бен бүкіл Қазақстан тұрғындары көз алмай күні-түні теледидар алдында, сонда мұндай бағдарламалардан қандай пайда келіп, неден, қалай үлгі алатындарын кім біледі?

Ал «Телерадио хабарларын тарату туралы» заңның ақпараттар таратуы мемлекеттік тілде өтілмей, әлде де орыс тілі басым болып жатқаны жанға батады. Эфирді толтыру үшін орыс тіліндегі ақпараттар күндіз жүргізіліп, қазақ тіліндегі ұлттық рухты, әлеуметтік-танымдық хабарлар аз және бола қалса ондай хабарларды түн ортасы ауа бастағанда немесе жұрт ұйықтап жатқанда көрсетеді. Сондықтан, ұрпақ тәрбиелеудегі теледидардың қуат күшін, бұқаралығын, халқымызды адамгершілікке, имандылыққа, отансүйгіштік пен патриоттық сезімге тәрбиелеуге, еліміздің ақпараттық кеңістігінде орын алған келеңсіз жағдайлардың орнын алуға бағытталған кешенді іс-шаралар қабылдану өте қажет.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай, жоғалмайды» деп, қазақ тілінің ұрпақтан ұрпаққа жетуінің құндылығын айтып кеткен. Қазақ тілінің құндылығы мен қадірлілігі: тағдыры талай талқыға түссе де тамыры құрғамай, құрдымға құламай қазірге жетіп, тәуелсіздігіміздің жаршысы болғандығы айтылуда. Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясында айтылған мемлекеттік тілдің беделін арттыру жолындағы берген тапсырмасын мүлтіксіз орындау ниетінде құрылтай ұйымдастырылған. Елбасының : «Дауға салса алмастай

қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен!» деген сөзіне жүгініп, тіл білімі саласындағы педагогтар мен мамандардың сапасын арттыру, оқушылар мен студенттердің сауаттылығын қалыптастыру, жоғары оқу орындарындағы педагогикалық құрамының деңгейін көтеру мәселелеріне жан-жақты тоқталды және қазақ тілінің балабақшадан бастау алып, қазақ тілінде оқытылатын мектептердің саны азаттық алғаннан бері мыңнан асқанын атап кетті. Үштүғырлы тіл, өзге этнос тілдері туралы да тиянақты ойын ортаға салып, маңызды міндеттерді атады.

Осы өткен құрылтай мемлекеттік тілге жаны ашып, жыртысын жыртып, сөзін сөйлеп жүрген рухы мықты жандарды бір серпілтіп тастады. Қазақ тілін өз елімізде ғана емес, әлемдік деңгейге көтерейік, Отандастар!!!

**Резюме.** В этой статье, Глава государства молодых людей "любить Родину, уважение к казахскому языку" должен сделать с сообщением, состоявшейся. Статья посвящена молодежи Послания Президента к образовательной ценности проекта важно, имеет дело с требованиями, установленными в воспитании молодежи. Внутренние предуготовили, чтобы обратить внимание на язык казахстанской стороны.

**Ключевые слова:** модернизация, рост, приоритетные, удостоверяющие личность, мобильность, прагматичный, хорошая идея, стиль, шоу, орел, свинца, грубая, хобби, эфирные, страдания и духовные

**Summary.** The article considers the President's message dedicated to the education of youth, the importance of the project and its goals for the future. The main objective is the development of the state language. The article is dedicated to the youth of the President's Address to the educational value of the project is important, has to do with the requirements set in the education of young people. Domestic warned to pay attention to the language of the Kazakh side.

**Key words:** modernization, growth, priority, identity, mobility, pragmatic, good idea, style, show, eagle, lead, rough, interests, ether, suffering, and spirit

ӘОЖ 612.217

## **ЕР АДАМНЫҢ ТҮРЛІ ЖАС КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ РЕСПИРАТОРЛЫҚ АППАРАТ ҚЫЗМЕТІНІҢ РЕЗЕРВІ**

**Р.Ж. Нарибай** - *Абай атындағы ҚазҰПУ доцент доценті, б.ғ.к.*

Ер адамдар тыныс аппаратының резервтік мүмкіншілігін сипаттайтын: өкпенің тіршілік сымдылығы, өмірлік индекс және өкпенің өте жоғары желденуі сияқты көрсеткіштердің жасқа байланысты динамикасы зерттелінді. Бақылауға жастары 12-ден 50 жас аралығындағы спортпен шұғылданатын және спортпен айналыспайтын ерлер қамтылды (барлығы 60-ден асатын адам). Негізінде спортшыларда сыртқы тыныстық қызмет резервтерінің қалыптасуы 16-17 жаста аяқталады. Сонымен қатар, ер адамдардың студенттік жылдары спорттық жаттығулармен тыңғылықты шұғылданулары, кәмелеттік толысқан шақтарындағы жоғары тыныстық резерв дейгейінің сақталуына бірден-бір себепші екені көрсетілген. Осыдан, адамның респираторлық аппаратының жоғары функционалдық жүктеме кезіндегі күштеуінен, тыныс бұлшық еттерінің ширыға жұмыс атқаруын бағалайтын жүйені өңдеу қажеттілігі туындайды.

**Кілтті сөздер:** Тыныс аппаратының резервтік мүмкіншілігі, өкпенің тіршілік сымдылығы, өмірлік индекс, өкпенің өте жоғары желденуі, тыныстың жасқа байланысты функционалдық динамикасы

Адамның резервтік мүмкіншілік мәселесі, экстремалдік жағдайлардағы адам өмірінің фундаменталдік және қолданбалы аспектілерін зерттеуші мамандар назарында екені белгілі. Кез-келген бейімделіс, соның қатарында қарқынды интелектуалді және бұлшықет қызметіне, қоршаған ортаның қолайсыз факторлер әсеріне ағзаның бейімделуі – оның бүкіл резервінің тоғыса бірігуі, әсіресе физиологиялық резервінің жұмылдырылуы арқылы іске асады. Физиологиялық резерв эволюция үрдісінде қалыптасқан, мүшелердің, жүйелердің, тұтас ағзаның тыныштық жағдайымен салыстырғандағы өз қызметінің қарқынын бірнеше есеге арттыра алу қабілеттілігі ретінде қарастырылады [1-3].

Негізінде, ағзаның функционалдық резерві адам денсаулығының дәрежесін анықтайды. Сондықтан да, академик Н.М. Амосов 1975 ж. өзінде-ақ адам денсаулығының сандық бағалануының қажеттілігі туралы, ал функционалдық резервті басты функционалдық жүйелер мен мүшелердің «резервтік қуаттылық» жиынтығы ретінде қарастыру керектігін тектен-тек айтып өтпеген [4]. Ал тыныс жүйесінің резервіне қатыстысы, ол өкпе желденуінің артуы мен тыныс бұлшықеттерінің төзімділік мүмкіншіліктерімен анықталады.

Адамның сыртқы тыныс резервін зерттеп білуге деген құштарлық, респираторлық аппараттың функционалдық мүмкіншілігі барынша шексіз деп қалыптасып қалған көзқарасқа, соңғы уақытта, адамның жұмыскерлік қабылеттілігін шектеуші факторлерге, тек жүрек-тамыр жүйесі ғана емес, сонымен бірге тыныс бұлшықеттерінің тез қажуынан туындайтын респираторлық жүйедегі қиыншылықтар ықтималдығымен түсіндіріледі [5,6]. Бір жағынан тыныс бұлшықеттерінің жұмысы, тек өте максималдік режимде ғана емес, сонымен қатар өкпенің субмаксималдік желденуінде де, өте жоғары оттегін тұтыну шамасының 20-25% -на жете, оттегінің айтарлықтай шығындалуын құрайды.

Ғылыми әдебиеттер мәліметтерін жүйелей талдау барысы, адам тынысының функционалдық резервінің жастық динамикасына қатысты мағлұматтарды растайды. Мәселен, 6 жастан 15 жас аралығындағы ер балаларда бір жағынан тыныс қызметінің онтогенездік дамуындағы жеке даралық айрықшылық көрініс тапса, екіншіден – соматометрлік көрсеткіштер дамуына байланысты тығыз тәуелділік байқалады [7,8]. Назар аударатын жайт, 14-15 жастағы жеткіншектер тынысының функционалдық резервінің шектеулі болуы, сондықтан жаттықтықтыру жүктемесін олардың тыныс жүйесінің жеке даралық мүмкіншілігін есепке ала оңтайластыру қажет [9]. Осындай көзқарастар, жеткіншектік шақтағы спортшылар үшін сыртқы тыныс қызмет резервінің аса маңыздылығын атап көрсеткен соңғы ғылыми еңбекте де [10] негізделі түседі.

Ересек адамдардың функционалдық резервін бағалауда, көптеген зерттеуші ғалымдар мәліметтері бойынша 40 жастан соң респираторлық аппарат мүмкіншілігінің айтарлықтай төмендеуін атап өткен жөн [11]. Егерде 20-29 жастағы ер адамдардың ӨӨЖЖ (өкпенің өте жоғарғы желденуі) шартты түрде 100% десек, онда, оның деңгейі 40-59 жаста 77,3%-ды құрайды. Зерттеу нәтижелері, ер және әйелдердің респираторлық аппарат резерві мүмкіншілігінің айтарлықтай төмендеуі 60-тан жоғары жаста жүретінін көрсетеді. Мұндай дәлелдемелер, тіпті жүгірумен белсенді шұғылданушыларда да байқалады. Олардағы өкпенің өте жоғары желденулері, 30 жастағылармен салыстырғанда 35%-ға төмендейтіні көрсетілген [12]. Қарт адамдардағы ӨӨЖЖ төмендеуінің басты себебінің бірі, өкпе созылғыштығының (эластика) жасқа байланысты нашарлауында деген жорамал бар.

Адамның жұмыскерлік қабылеті мен сыртқы тыныс қызметінің резервтік мүмкіншілік арасында тығыз байланыстың барлығы жөнінде, отандық және шет ел еңбектерінде оншалықты қарама қайшылық жоқ. Негізгі сұрақ, қоршаған орта жағдайының өзгеруіне адамның бейімделу сәтінде, респираторлық жүйе резервінің қандай жағдайда шешуші маңыздылығының артуында болып отыр. Спортпен айналыспайтын адамдардың дене жүктемесіне бейімделу үрдісінде сыртқы тыныс қызмет резервінің айрықша маңызды рөлі көрсетілген [5].

Осы күнге дейін спортшылар мен спортпен шұғылданбайтындардың тыныстық функционалдық резерв деңгейлеріне қатысты қарама-қайшылықтар шешіле қоймаған мәселе. Кейбір деректерде адамның ӨӨЖЖ дәрежесі 50 литрден 180 литрге [13] дейін, ал басқаларда – 125-тен 170 литрге [14] дейін ауытқиды делінген. ӨӨЖЖ жеке даралық шамасының жоғары диапазоны: 50-ден 230 литрге дейін ер адамдарда, ал 40-тан 170 литрге дейін әйелдерде кездесетіні келтірілген [15]. Осы автордың мәліметі бойынша тыныс бұлшықеттері жақсы жетілген спортшы ер адамдарда ӨӨЖЖ дәрежесі 350 литрге, ал споршы әйелдерде - 250 литрге жеткен.

Бұл жұмыстың мақсаты, қозғалыс белсенділігі түрлі режимдегі (спортпен шұғылданушылар және спортпен айналыспайтын) ер адамдар жасын есепке ала тыныс аппаратының функционалдық резервін салыстырмалы бағалау болып табылады.

### **Материалдар және әдістер**

Бақылауға жеткіншектер, жасөспірім және ересек спортшы азаматтар мен спортпен шұғылданбайтындар орта жастағы ер адамдар қамтылды. Зерттеуге, бес топқа топтастырылған жалпы 60 адам қатыстырылды. Алғашқы үш топқа: жеткіншек, жасөспірім және ересек жастағы спортшы ер жігіттер қамтылды. Төртінші және бесінші топ спортпен айналыспайтын жастар және толысқан кәмелеттік шақтағылар топтастырылды. Мұнда, зерттелушілердің бесінші тобы студенттік кезеңде спортпен барынша шұғылданған ер адамдардан құралғанына көңіл аударта кеткен дұрыс. Зерттелген ер адамдар жасы 14-тен 50 жас аралығын құрады.

Зерттеу жұмысы бір схема бойынша жүргізілді. Алғашында ВСВ-01 волюмоспирометр көмегімен өкпенің тіршілік сыйымдылығы (ӨТС) анықталынды. Әрбір зерттелушінің үш реттік өлшенілген ӨТС ең жоғарғы нәтиже есепке алынды. Сосын, тыңғылықты түсіндірілумен және дайындық көрсетілімінен соң өзіміз ойластырған модификацияланған әдіс бойынша өкпенің өте жоғары желденуін анықтау жүзеге асырылды. Бұл әдістің ерекшелігі, 30 секундтық ерікті максималді тыныс алу кезеңінде шығарылған дем ауасы бір ғана ыдысқа емес, бұрынғы тәсілдерден өзгеше, 10 секундты құрай үш Дуглас қапшығына



бөлек-бөлек жинақталды. Мұндай тестілеу нұсқасы бір жағынан ӨӨЖЖ дәрежесін кәдімгі процедураға сәйкес өлшеуді қарастырса, екіншіден зерттелушінің дүркін-дүркін уақыт аралығындағы максималді өкпе желденуіне шыдамдылық қабылетін бағалауға мүмкіндік туғызады. Бұндай зерттеулер тек, тыныстың минуттік көлемін (ТМК) ғана анықтауға байланысты емес, сонымен бірге Дуглас-Холден әдісі бойынша газ алмасуына да байланысты. Шығарылған дем ауасының газдық құрамын талдау ГВВ-2 аппаратында, ал оның көлемі ГСБ-400 типіндегі газ есептеуіш көмегімен анықталынды.

ӨӨЖЖ анықтауда, тыныс жиілігі (ГЖ,цикл/мин) және тыныс тереңдігі, яғни тыныс көлемі (ТК, мл) тіркелінді. ӨТС және ӨӨЖЖ көрсеткіштерін бағалау үшін, экстремалдік зерттеу үрдісінде алынған олардың негізгі шамалары анықталынды [14,16]. Респираторлық аппарат мүмкіншілік резерві, ӨТС (мл) дене массасына (кг) бөлгендегі бөлінді, яғни өмірлік индекс негізінде де бағаланды. Бұл көрсеткіш шамасы спортпен айналыспайтындарда 60 литрді құраса, ал спортшы жігіттерде 68-70 мл құрады [17]. Бақылау нәтижелері вариациялық статистика әдісін қолданумен өңделінді.

### **Нәтижелер және талдаулар**

Жалпы, адамның респираторлық аппарат мүмкіншілік резерві туралы пікірдің қалыптасуы, ӨТС мен ӨӨЖЖ-нің нақты және негізгі шамаларын салыстыруға мүмкіндік туғызады. 1-ші кестедегі мәліметтерді талдау барысы, жеткіншек-спортшылардың нақты ӨТС деңгейі, негізгі дәрежеден 14,3%-ға қалыс қалатындығын, ал жасөспірімдер мен ересектерде керісінше ол көрсеткіш, одан 4,9% және 18,3%-ға асып түсетінін көрсетті. Өкпенің өте жоғары желденуіне келер болсақ, жеткіншек-спортшылардың нақты және негізгі шамалары арасындағы болмашы ғана айырмашылықтың барлығы, ал жасөспірім және ересек спортшыларда ӨӨЖЖ нақты дәрежесі 22,2% және 40% артқаны байқалды. ӨТС және ӨӨЖЖ-нің негізгі деңгейлері, күнделікті белгілі қозғалыстық режимдегі аламдарға орайластырылған формула бойынша анықталғанын айта кету керек.

1-ші кестеден тыныс бұлшықеттерінің өкпенің өте жоғары желдену режиміндегі жұмысы, шын мәнінде 1 л/мин дәрежесінен аса түсетін оттегін тұтыну бойынша талдасақ, онда біршама энергия жұмсалуден атқарылатындығын көруге болады. Басқаша айтқанда, респираторлық тыныс еттерінің жұмысына жұмсалынған оттегі мөлшері, өте жоғары оттегін тұтынудың 20-25%-на жетеді. Жасөспірімдер мен ересек спортшылардың бір литр желдену ауасындағы оттегі құндылығы 5,33-6,43 мл шамасында ауытқитынына назар аударған жөн.

1-ші кестеде келтірілген эксперименттік мәліметтер, жеткіншек-спортшылардың (14,7±0,65 жас) респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілік көрсеткіштері, жасөспірімдер (16,6±0,41 жас) мен ересек (22,8±3,2 жас) спортшылар көрсеткіштерінен айтарлықтай қалыс қалатындығын дәлелдей түседі. Әңгіме тек, жасөспірімдер мен ересектердің, жеткіншектерге қарағанда ӨТС және ӨӨЖЖ дәрежелерінің абсолюттік деңгейлерінің біршама жоғарылығында емес, сондай-ақ дене массасын есепке алғандағы функционалдық резерв көрсеткішін салыстыру жайында болып отыр. Мысалы, жасөспірімдер мен ересек спортшылардың өмірлік индексі орташа 12,2% және 14,2%-ға, ал ӨӨЖЖ – 9,7% және 16,4%-ға жоғарылаған. Осы бақылау нәтижелеріне сүйенсек, спортшылардың респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілігінің қалыптасуы негізінде 17 жаста аяқталады деп тұжырымдаға болады. Сондай-ақ, жасөспірімдер мен ересек спортшылардың сыртқы тыныс аппаратына түсірілген максималді жүктеме кезіндегі функционалдық резервтерін жұмылдырылу механизмінде айырмашылықтар байқалады. Едеуір жас спортшылар өкпесінің максималді желдену дәрежесі, тыныс компонентінің жиілену (тыныс жиілігі минутіне орташа 100 циклге жетеді) есебінен жоғарыласа, сонда тыныс көлемі, ӨТС-ның 37,2%-ын ғана құрайды екен. Бұл жерде көңіл аудартатын жайт, ғылыми әдебиет мәліметтері бойынша тыныстық көлемнің оңтайлы деңгейі, ӨТС 45-55%-на шамалас болады [18]. Ересек спортшылардың тыныс жиілігі мен тыныс көлемінің арасында біршама оңтайлы қатынастың барлығы білінеді. Тыныс жиілігі орташа минутіне 90 циклге жетсе, ал тыныс көлемі, ӨТС-ның 42,6%-ын құрайды.

1-ші кестеде спортшылар нәтижелерімен бірге, спортпен шұғылданбайтын жас ер азаматтардың (19±0,3) және ересектердің (44±6,8) респираторлық аппарат қызметінің резерві туралы ақпараттар да берілген. Біршама жас айырмасының барлығына, тіпті 25жасқа да қарамастан, бұл екі топтағы ер адамдардың ӨТС және ӨӨЖЖ көрсеткіштерінің сәйкестігі жақын. Мәселен, өкпенің тіршілік сиымдылығының нақты шамасы негізгі шамадан аз ғана өсімділікті көрсетсе, ал өкпенің өлшенілген өте жоғары желдену көрсеткіші есептелінген шамадан екі топта да (26,3% бен 62,1%) басымырақ.

Бұл бақылаулар нәтижесі, қозғалыс белсенділігі күнделікті режимдегі 50 жасқа дейінгі ер адамдар респираторлық аппаратының резервтік мүмкіндігі, 20 жастағы жігіттер деңгейінде сақталыну ықтималдығын дәлелдей түседі. Осы тұрғыдан біз жүргізген бақылау нәтижелері, 40 жастан соң адамның респираторлық аппарат мүмкіншілік резерві айтарлықтай төмендей түседі деген пікірдегі әдебиет мәліметтерінен

алшақтайды. Бір жағынан жүргізілген зерттеулер, спортшылар мен спортпен шұғылданбайтындар арасындағы ӨӨЖЖ-інің нақты шамаларында ешқандай айырмашылықтың жоқтығын көрсетеді. Тіпті, біздің бақылауға алып зерттелінген спортшылардағы ӨӨЖЖ-інің нақты көрсеткіші, негізгі шамадан әжептеурім көбірек екенін аңғаруға болады, алайда өкпенің өте жоғары желденуінің осындай өсу деңгейін жалпылама оң мәнді деп сипаттауға бола қоймас, өйткені алдында атап өткеніміздей бұл көрсеткіш, спортпен шұғылданбайтын денсаулығы мықты ер адамдарға лайықты оңтайластырылған формуламен есептелінген. Жоғары білікті спортшылардың негізгі ӨӨЖЖ шамасын есептеу үшін, олардың респираторлық аппаратының қызметтік резерв дәрежесіне мұқият салыстырмалы болжам жасалуын қамтамасыз ететін мұндай формулалар қажет. Жоғары білікті спортшылардың негізгі ӨӨЖЖ шамасын есептеу үшін, қарапайым формула өңделініп негізделінді. Бұл формула бойынша ӨӨЖЖ негізгі шамасының дәрежесі, өкпенің тіршілік сиымдылығының жартысын, минөтіне 90 циклді құрайтын тыныс жиілігіне көбейткендегі көбейтіндіге тең болады. Егер, ересек спортшылардың нақты ӨӨЖЖ есептеуге осы формуланы пайдаланса, онда ол 141,2 литрге емес, 241,9 литрге сәйкес келеді (1-ші кестедегі мәлімет бойынша). Олай болса, зерттелінген споршылардың респираторлық аппаратының қызметтік резерві, шындығында негізгі шамадан әжептеурім төмен болғаны.

Кесте 1

Жеткіншек, жасөспірім спортшы ер балалар мен спортшы жігіттер, спортпен шұғылданбайтын ересектер мен орта жастағы ер адамдар тыныс аппаратының резервтік мүмкіншілік көрсеткіштері

Сонымен, жүргізілген зерттеу нәтижелерін жалпы түйіндей келе, келесі жайттарды атап өту керек. Шын мәнінде, өкпенің өте жоғары желденуі, тыныс жүйесінің қызметтік қабылеттілігін және механикалық желдену қасиетін толық айқындай алатын көрсеткіш болып табылады.

Алынған мәліметтер бойынша жасөспірім спортшылардың көрсеткіштері, тек 17 жаста ғана ересектермен теңесе алады деп айтуға болады. Бұл тұрғыдан біз жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесі, спортшы-жеткіншектердің респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілігінің шектеулігін дәлелдейтін ғылыми әдебиеттік мәліметтермен сәйкес келеді.

Жоғарыда айтып өткендей, ӨӨЖЖ көрсеткіші тек спортпен шұғылданатындар да ғана емес, сонымен бірге спортпен айналыспайтын адамдарда да негізгі шамадан айтарлықтай басым түсетінін көреміз. 1-ші кестедегі мәліметтерді талдаулардан, спортшылардың ӨӨЖЖ аюсолюттік дәрежесі, спортпен шұғылданбайтындар көрсеткішінен айырмашылық мәні болмашы ғана екенін көреміз. Мұндай нәтижелер, спортшылардың ӨӨЖЖ-нің қанағаттандырмайтын деңгейі туралы тұжырым жасауға жеткілікті негіз болып табылады. Спортшылардың ӨӨЖЖ шамасының төмендігі, оны спорттық жетілдіру үрдісінде, олардың сыртқы тыныс резервінің дамуына барынша көңіл аудармағандықтан бәсең болатынын дәлелдейді. Респираторлық аппараттың резервтік мүмкіншілігін жоғарылату жөніндегі қамқорлыққа қадам жасау, әсіресе, баптандыру және жарыстық сипаттағы жүктемелерді орындау сәттері сыртқы тыныс қызметін қуатты жұмылдырумен жүзеге асып, соның нәтижесінде жұмыстық гиперпноное деңгейі кейде минутіне 200 литрге дейін көтерілетін спорттың циклді түрлерімен айналысатындар үшін өзекті мәселе болып отыр (18).

Біздің мәліметтер бойынша дене салмағының әр кг-на шағып есептегендегі ӨӨЖЖ дәрежесі, циклді спорт түрімен шұғылданатын спортшыларда 3,5-4 литрден кем болмауы керек. Демек, дене массасы 75 кг құрайтын спортшыда ӨӨЖЖ 300 литр болуы тиіс.

Студенттік жылдары спортпен айналысқан ересек ер адамдар ӨӨЖЖ анықтау күтпеген нәтижені көрсетті. Кейіннен, олардың ӨӨЖЖ деңгейі, спортпен шұғылданбайтын 19 жасар студенттерден кем түспейтіні анықталды. Бұдан басқа да, ересек ер адамдар ӨӨЖЖ дәрежесі жоғары білікті споршылар көрсеткіштерінен болмашы ғана айырмашылықтар барлығы білінді. Жастық шақта спортпен тыңғылықты айналысу, ұзақ жылдарға адамның респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілігінің жоғары деңгейде сақталуына кепіл болуы да әбден мүмкін.

Шешімін табу қажеттілігі бұрыннан туындаған тағы да бір сұрақтың пісіп жетілгені анық. Әңгіме, жоғары функционалдық жүктеме жағдайында адамның респираторлық аппарат қызметінің күштенуін бағалау жүйесі осы сәтке дейін өңделініп жасала қоймаған. Осыған байланысты, біздің көзқарасымыз бойынша, тек сол мезеттегі өкпенің желдену дәрежесіне ғана емес, оның ӨӨЖЖ-іне қатынасына баса назар аудару қажет. Бұған байланысты, аэробті қуатты бұлшықет жұмысын бағалауда қолданылатын жүктеме градациясын критерийлік сапа ретінде қабылдауға да болады. Мысалы, егер тыныстың минуттік көлемі ӨӨЖЖ-інің 40-50%-ын құраса, онда респираторлық аппаратқа түсетін жүктеме сылбыр қарқынды ретінде бағаланады, ал ТМК, ӨӨЖЖ-інің 55-65%, 70-80%, 85-90% дәрежелі кезінде респираторлық бұлшықеттер қызметінің күштенуі орташа, субмаксималді және өте жоғарыға жақын сипатқа ие болады.

Жалпы алғанда жүргізілген зерттеу нәтижелері, спортшыларды баптандыру бағдарламаларын өңдеп құрастыру кезінде, әртүрлі жас кезеңдеріндегі ер адамдардың респираторлық аппаратының резервтік мүмкіншілік динамикасын дамыту үшін өздеріне тән ерекшеліктерін назарға алу қажеттілігін дәлелдейді. Біздің көзқарасымыз бойынша, адамның бейімделу үрдісін қамтамасыз етуде респираторлық жүйенің шын мәніндегі маңыздылығын бағалауға қатысты мәселе, әліде терең зерттелуді талап етеді. Респираторлық жүйенің резервтік мүмкіншілігінің жастық динамикасын, адамның тек жас шағында емес, ересек толысқан кезінде де зерттеу керектігі жөнінде сіңісіп қалған кейбір ескі көзқарастарды түбегейлі қайта қарастыру мезгілі жеткен сияқты.

1 Мозжухин А.С. Характеристика функциональных резервов // Проблемы резервных возможностей человека. Сборник научных трудов. – М.: 1982. – С. 43-50.

2 Давиденко Д.Н. Общие и частные проблемы функциональных резервов адаптации организма к мышечной деятельности // Функциональные резервы и адаптация. Материалы Всесоюзной научной конференции. – Киев, 1990. – С. 157-161.

3 Давиденко Д.Н. Резервы адаптации организма человека // Тез. Докл. Международной научной конференции «Адаптация организма к природным и экосоциальным условиям среды». – Бишкек, 1998. – Часть 2. - С. 29-30.

4 Амосв Н.М., Бендет Я.А. Физическая активность и сердце. – Киев: Здоровья, 1975. – 255 с.

5 Кучкин С.Н. Резервы дыхательной системы и аэробная производительность организма: Автореф. дисс ... докт. мед. наук: 140017/. В надзаг.: Казанский государственный медицинский институт. – Казань, 1986. – 48 с.

6 Исаев Г.Г. регуляция дыхания при мышечной работе. – Л.: Наука. 1990. – 120 с.

7 Кузнецова Т.Д., Гурова О.Л., Самбурова И.П. и др. Особенности возрастного развития системы дыхания у детей 6-15 лет // Физиология человека, 1991. Т.17, - №5. – С. 142-150.

8 Кузнецова Т.Д., Разживина И.И. Индивидуальные особенности развития дыхательной функции у детей от 7 до 8 лет // Физиология человека, 1994. Т.20, - №5. – С. 68-73.

9 Босенко А.И., Беликова А.Г., Цонева Т.К. и др. Оценка резервных возможностей дыхания, кардио- и гемодинамики юных спортсменов // Гигиена и санитария, 1985. - №2. – С. 20-22.

10 Ванюшин Ю.С. Показатели кардиореспираторной системы у спортсменов разного возраста // Физиология человека, 1998. - Т.24, - №3. – С. 105-108.

11 Глебовский В.Д., Анохин М.И., Коркушко О.В. и др. Дыхание - М.: БМЭ, 1977. – С. 510-522.

12 Johnson B.D., Reddan W.G., Pegelov D.F. et al. Flow limitation and regulation of functional residual capacity during exercise in a physically active aging population // Amer. Rev.Respir.Disease. - 1991. - 143, - №5, 1. - P. 960-967.

13 Исеев Л.Р., Переслегин И.А. Легочная вентиляция // БМЭ, 1980. – Т. 12. – С. 427-428.

14 Комро Дж. Г., Форстер Р.Э., Дюбуа А.Б. и др. Легкие. Клиническая физиология и функциональные пробы. – М.: Медгиз, 1961, - 196 с.

15 Пономарев В.П., Функциональные резервы дыхания // В кн.: Характеристика функциональных резервов спортсмена. Сборник научных трудов. – Л.: 1982. – С. 18-24.

16 Baldwin E. De F., Courmand A. , Richards D.W. Pulmonary insufficiency. I.Methods of analysis, physiologic classification, standard values in normal subject // Medicine, 1948. - 27, s. 243-248.

17 Дембо А.Г. Исследование функционального состояния системы внешнего дыхания. / Спортивная медицина. – М.: Физкультура и спорт, 1975. – С. 147-175.

18 Михайлов В.В. Дыхание спортсмена. – М.: Физкультура и спорт, 1983. – 103 с.

**Резюме.** Изучалась возрастная динамика показателей, характеризующих резервные возможности респираторного аппарата у мужчин, в качестве которых служили: жизненная емкость легких, жизненный индекс и максимальная вентиляция легких. Под наблюдением находились мужчины в возрасте от 12 до 50 лет как занимающиеся, так и не занимающиеся спортом (всего более 60 человек). Приводятся данные, свидетельствующие о том, формирование резервов функции внешнего дыхания у спортсменов в основном завершается в 16-17 лет. Показано, что занятия спортом в студенческие годы создают предпосылки для поддержания высокого уровня резервов дыхания у мужчин в зрелом возрасте. Обосновывается необходимость разработки системы оценки напряженности работы дыхательной мускулатуры при повышенных функциональных нагрузках на респираторный аппарат у человека.

**Ключевые слова:** резервные возможности респираторного аппарата, жизненная емкость легких, жизненный индекс, максимальная вентиляция легких, возрастная динамика функциональной деятельности дыхания

**Summary.** Studied age dynamics of indicators characterizing the spare capacities of the respiratory apparatus in humans, which served as: vital capacity, vital index and maximum ventilation. The study included male and female aged 12 to 50 years old as engaged and not engaged in sport (over 60 people). The evidence contain the formation of reserves of the respiratory function in athletes mainly completed at the age of 16-17 years. It is shown that go in sports at the students years create a high level of reserves breathing men in adulthood. The necessity of the development of the evaluation system of the respiratory muscle strength at elevated functional loads on the respiratory apparatus in humans.

**Keywords:** Reserve the possibility of respiratory system, lung capacity , vital index , maximum ventilation, age dynamics of the functional activity of breathing

ӘӘЖ: 373.016:75

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ҚАЗАҚ СУРЕТШІЛЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМЕН ТАНЫСТЫРУДА ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Б.Н. Мусабаев** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Өнер, мәдениет және спорт институтының  
6М010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығының ІІ курс магистранты, Алматы қ-сы

Көркемдік білім берудің дамуы мен қалыптасуы біздің өткен тарихымыздан бастау алатыны сөзсіз. Өнер халықпен бірге жасап, бірге өмір сүреді. Өнердің дамуы, халықтың тарихымен, қоғамдағы өзгерістерімен тығыз байланысты. Біз қандай халықтың тарихына үңілсек те, сол халықтың өнерге баланы ерте жастан баулуға мән беретіндігін көруге болады. Сол сияқты қазақ халқы да ерте кезден өз ұрпағын өнерге баулып, баланың көркемдік тәрбиесіне дер кезде назар аударып отырған. Кітап, кино, театр, қылқалам өнері, адамдармен қарым қатынас жастарға қоршаған ортаны терең тануға мүмкіндік береді және мұндай таным бүгінгі қоғамда әр адам үшін өзекті.

**Кілтті сөздер:** өнер, оқыту, тәрбие

Елімізде бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруда, өзіндік көркемдік дүниетаным қалыптастыру барысында көптеген жұмыстар жүргізілуде. Осындай бағыттарда бізде бейнелеу өнері сабақтарында оқушыларға, Қазақстан суретшілерінің шығарма-

шылығындағы көркем туындылары арқылы эстетикалық тәрбие беру, сұлулық пен тазалыққа үйрету, танымдық қызығушылығын арттыруда және ондағы жазылған, тарихтан сыр шертетін мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани құнды игіліктерді қадірлей білуге тәрбиелеу болып табылады.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беруде ғылыми зерттеу жүргізген З.Әбілованың «Оқушыларға сыныптан тыс жұмыстарында өнер арқылы эстетикалық тәрбие беру» деп аталатын еңбегінде оқушыларға бейнелеу өнері пәнінде эстетикалық тәрбиенің баға жетпес маңызы мен рөлін атап көрсеткен. Бұл еңбегінде Автор «Өнер атаулының бар саласымен қатар бейнелеу өнерінің зор тәрбиелік маңызы мен өзіндік ықпалының барын айта отырып, жоғары мектепте жүргізілетін Қазақстан бейнелеу өнері тарихы мен теориясы пәні осының негізі құралы болып табылады» - деп тұжырымдаған. Олардың ғылыми жұмыстарында бейнелеу өнерінен сабақ беретін оқытушылардың сабақ процесінде жоғары нәтижеге қол жеткізуде ең маңызды нәрсе екендігімен қоса, көптеген тың эстетикалық мәселелерді шешуде, көңіл бөлетін басты нәрселер нақты айтылады. Оған қоса тағы бір ғылыми зерттеулердің бірінде, бейнелеу өнерінің ұлттық ерекшелігімен жоғары сынып оқушыларын эстетикалық тәрбиеге баулуда зерттеу жүргізген Б.А. Әлмұхамбетовтың жұмысы болды [1]. Біз айтып отырған осындай мәселелерде, мұндай ғылыми зерттеулердің қайсысын алып қарасақта, қазіргі ер жетіп келе жатқан жас ұрпақты жан-жақты көркем-эстетикалық тұрғыда білім мен тәрбие беруде өзіндік дүниетанымын қалыптастыруда бұл еңбектердің үлесі зор.

Сондықтан да осы мақсатта қазақ суретшілерінің шығармашылығындағы көркем туындылардағы мәдени мұрамызды өз деңгейінде терең ашып көрсетуде сонымен қатар өзіміздің үлесімізді қосу да мақсатында қарастырып отырмыз.

Қазақстанның дамуының стратегиялық 2030 бағдарламасында «Мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты эстетикалық тәрбие беру сұлулыққа, тазалыққа үйрету, адамзат қоғамында бұрын соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу» - деп көрсетілген [2].

Біз келтіріп отырған анықтамалардың қай-қайсысы болмасын «танымдық қызығушылық», «эстетикалық тәрбие» ұғымдарының мән мағынасын жан – жақты анықтап, және оларға терең бойлап, одан әрі дамытуға негіз қалануда. Оқушылардың оқудағы белсенділігін, өздігімен дербес танымдық мақсат қоя білуін қалыптастырады. Осы бағытта еңбек еткен ғалымдардың саралаған жүйесінде оқушылардың бойындағы көркем көрінісіне танымдық қызығушылық, бір пәнге қызығушылық болып бөлінеді.

Белгілі ғалымдар Г.И. Щукина, В.Г. Иванов, А.П. Ткачев, И.А. Свиридова Л.В. Елисеева, М.Беляев, Г.Н. Морозова, Б.Т. Набиева, Г.Т. Джайнакбаева және т.б. диссертациялық еңбектерінде танымдық қызығушылық мәселесі жалпы алғанда жеткілікті түрде толық ашылған.

Қазақстан қылқалам шеберлерінің шығармашылығындағы туындылары арқылы қалыптасатын танымдық қызығушылық – жаңа эстетикалық құндылықтарды құру болып табылады. Мектеп оқушыларының қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Бала бірінші кезекте оқу әрекеттерінде адамзат баласының осы кезеңге дейінгі жинақталған тәжірибесін меңгерсе, екінші кезекте танымдық қызығушылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Мектептегі білім беруге қатысты көптеген мемлекеттік құжаттарда оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыру міндеті ерекше аталады, осыған байланысты оқушыларға көркемдік талғамын қалыптастыру мен эстетикалық тәрбие беруді айтарлықтай жақсарту қажеттілігіне ерекше көңіл бөлінеді [3].

Қазақстан суретшілерінің шығармашылығындағы туындылары арқылы оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыру ерекше талантты, қабілетті жастарды тәрбиелеу емес, қайта әсемдік әлеміне сан ғасыр көркемдік мәдениетке барша халықты тарту, шақыру керек.

Аталған ғалымдардың құнды пікірлерін басшылыққа ала отырып, баланың көркем туындылар мен танысуындағы танымдық қызығушылығын қалыптастыру айнала қоршаған орта мен өзіне деген қарым қатынаста көрінетін жеке ерешелік – деп қарастырамыз.

А.Бербах балаларды оқыту-тәрбиелеу процесінде өнерге үлкен көңіл бөлуін ұсынып, оларды жан-жақты дамытудың құралы деп таныды. Жеке тұлғаның жетілуі мен дамуында тәрбиенің орнын ерекше бағалады. Авлони білімге АДАМДЫ ЖОҒАРЫ МӘДЕНИЕТ әлеміне ендіретін жоғарғы қасиетіне үлкен көңіл бөлді. Ол мұғалім тәрбиеленуші үшін жауапты, сондай-ақ ол өз пәнін жақсы біліп, сабақтарды тәжірибемен байланыстырып, өмірдегі мысалдарды келтіру керек деп түсіндірді. Аса әсемдік, сұлулықты тамашалауға шақырып, тәрбие берудегі үлкен рөлді және басты құрал ретінде әдебиет пен өнерге берді [4].

Қазақстан кәсіби бейнелеу өнерінің өзіндік болмысы, тарихи, табиғи сипаты бар. Яғни, Қазақстан кәсіби бейнелеу өнері туындылары өзіндік ерекшелігімен және де қазіргі кезде әлем өнер мәдениетіндегі өз орнымен ерекше сипатталады.

Қазақстандағы көркем білім беру ісінің дамуы бес кезеңге бөлінеді:

Бірінші - ертеден бастап кеңес үкіметіне дейінгі уақытты қамтып, халық шеберлерінің баланың көркемдік тәрбиесіндегі белсенді ұстаздық қызметімен ерекшеленеді.

Екінші кезең - Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары мен Ұлы Отан соғысына дейінгі уақыт. Бұл кезең көркемдік білім беру ісін дұрыс жолға қою мақсатындағы ізденіс, сыныптан тыс тәрбие формаларының пайда болуы, көркемсурет училищесі мен мәдениет орындарының ашылуы сияқты жаңалықтармен байланысты.

Үшінші кезең - XX ғасырдың 40-60 жылдар аралығы, көркемдік білім берудегі білікті маман, суретші педагогтардың жетіспеушілігі, сурет пәнінің өзге мамандардың жүргізуі сияқты кемшіліктермен байланысты.

Төртінші кезең - XX ғасырдың 60-80 жылдары, Қазақстандағы жоғары білімді суретші-педагог кадрларын дайындауға жол ашылуы, оқу бағдарламасына ұлттық өнер шығармаларын ендіру, әдістемелік құралдардың жарыққа шығуы, суретші-педагогтардың санының артуы сияқты игі істердің Қазақстандағы көркемдік білім беру ісінің дамуына ықпал етуімен сипатталады.

Бесінші кезең - 1980-1995 жылдар. Көркемдік білім беру мәселесімен айналысатын ғалымдардың дайындалу ісінің жолға қойылуымен зерттеу жұмыстарының нәтижесін қорғаумен, көлемді дидактикалық материалдардың, кітаптардың жарық көруімен ерекшелінеді.

Л.С. Нерсиян көркемдік қабылдаудың келесідей жалпы заңдылықтарын айтты:

1. Дүниені қабылдаудың тиісті эстетикалық түрін қалыптастыру;
2. Өнердің түлі тектері мен нысандардың қабылдаудың тұрақты әдістерін қалыптасыру;
3. Көркемдік қабылдаудың интеллектуалды саралануы;
4. Көркемдік қабылдаудың бағалық сипаты;
5. Өнер туындыларын қабылдаудың барлық элементтерінің тұтастығы мен бірлігі.

Міне осы аталмыш бағыттар, мектеп оқушыларының, бейнелеу өнері сабағында өздерінің көркемдік дүниетанымында қоршаған ортаны, өмірді, көркемдік тұрғыда қабылдаудың, қалыптастырудың келесі факторларға жүктеледі: оқушылардың сурет салуында, еңбектенуіне басшылық жасау; балаларды Қазақстан суретшілер шығармашылығындағы өнер тілінің ерекшеліктері мен жан-жақты білу мен тәрбие қалыптастыру; оқу тәрбие процесімен байланысты объективті әрекет, сурет салудағы практикалық шеберліктерін арттыру, ұлттық эстетикалық тәрбие алуда, көркемдік көзқарастар мен танымын шоғырландыру [5].

Бұл мақала тақырыбында тікелей келтірілген мектеп оқушыларының танымдық қызығушылық әрекетінің өзіндік спецификалық ерекшеліктері бар. Себебі оқушының көбі бұл жаста қоғамдық мәні бар танымдық қызығушылық өнім тудыра алмайды. Сондықтан оқушы танымдық қызығушылық әрекетінің нәтижесі емес, сол танымдық қызығушылықтың үдерістің өзі құнды болып табылады. Ал танымдық үдеріс оқушының белсендігін, логикасын, байқампаздығын, қиялын дамытуға себеп болады.

Психологтар баланың қиялдауға бейім тұратынын айтады. Балалар өздері көрген фильмдерінен, спектакльдерінен, картиналарынан, оқыған кітаптарынан барынша әсер алатыны сондай, олар өздерін соның ішінде жүргендей сезінеді. Бұл оларды өз алдарына мақсат қоюына итермелейді.

К.Ш. Нұрланова [6], А.А. Қалыбекова [7], К.Е. Ералин [8], Ә.И. Шнибекова [9] ғылыми еңбектерінде өнер түрлерін мектеп пен жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде қолдану мүмкіндіктері ұсынылған. Біз қарастырып отырған мәселенің жалпы аспектісінде М.Х. Балтабаевтың [10] педагогикалық мәдениеттану мен Қазақстанның қазіргі заманғы көркемдік мәдениетіне арналған еңбектері оқушылардың көркемдік танымға қызығушылықтануын тудырады.

Мектепте оқушыларды көркем шығармашылық іс-әрекетін дамыту екі нәрсемен байланысты. Бірі - сурет салумен шұғылдану, яғни көркем образды адамның өздігінен сомдауға деген ұмтылысы. Екіншісі - сол көркем образды өзбетімен, шығармашылықпен қабылдауы.

Жалпы алғанда шығармашылық іс-әрекетті дамыту бұрынғы мектепке бейнелеу өнерінің негізінде іске асып келді.

Италияндық атақты философ суретші Леонардо да Винчи айдахардың суретін бейнелегенде «Көкжал аңшы иттің не жай иттің басын саламыз, оған басқа мысықтың көзін саламыз, құлағы түлкінікі болады, мұрны тазынікі секілді, қасы арыстандыкі, самайы этештікі, мойны суда жүзетін тасбақаныкі сияқты» [11]. Бұл нәрселердің бәрі өмірдегі шынайылықтан топтастыру арқылы туындап отыр. Бұдан шығатын қорытынды, яғни мектепте оқушылардың бейнелеу сабақтарында өзіндік ойларын дамытуда, көркемдік танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда, қоршаған ортада дүниетанымдық көзқарасын түрлендіріп байытады.

Қазақстан суретшілерінің туындыларын түрлі тақырыптарда жазылған. Олар: «Ежелгі қазақ елінің салт дәстүрі», «Ұлттық ойындар», «Айтыс өнері», «Ұлттық киім», «Үй жиһаздары», «Азамат соғысы», «Қазан төңкерісі», «Ұлы Отан соғысы», «Ана образы», «Тарихи тұлғалар бейнелері», «Қазіргі еңбек, өнер, әдебиет, музыка, ғылым, қоғам қайраткерлерінің образы» деген ауқымды мазмұнды қамтиды.

Қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаған, көптеген өнер шеберлері, Ә.Қастеевке (1944), Қ.Телжановқа (1963), Х.Наурызбаевқа (1969), Н.Нұрмұхаммедовке (1975), С.Мамбеевке (1979), Е.Сидоркинге (1980), Н.Гаевке (1980), С.Романовке (1981), М.Кенбаевке (1985), Ә.Ысмайловқа (1985) «Қазақстанның халық суретшісі» құрметті атағы берілді.

Бейнелеу өнері саласында «Қазақстан республикасына еңбек сіңірген өнер қайраткері»: Ә.Қастеев (1942), Н.В. Цивчинский (1951), А.Ненешов (1954), Х.Наурызбаев (1960), Ә.Ысмайлов (1960), А.Галымбаева (1961), П.Зальцман (1962), Н.Гаев, М.Кенбаев, С.Мәмбеев, Н.Нұрмұхаммедов (1963), В.Онтошенко-Оленов, Е.Сидоркин, К.Шаяхметов, Г.Исмайлова (1965), Е.Говорова, К.Қожықов, М.Лизочуб (1966), В.Крылов (1970), К.Баранов, А.Бортников (1971), С.Қожықов (1972), Ә.Хайдаров (1974), С.Романов, А.Степанов, Б.Толекөв (1976), Т.Досмағанбетов (1980), А.Дячкин, Е.Мергенев, Ш.Ниязбеков, У.Рахманов, Ж.Шарденов, А.Школьный, У.Әжиев, А.Дроздов (1985), С.Айтбаев, А.Гурьев, Қ.Зәкіров, И.Исабаев, Б.Табиев (1988), М.Қалымов, Б.Пак, Т.Тоғысбаев (1989). құрметті атақтары мына суретшілерге берілген.

Қазақ бейнелеу өнерінде осындай тарихи, тұрмыстық, әскери, анималистік және графика, кескіндеме шығармаларының кейбірі натюрморт, пейзаж жанрларында еңбек еткен қазақ қылқалам шеберлерінің туындыларындағы түрлі көріністердегі ұлттық дүниелер мектеп оқушыларының көркем танымдық қызығушылығын арттыруда және мәдени мұраларымызды бағалауларына, ұлықтауда, көркем эстетикалық тәрбие мен білім беруде тигізер септігі өте көп деп білеміз.

1 Ұзақбаева С. Тәрбиенің қайнар көзі // Қазақстан жоғары мектебі, - №1, 1996, - Б. 84-89.

2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – А.: Білім, 1998, - 90 б. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Егемен Қазақстан, №39, 19 ақпан 2005 жыл.

3 Тұжырымдама этнокультурного образования. - А., 1996. - 99.

4 Антология педагогической мысли Узбекистана. - М.: Педагогика, 1986. – 320 с.

5 Нерсиян Л.С. Изобразительное искусство в систему художественного образования и эстетического воспитания школьников (на материале армянского изобразительного искусства): дис. ...д-р пед наук: МПГУ им., Ленина, 1992. – 417 с.

6 Нурланова К.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа. - А.: Наука, 1987. – 199 с.

7 Қалыбекова А.А. Роль психолого- педагогических дисциплин в формировании профессиональной готовности будущего учителя музыки и эстетическому восприятию школьников: дис. ...д-р пед. Наук: 1994 – 300 с.

8 Ералин К.Е. Изобразительное искусство Казахстана в системе художественно- профессиональной подготовки будущих учителей изобразительного искусства и художественного труда в педагогических институтах: дис... д-р пед наук: 05930000306. - М., 1992. – 312.

9 Шнибекова Ә.И. Использование средства и искусства и литературы в индивидуализированной работе с трудными подростками: автореф...канд.пед.наук: 07.12.67. - А., 1967. – 48 с. К.Әмірғазиннің 51 Әмірғазин К Практикум в учебных мастерских учебное пособие. - М.: Просвещение, 1986. – 191 с.

10 Балтабаев М.Х. Основы музыкально-эстетического воспитания учащейся молодежи средствами казахской традиционной художественной культуры. автореф. дис. Д-р пед наук: 0594 РК 00142. - Алматы, 1994. – 72 с.

11 Асылханов Е.С. Научно-методическое обоснование обучения изобразительному искусству и развитие творческих способностей учащихся школ и студентов в художественно-педагогических учебных заведениях Казахстана: дис.. д-р пед. Наук: 05200201138 МГПУ, 2002. – 474 с.

**Резюме.** Развитие художественного образования и смог начать формирование нашей прошлой истории. Искусство и жить вместе с людьми. Развитие искусства, истории людей, тесно связана с изменениями в обществе. То, что в истории населения, народное искусство можно увидеть, что значение музыки с раннего возраста ребенка. Как люди казахского искусства в начале поколения полос, искусства немедленного внимания воспитанию ребенка. Книга, кино, театр, живопись, общение с людьми помогают осмыслить жизнь, воспринимать окружающую нас среду в полном объеме. Такое осмысление необходимо каждому человеку современного общества.

**Ключевые слова:** искусство, образование, воспитание

**Summary.** The development of art education and was able to start the formation of our past history. Art and live together with the people. The development of the art, the history of people, closely related to the changes in society. What in the History of the population, folk art can be seen that the value of the music from an early age of the child. As well as the people of Kazakh art in the early generation of bands, art immediate attention to the upbringing of the child. Books, movies, theater, painting, communication are helping to understand life environment. Such thinking is necessary for everyone in modern society. The Art promotes forming the process of judgment.

**Keywords:** art, education and upbringing



## ОҚУШЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА СӘНДІК-ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

**К.К. Келденова** – шығармашылық мамандықтар кафедрасының аға оқытушысы

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері өзінің тәрбиелік мүмкіндіктерін бүгін де жоғалтқан жоқ, керісінше, заман талабына қарай, оның көкейкестілігі бұрынғысынан да артып отыр. Біздің пайымдауымызша, бейнелеу өнері бағдарламаларына қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін көбірек ендіріп, оның өзіндік ерекшеліктерімен, мазмұнымен, балалар мен жеткіншектердің мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндіктерімен, оларды жасау технологиясымен оқушыларды таныстыру орынды болады.

**Кілттік сөздер:** ұлттық мәдениет, сәндік-қолданбалы өнер, оқушы

Ұлттық өнердің ең басты және ең негізгі ерекшелігі – оның таңғажайып қайталанбас әртүрлілігі. Әр ұлт өз мәдениетінің ерекшелігін дамыта отырып, мәдени өмірінің формаларын ұйымдастыра отырып, басқаларға еліктеушіліктен, оларды қайталаудан аулақ болуға тырысады. Барлық кез-келген жеке ерекшеліктер сияқты, ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігі әлемдік цивилизацияда өзінің болашақ орны бар екеніне нық сене отырып, жалпы ұлттық дамумен қатар дамиды.

Барлық ұлттық мәдениетте жан-дүниесінің ашылуы мен өзін табуда, өз тарихы, әлемдік көзқарасы, сонымен бірге өз нәтижесі бар. Қазіргі кезде барлық халық өз болашағын ұлттық мәдениетпен тығыз байланыстырады. Әрбір ұлттық мәдениет азамат бүкіл әлем алдында өз ерекшелігін дәлелдей білуі керек. «Мәдениет» әлеуметті-философиялық білімнің іргелі категориясының бірі болып табылады, оның ғылымда әлі де болса, нақты белгіленген теориялық статусы жоқ екені белгілі.

Әдебиеттерге жасаған талдау, мәдениеттануда зерттеудің екі бағыты қарастырылатынын көрсетеді: қоғамдық (әлеуметтік) мәдениет және тұлғалық мәдениет. Бірінші бағыттың өкілдері, мәдениеттің бейімділік функциясына яғни қоғамның өзін-өзі сақтауы мен дамуына аса назар аударады. Екінші бағыттың өкілдері мәдениеттің тұлғалық саласын зерттейді, адамға қарым-қатынас және іс-әрекет субъектісі ретінде, әрі оның шығармашылық белсенділігі мен өзіндік жетілуіне зейін аударады, мәдениетті тұлғаның өздігінен дамудағы тәсілі ретінде анықтайды. Бұл бағыттар әртүрлі мәдениет иеленуші субъектілерінің мәдени процестерін өзара толықтырады және өзіндік ерекшеліктерін мазмұндайды.

Мәдениет адамның іс-әрекетінің нәтижелері мен тәсілдерінің өзара байланыстылығымен сипатталады. Екінші жағынан, іс-әрекет өзінің барлық түрлері мен формаларында адамның мәдениетті жасау процесін, пайдаланылып жүрген мәдениет формаларын меңгеруін және жаңадан жасауын көрсетеді.

Мәдениет, өз кезегінде аса бір жалпылама формада табиғаттың заңдарына, қоғамның сұранысына және қоғамдық өмір әрекеттерінің мақсаттарына сәйкес әлемді түрлердірудегі іс-әрекеттің қабілеті болып табылады. Мәдениет адамның материалдық-заттық, технологиялық, танымдық және т.б. дүниені меңгерудегі тәсілдердің көпжақтылығын көрсетеді. Ол жоғарыда аталғандармен шектеле қоймайды және жалпылама түрде тәжірибе барысында қалыптасқан және адамның табиғатқа тарихи дамыған көзқарасы, адамның өзіне деген көзқарасының өзгеруі ретінде сипатталуы мүмкін.

Мәдениетті оқып үйренудің негізгі бағыттары (философиялық, антропологиялық, әлеуметтік, интегративтік) мен оқушылардың мәдени ой-өрісін кеңейтудің негізгі бағыттарын (отбасы, орта, мектеп) жүйеге келтіріп, мән-мағынасын ашып көрсетеміз. Мәдениеттің құрамынан технологиялық мәдениетті адамның қоршаған ортаны түрлендірудегі және өзін-өзі түрлендірудегі байланысы ретінде бөліп қарастырамыз.

Адам балалық шақтан бастап қазіргі қоғамның мәдениетінің даму деңгейін көрсететін нақты білімді, іс-әрекет тәсілдерін меңгере бастайды. Мәдениетті балалық шақта қалыптастыру айналадағы адамдарға еліктеуге негізделеді. Мектепке келісімен, бала мәдениеттің әртүрлі компоненттерін меңгеруде және қолдануда саналы түрде меңгеріп алуды және белсенділікті талап ететін ортаға түседі. Л.С. Выготскийдің [1] мәдени-тарихи теориясына сәйкес адам онтогенезінде сензитивті кезеңдер болады, осы кезеңде баланың бойында белгілі қасиеттерді қалыптастыру қажет етіледі, егер осы кезеңде қажетті қасиеттер мен сананы бала бойында қалыптастырмаса, онда оны соңында қалыптастыру қиынға соғады, кей жағдайда тіпті оны қалыптастыру мүмкін болмайды. Осыған орай мектептегі білім алу кезеңі тұлғаның мәдениетінің негізін құрайтын, тұлғаның адамгершілік қасиеттерін, ойлау логикасын, жалпы еңбектегі іскерлігі мен дағдысын дамытуда аса пайдалы кезең болып саналады. Мектеп бітірушінің мәдениетінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектепте алған білімінің негізіне байланысты деп сенімді түрде айтуға болады.

Мектепте бала бейнелеу өнері сабақтарында мәдениеттің әртүрлі компоненттерін қалыптастыруда

сәндік-қолданбалы өнер сабақтарының алатын орны зор. «Сәндік-қолданбалы өнер» ұғымы ХХ ғасырдың екінші жартысындағы алпысыншы жылдардың ортасында пайда болды. Бұған дейін ол халықтың қарапайым түсінігінде, «көлөнер» ұғымының аясында қабылданып, пайдаланылып келді. «Сәндік-қолданбалы өнер», «көлөнерінің» өңделіп жетілген формасы іспеттес болғандықтан, екеуін бір-бірінен бөлектеп қарауға болмайды, керісінше, олар бірін-бірі мазмұндық тұрғыда толықтыра түседі. Оны «қол өнер», «сәндік-қолданбалы өнер» ұғымдарына берілген анықтама-түсініктер дәлелдейді. Біз ғылыми еңбектерде осы ұғымдарға берілген анықтамаларды жүйеге келтіреміз және сәндік қолданбалы өнер, өзінің бастауын көлөнерден алады, көлөнер туындыларының ою-өрнекпен әшекейленуі, сәндік-қолданбалы өнердің пайда болуына себеп болады, деп ой түйіндейміз.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің бұл түрлерінің өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері, әшекейлік ою-өрнектері бар. Ою-өрнек латынның ornament - әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан. Оған көптеген ғалымдар (С.В. Иванов [2], К.Е. Ибраева [3], К.К. Ералин [4], Ж.Балкенов [5] және т.б.) өздерінің анықтамаларын берген. Олардың бірі «Ою-өрнекті үйлесімділік өнер десе, екінші – символдар байланысы, үшіншісі бейнелеу өнерінің өте ертеден келе жатқан түрі, төртіншісі – адамға қажетті тұрмыстық идеяларды шартты символикалық пішінде суреттейтін бейнелеу өнерінің айрықша түрі, бесіншісі қазақ ою-өрнегі көркем бұйымдарды әшекейлеудің ең басты көркемдік элементі, тағы бірі қазақтың өрнегі – қазақ халқының мәдени жетістіктерінің негізгі бөлігі және заңды жалғасы деп түсіндіреді.

Солардың ішінде «ою-өрнек» ұғымдық мәнін С.Қасиманов, Ұ.Әбдіғапбарова толық ашып көрсетті десе болады. Егер С.Қасиманов: «... «ою» деген сөз бен «өрнек» деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау, немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де «ою» дейді. Ал «өрнек» дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан, көбінесе «ою-өрнек» қосарланып айтыла береді» [6] - десе, Ұ.Әбдіғапбарова: «қазақ ұлттық ою-өрнегі дегеніміз, адам өміріне қажетті заттарды, бұйымдарды, архитектуралық құрылыстарды сәндеуде, халықтың тыныс-тіршілігін, қоршаған ортаға көзқарасын, одан алған эмоционалдық-эстетикалық әсерін және ой-арманын, тілек-мүддесін әсем талғаммен өзара үйлесімділікте бейнелі жеткізуге ықпал ететін нақыштар» - деп ой тұжырымдайды. Екі түсінік те бір-біріне қайшы келмейді, керісінше, бірін-бірі толықтыра түседі, ою-өрнек ұғымынан толық мағлұмат алуға көмектеседі.

Әрине, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарының әрбір тобын өз кезегінде көркем кәсібіне қарай бөлуге де болады, өйткені әрбір кәсіптің өзінің өрнегі, түр-түс үйлесімі, жасау әдісі және бұйымды әрлеу мен басқа да ерекше белгілері болады. Жіктеме бізге сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің мектеп оқушыларының көркемдік-эстетикалық, конструкторлық, ақпараттық, технологиялық өңдеу, кәсіпкерлік, экологиялық, экономикалық, шығармашылық, тәрбиелік мәдениетін кешенді түрде қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтауға көмектесті.

Мысалы, қазақ халқы киіз, текемет, сырмақ, түс киіз және т.б. бұйымдарға ою, өрнек түстерін орналастырғанда өзіндік ережеге сүйенген, олардың бояуын белгілеуде үлкен жауапкершілікпен, талғаммен қараған.

Сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің технологиясын меңгертуде қазақ халқы нақты қағидаларды (еңбек түрлеріне баланы жастан баулу, оларға сыйластық көзқарасты қалыптастыру, еңбек түрлерін біріндеп күрделендіріп отыру ұжыммен бірлесе отырып еңбек етуге баулу және т.б.), педагогикалық принциптерді (халықтық, табиғилық, көрнекілік, түсініктілік, жүйелілік, бірізділік, жас және дара ерекшеліктерін ескеру, өмірмен байланыстылық және т.б.) тірек еткен. Әртүрлі әдіс-тәсілдерді (көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, тапсырма беру, жаттықтыру, сендіру, сенім арту, мақтау, мадақтау, марапаттау, түзеу, бағалау, қолдау, ынталандыру және т.б.) пайдаланған. Тәрбие құралдарының міндетін халықтың ауызекі шығармашылығы, салт-дәстүрлер, мерекелер, ұлттық ойындар және т.б. атқарған. Олар балалар мен жеткіншектердің логикалық ой-өрісінің, дүниетанымының, эстетикалық талғамының, адами асыл қасиеттерінің дамуына, рухани-мәдениетінің, технологиялық мәдениетінің қалыптасуына үлкен септігін тигізді, еңбек технологиясының ереже-талаптарын меңгеруге көмектесті.

Еңбекке оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны қазақ халық педагогикасы материалдарына, соның ішінде қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнеріне негізделуі қажет. Бұл біріншіден, халықтың сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің қағидаларын зерделеудегі сабақтастықты қамтамасыздандырады, екіншіден, әрбір сынып оқушылары үшін меңгерілетін сәндік-қолданбалы өнер түрлерін олардың күрделілігіне, жасалу технологиясына қарай, айқындауға, іс-әрекеттерде кездесетін жалпыламалық әдіс-тәсілдерді, білім, іскер-

ліктерді саралап көрсетуге, оларды еңбектің жаңа бағытында, бүгінгі күннің талабын ескере отырып жаңа технологияда пайдалануға мүмкіндік береді.

Сәндік-қолданбалы өнер түрлері мазмұнын сұрыптауда біз дидактикада қалыптасқан принциптермен бірге (жүйелілік, түсініктілік, көрнекілік, ғылымилық, саналылық, бірізділік, белсенділік) қазіргі теория мен практикада сирек пайдаланылатын, сәндік-қолданбалы өнер түрлері арқылы оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыруда тиімді нәтиже беретін жаңа принциптерге де (дамыту принципі, әлемдік бейненің тұтастық принципі, мәдениетке сәйкестілік принципі, технологиялық білім беру мазмұнының вариативті принципі, проблемалық принцип) аса мән береміз.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері түрлерін меңгерту процесінде оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді (сөздік, көрнекілік, аудиокөрнекілік, практикалық, салыстыру, теңестіру, ақпараттық, эвристикалық, қорытындылау, іздестіру және т.б.) пайдаланамыз.

Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру мақсатында қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін оқытуды ұйымдастыру: мұғалімді оқушылардың ақыл-ойы мен практикалық іс-әрекетін белсендендіретін және олардың жүзеге асуын қамтамасыздандыратын оқыту формаларына, әдістеріне бағдарлауға; оқушылардың қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін үйрену барысындағы іс-әрекетін ұйымдастыруда орындаушылық іс-әрекетінің шығармашылық ізденіспен ұласуына; қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін үйрету процесінде технологиялық мәдениеттің барлық компоненттерін дамытуға; оқушыларды қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерімен жұмыс жасауда мақсат қоя білуге, ақпарат алып, оған талдау бере білуге, жұмыс сапасының өлшемдерін анықтауға, техникалық құжаттарды жасауға қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды сұрыптауға, жоспарды құра білуге, технологиялық тапсырмаларды ұйымдастыруға және орындауға, іс-әрекет нәтижелерін бағыттап, бақылауға, өзіндік талдау мен өзіндік баға бере білуге үйретуде; қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерін жасау процесінде оқушылардың оған деген қызығушылығын, сұранысын арттыруға, онымен әсерленуіне; қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерін меңгеру барысындағы іскерлігі мен дағдысын мақсатты бірізділікте, кезеңдеп қалыптастыруға; мұғалім, оқушылар мен ата-аналардың ынтымақтастық қарым-қатынаста, ынтымақтастық шығармашылыққа жұмыс жасауына; мұғалімнің оқу материалдары мен қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерін оқыту әдістемесін ұдайы жаңартып, жетілдіріп отыруына ықпал етті.

1 Выготский Л.С. Психология искусства. – М., 1987.

2 Иванов С.В. Типы структуры урока (Вопросы советской дидактики. – М.: Изд-во АПН РСФСР, 1952.

3 Ибраева К.Т. Казахский орнамент. - Алматы: Онер, 1991.

4 Ералин К. Изобразительное искусство Казахстана в системе художественно-профессиональной подготовки учителей изобразительного искусства и художественного труда в педагогических институтах. Автореф. докт. ...дис. - М., 5, 1992.

5 Балкенов Ж. Методическое руководство по изобразительной деятельности: Метод, руководство учителей начальных классов. - Алма-Ата: Мин. просвещения Каз. ССР. 1982.

6 Касиманов С.К. Қазақ халқының сәндік қолданбалы қолөнері. – Алматы, 1995.

**Резюме.** Казахский народ декоративно-прикладного искусства учебных возможностей сегодня не потеряли, с другой стороны, ногу, в зависимости от его значимости еще более возросла. Мы считаем, что искусство казахского декоративно-прикладного искусства программ по внедрению более его черты, содержание и культуры детей и подростков в формировании их технологии было бы целесообразно, чтобы познакомить студентов с возможностями.

**Ключевые слова:** национальная культура, декоративно-прикладное искусство, студенты

**Summary.** Kazakh people of decorative and applied arts of the educational opportunities of today is not lost, on the other hand, a foot, depending on its relevance has increased even more. We believe that the art of the Kazakh decorative and applied arts programs to introduce more of its features, content, and culture of children and adolescents in the formation of their technology would be appropriate to introduce students to the possibilities.

**Key words:** national culture, decorative and applied arts, students

## РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

**Б.Б. Жақыпақынов** – әскери ғылымдардың докторы, доцент,  
**Қ.Ә. Құлатаев** – Абай атындағы ҚазҰПУ БӘД теориясы мен әдістемесі кафедрасының  
аға оқытушысы, подполковник

Жалпы білім беретін, кәсіптік және жоғары мектепті одан әрі дамыту әскери-патриоттық тәрбие жағдайын сын көзбен ой елегінен өткізіп, бағдарламалар мен жоспарларға қажетті өзгерістер енгізуді талап етуде. Басым мақсатқа қол жеткізу үшін білім мазмұны мен оқу-тәрбие үрдісін қайта құру, оны интеграциялау мен дараландыру керек. Қазіргі жағдай оқыту мен тәрбиелеуде тұлғаның дамуына, оның Ел қорғауға дайындығына әсер ететін факторлардың рөлін күшейтуді қажет етуде.

Білім беруді гуманизациялау үрдісі жаңаша педагогикалық ойлауды және мектепті басқарудың жаңа мәнерін толығырақ пайдаланудың негізінде тұлғаның патриотизмін дамытуға бағытталған. Мектеп өміріндегі бұл бағыттар тұлғаны қалыптастырудың тұтас үрдісінің құрамдас бөлігі болып табылатын әскери патриоттық тәрбие практикасында көрініс таппай қоймайды.

Қазіргі ақпараттық заманда байлықтың көзі материалдық дүниеде емес, адамда, оның білімінде, мәдениетінде. Мақалада әскери-патриоттық тәрбие руханилық, адамгершілік тұрғыда қарастырылады. Бұл зорлықсыз әлемге апарар жолда жаңаша саяси ойлаудың қажеттілігінен туындайды

**Кілттік сөздер:** адам, тұлға, патриотизм, рухани-адамгершілік тәрбие; әскери-патриоттық тәрбиенің, Ел қорғаушы

*Шынайы құндылықтарға ілесетін адам-шынайы патриот.  
Бұл - адалдық, абырой, асылдық, дәстүрлерге беріктік,  
Отанға деген махаббат және оның гүлденуіне жұмыс істеу ынтасы.  
Н.Ә. Назарбаев*

Адам – ізгі қасиеттерді өз бойына жинақтаған ерекше ардақты жаратылыс. Жалпы ғаламдық өзгерістердің шешуші факторы – Адам. Адам баласы рухани және материалдық әлем арасында өмір сүріп, ұлттың, жанұяның, ұжымның мүшесі ретінде ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрініс тауып, қоғамда өз орнын табуға ұмтылады. Әрбір адам - жеке тұлға. Адам тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігін көрсету үшін ұзақ тәрбие жолдарынан өтеді. Қоршаған орта - отбасы, аула, мектеп, жұмыс орындары, адамның рухани білім алуын, дүниеге көзқарастарын, өзін-өзі тануын, арман-мақсат қоя білуін, өмір сүру мәнісін жете түсінуін қамтамасыз етіп, мінез-құлқы мен рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады.

Адамдарға өз өміріне қанағаттану үшін тек тойынған тіршілік (материалдық дүние) жеткіліксіз, одан адам өзін «толық адам» деп сезінбейді. Өзін «толық адам» деңгейіне көтеру үшін оған биологиялық қажеттіліктерден жоғары жатқан рухани құндылықтар ауадай қажет. Қазіргі өтпелі реформалар заманында отандастарымыздың рухани кемелденуі, былайша айтқанда, олардың имандылығы - күн тәртібінде бірінші тұрған мәселе. Сондықтан, қиын-қыстау кезеңдерде рухани мұқтаждықтарды күте тұру керек, «бірінші экономика...» дейтін көзқарастар түбірінен жалған. Әсіресе, әскери салада тығырықтардың, соның ішінде тіршілік және қызмет қиындықтары жиі кездесетіні бәрімізге белгілі. Осындай экстремалды жағдайлардан ең алдымен рухани жігер, рухани құндылықтар ғана алып шыға алады. Әскери техника қанша жетілсе, әскери қызметші де сонша рухани кемелденуі тиіс. Қарудың мықты болуы, сан жағынан басым болу жеңістің басты шарты деп тұжырым жасауға болмайды. Сөзіміз дәлелді болу үшін Батыр Б.Момышұлының еңбектеріне үңілген жөн. Халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеудегі, жан жарасын жазудағы өнер мен әдебиеттің, музыка мен көркемөнердің құдіретті күштерін, олардың өмір үшін күресте рухани күшті құралы болғанын соғыс эпизодтарынан нақты мысалдар келтіре отырып, рухы мықты халықтың ешқашан да жаудан жеңілмейтіне басты назар аударған [1, 55-77 б.].

Мұнда, рухани құндылық деп отырғанымыз – тәрбие мен ілім, яғни жақсы мінез-құлық пен пайдалы білім. Сол білімге сай амал ету – рухани жетілгеннің белгісі. Атақты педагог В.А. Сухомлинский рухани-адамгершілік тәрбие мәселесіндегі білім мен іс-әрекеттің бірлігі бойынша былай деген: «Адам білім арқылы жұмыс істеуге үйренуі – рухани-адамгершіліктің ең жоғарғы мұраты» [2, 12 б.].

Қазақ даласының ұлы ойшылы, ғұлама ғалым, философ әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі» - деген. Батылдық - патриот-әскери қызметші бойындағы қажетті адами қасиет, ал шектен тыс

батылдық қасиетке, ал, батылдықтың жетіспеуі әскери қызметшіге жат қорқақтыққа соқтырады. Сондықтан бұл қасиеттің жағдайға сай көрініс табуын ішкі қозғағыштар мен тежегіштер, яғни жүрек қалауы реттейді. Бұдан «қайда жүрсең де, қандай іске аралассаң да өзінді тізгіндеп ұстау керек» деген тұжырым туындайды. Патриот деген ардақты атқа қоянның қорқақтығы да, қасқырдың қатыгездігі де жараспайды.

Философиялық сөздікте «патриотизм (грекше *patris* – отан) - адамгершілік және саяси принцип, әлеуметтік сезім, оның мазмұны - Отанға сүйіспеншілік, оған адалдық, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаншы, Отан мүддесін қорғауға құлшыныс. Патриотизм – адамның мындаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Туған жерге, тілге, салт дәстүрлерге адал болып, олардан қол үзбеу түрінде патриотизмнің тарихи элементтері көне заманда-ақ қалыптаса бастаған» - деп тұжырымдайды [3, 220 б.].

Әл-Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактатында» білімділік, тәрбиелілік – адамның рухани жан дүниесінің, адамгершілігінің белгісі болып табылатындығын айта келе: «Жүрек – басты мүше, оны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді, бұдан кейін ми келеді, бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», - деп, жүрекке басты назар аударады [4, 53 б.]. Осыған орай «Ерлік білектен емес, жүректен», - деп Б.Момышұлы бекер айтпаған. Осы жерде батыр атамыз туралы қысқаша баяндауды жөн көрдік. Халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, КСРО батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Б.Момышұлы атамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше.

Саналы өмірін әскер қатарында өткізген Бауыржан Момышұлы өмірінің соңына дейін әскери-патриоттық тақырыптарға шығармалар жазды. Біз оның шығармашылығы әскери-патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі екенін байқаймыз. «Жеңіс кілті Отан сүюшілікте. Ол солдатқа жөргекте жатқаннан бастап үйретілуі, қанына кіріп, сіңісуі тиіс. Дәстүр-тәрбиенің басты қайнары. Ал дәстүр ұлттық тәрбиеден өзекті орын алады. Отан сүюшілік, ұлтын сүюшілікті ұлттық дәстүрмен жалғастырып, солдатқа саналы түрде сіңіру керек» - деген ол артына өшпес өнеге, ерлікке, патриоттық, сезімге толы бірнеше кітаптарын: «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), «Куба әсерлері» (1969) «Жоңарқа» екі томдық шығармалар жинағы (1969), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990, 1991), «Ұшқан ұя» кітабын қалдырды. Ал, «Ұшқан ұя» кітабы үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағына ие болған.

Сондай-ақ, батыр Бауыржан атамыз «Үлкенді ізетте, кішіні күзетте көр», «Отан үшін отқа түс, күймей-сін», «Отанда опасызға орын жоқ», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тік тұрып өлген артық» деп артында қарақылды қақ жаратындай нақыл сөздер қалдырған.

Әскери қызметшілердің көпшілігі ер кісілер. Ерлердің, яғни отанқорғаушылардың, тәрбиесінде олардың сабырлылық пен ақылдылық қасиетерін дамыту ерекше орын алады. Аса көрнекті ойшыл-философ Ж.Баласағұнның пікірінше «антына адал, уәдесіне берік, адамгершілігі мол адамды ғана ер кісі» деуге болады. Байсалдылық пен сабырлылық ақылдың «үйі». Ақыл біліммен келетінін ескерсек, әскери қызметші, ең бірінші, надандықтан арылуға үнемі ұмтылыста болуы тиіс. Сонда ғана оның өзіндік ой-пікірі, өзіндік мақсаты, өзіндік шешім қабылдағыштығы туындайды [5, 77-85 б.].

Адамға ақыл не үшін керек? Адам ақыл-парасатымен сезім дүниесін билеп, басқаруы тиіс, яғни әскери қызметші жақсы көңіл-күйде болуға тырысқаны жөн. Оның жағымсыз көңіл-күйінен әскери ұжымның басқа мүшелері зардап шекпеуі тиіс. «Ит ызасын тырнадан алады» деген сияқты қылықтар көрсету оның қызметіндегі мүлдем жат нәрсе. Бұдан жасайтын қорытынды: делсалдық, бейқамдық, көңілсіздік әскери қызметшіге жараспайды. Ж.Баласағұнның пікірінше адам шынайы рухани-адамгершілік мінез-құлыққа қол жеткізеді, егер оның ақыл-ойы мен сезімі үйлесім тапса. Сонда ғана адам қарым-қатынас барысында өзін-өзі ұстай біледі және әр істе әділдік танытады [5, 93-122 б.].

Жоғарыда баяндалғанды Абайдың мына бір нақыл сөздері де растай түседі: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» – немесе «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» [6, 42 б.].

Қазақтың тұңғыш этнограф ғалымы Шоқан Уәлиханов рухани-адамгершілік тәрбиеге баса назар аудара отырып, қараңғылық пен надандыққа, діни фанатизмге қарсы болған. Ол басты рухани-адамгершілік құндылықтарға «намысты», «әділдікті», «парызды» жатқызып, осыны қарапайым халықтың санасына сіңдіруге ат салысты. Шоқан Уәлиханов «Қазақ халқының қозғаушы күші – оның ұлттық намысы», - деп дәл айтқан [7, 33 б.].

Қазақ халқының белгілі ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің рухани-адамгершілік тәрбиеге байланысты алатын орны ерекше. Ы.Алтынсарин қазақ халқын надандықтан құтқаруға үлкен үлес қосып, қазірге дейін жалғасын тауып келе жатқан халық ағарту ісінің рухани-имандылық негіздерін қалады. Ол өзінің ұстаздық, жазушылық, аудармашылық жұмыстарында әрі әдіснама, әрі әдістеме жағынан жастарға

дұрыс тәрбие беру мәселесін көтерген. Оның еңбектері оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын – елін сүюшілік, жігерлік, ізденімпаздық, кішіпейілділік, қайырымдылық, адамгершілік, жинақылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеу мәселелерін қамтиды [8,14-25 б.].

Ал, кемеңгер Абай атамыз өзінің 19-қара сөзінде жастарды адамгершілікке баулып, оларды «ақ» пен «қараны» ажырата білуге шақырады: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады...», - деп жазады [6, 53 б.].

Абай жастарға:

*«Пайда ойлама, ар ойла,*

*Талап қыл артық білуге»,* - деп, оларды надандықтан арылтуға тырысып:

*«Талап, еңбек, терең ой,*

*Қанағат, рахым, ойлап қой*

*Бес асыл іс көнсеңіз»,* - деп, жас ұрпақты адамгершілік құндылықтарын игеруге насихаттайды.

Жас ұрпаққа рухани және әскери патриоттық тәрбие мен білім беру адам дамуының тәндік, жандық, рухани үйлесімділігін, яғни денсаулықты, қоршаған ортамен қарым-қатынаста туындайтын сезімдерді, оқыған-тоқыған білім-біліктілікті құндылық деп тануын, өзінің жаратылыстағы алатын орнын, ғаламдағы, соның ішінде жердегі, бейбітшілікті сақтау үшін өзінің жауапкершілігін түсінуді қамтамасыз етеді. Адалдық, әділдік, сыпайылық, білімділік, өзара сыйластық – осының бәрі отанқорғаушының рухани-адамгершілігі болып табылады.

«Бөбек» қорының президенті С.А. Назарбаева «Өзін-өзі тану» атты әдістемелік оқу құралында: «Рухани-адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сезім, кеңпейілдік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды, сондай-ақ кішіпейілдік, адалдық, шыншылдық та рухани-адамгершілікке жатады... Рухани-адамгершілік қоғамдық қатынастардың дамуы мен тарихи-мәдени, рухани қажеттіліктердің нәтижесі, рухани-адамгершілік туа біткен қасиет емес. Рухани-адамгершілік принциптері бірлікте өмір сүру, бақытқа талпыну, мүдделерді үйлестіру мен ұжым болып жұмылудың, жоқ-жітік пен ауру-кемтарға, бала мен кәріге жәрдемдесудің қажеттігін сезіну мен мойындау сияқты факторлар негізінде қалыптасады», - дейді [9, 23 б.].

Кез-келген халықтың мәдениетін, ана тілін, әдет-ғұрпын сақтауға ұмтылуы табиғи нәрсе. Өйткені олар - ғасырлар бойы атадан балаға беріліп келе жатқан аманат. «Аманатқа қиянат жоқ» деген сөз - өмір тұрақтылығының, тіршіліктің сақталуының басты шарттарының бірі. «Малым жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы» деген ата-бабамыздан қалған сөз бар. Тән байлығы денсаулық, жан байлығы сұлулық, рухани байлық білім екенін ескерсек, осы үшеуін жүдетпей, құндылықтарды бойға сіңіруге ұмтылу, тіршіліктің алтын дінгегі болған адам деген атқа сай болу – парыз. Отанқорғаушыға қойылатын басты талап – ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, білімді азамат болып шығу. Өйткені қорғаушы қорғалатыннан өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен артық болуы тиіс. Сондықтан да халқымыз батырларын пір тұтқан.

Сонымен, рухани-адамгершілік тәрбиенің маңыздылығын дәлелдей келе мынандай пайымға келдік: руханилық (имандалық) жалпы адам тұлғасының тұтастай дамуында барлық басқа тәрбиелердің (еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесі, әскери-патриоттық, эстетикалық, экологиялық, экономикалық, құқықтық т.б. тәрбие) табиғи өзегі, іргетасы болып табылады. Рухани-адамгершілік тәрбие адами құндылықтарға игеруге негізделген. Мұндай құндылықтарға Адам, Отбасы, Жер, Ұлт, Тіл, Отан, Білім, Еңбек, Бейбітшілік т.б. жатады. Қазіргі әр жерде болып жатқан қан төгістер осы құндылықтарды кейбіреуін мойындамаудан туындауда. Жаһандану деген атты жамылып, бір мемлекет екінші мемлекетке үстемдік жүргізуде, табиғи байлығына көз алартып, өз мәдениетін, тілін басқаларға таққысы келеді. Бүгінгі таңда аталған құндылықтарды сақтау, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу барлық адамзаттың парызы ретінде оқу орындарындағы барлық тәрбие салаларының нысанына айналып отыр.

Қазіргі ақпараттық заманда байлықтың көзі материалдық дүниеде емес, адамда, оның білімінде, тәрбиесінде. Өзімізге тарихтан белгілі болғандай, қарулы қақтығыстар негізінен осы материалдық активтер үшін болғаны белгілі. Жаңа заман жағдайы басқаша. Халықаралық қарым-қатынастардың кең өріс алуы, жер бетінде бейбітшілікті сақтау, қарусыздану үрдісінің күн тәртібіндегі маңыздылығы жанаша саяси ойлау мен қоғамды қайта құрудың тікелей нәтижесі болып табылады. Жаңаша ойлау конфронтациялық тұрғыларды демонстрациялау, демократиялық, ядролық қарусыз, зорлықсыз әлемге апарар жолда сенімсіздікті, күдіктілік қастықты, өшпенділікті жою қажеттігінен туындайды.

